Kcell 5G

Дәстүр құндылығы ИННОВАЦИЯ ҚУАТЫ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

2025

МАЗМҰНЫ

Қосымша ақпарат
сілтемесін алу үшін
QR кодын сканерлеңіз

Компанияның бейіні 3
Негізгі көрсеткіштер 4
Есепті жылдың негізгі оқиғалары 5
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі 6
Басқарма Төрағасының үндеуі 7

I бөлім. Компания туралы 9
Жалпы ақпарат 10
Компанияның тарихы 11
Қызмет географиясы 14

II бөлім. Корпоративтік стратегия 15
Миссия және саладағы орнына көзқарас 16
Біздің корпоративтік құндылықтар мен басымдықтар 16
Компанияның бизнес-үлгісі 17
Компанияның даму келешегін бағалау (SWOT-талдау) 18
Стратегиялық мақсаттар мен міндеттер 19
Желіні оңтайландыру және жаңа технологияларды енгізу 20
Компанияның 2026 жылға арналған басымдықтары 20

III бөлім. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі 21
Макроэкономикалық жағдайлар 22
Телекоммуникация саласының жағдайы 23
Ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар саласы дамуының жаһандық үрдістері 23
Қазақстанның телекоммуникация саласы 25
Компанияның операциялық қызметі 27
Компанияның нарықтағы үлесі 27
Негізгі операциялық көрсеткіштер 27
Желілерді дамыту 28
B2C сегментін дамыту 28
Мобильді қаржылық сервистер 30
B2B сегментін дамыту 30
Қаржылық нәтижелер 31
Салық салу 33
Сатып алу іс-тәжірибесі 33

IV бөлім. Тұрақты дамуды басқару 34
Компанияның ағымдағы ESG-бейіні 35
Компанияның тұрақты даму саласындағы стратегиялық басымдықтары 39
БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына жетуге Компанияның қосқан үлесі 39

V бөлім. Корпоративтік басқару 41
Корпоративтік басқару жүйесі 42
Акционерлік капитал 43
Акционерлердің құқықтары 43
Дивидендтер төлеу 44
Басқару органдары 44
Акционерлердің жалпы жиналысы 44
Директорлар кеңесі 45
Директорлар кеңесіне тағайындау қағидаттары 46
Директорлар кеңесінің құрамы 46
Керейбаев Дәурен Жұмағалиұлы 49
Директорлар кеңесі мүшелерінің қызмет нәтижелерін бағалау 49
Директорлар кеңесінің есепті жылдағы қызметі 49
Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер 50
Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің құрамы 50
Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің қызметі 51
Басқарма 52
Басқарма құрамы 52
Сыйақылар туралы ақпарат 55
Заңнама талаптарын сақтау 55
Комплаенс-бақылау 56
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл 57
Мүдделер қақтығысын басқару 59
Байланысты тараптармен мәмілелер 59
Ішкі аудит 60
Сыртқы аудит 60

VI бөлім. Тәуекелдерді басқару 61
Тәуекелдерді басқару жүйесі 62
2025 жылғы тәуекелдер картасы 62
2025 жылғы негізгі тәуекелдер 63
Ішкі бақылау жүйесі 64
Бизнес үздіксіздігі менеджменті 64

VII бөлім. Персоналды басқару 65
Кадр саясаты және еңбек қатынастарының іс-тәжірибесі 66
Персоналдың құрамы 68
Персоналдың еңбегіне ақы төлеу, оны бағалау және ынталандыру 69
Қызметкерлерді әлеуметтік қорғау 70
Персоналды дамыту 72
Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау 73

VIII бөлім. Экологиялық жауапкершілік 74
Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат 75
Суды тұтыну 75
Ресурстарды тұтыну 76
Парниктік газдар мен ластаушы заттардың атмосфераға шығарындылары 76
Қалдықтарды басқару 77

IX бөлім. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік 78
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл 79
Ақпаратты ашу 79
Ақпараттық қауіпсіздік және клиенттердің құпия деректерін қорғау 80
Клиенттерді алаяқтықтан қорғау 81
Әлеуметтік жауапкершілік және қайырымдылық 81

Kcell 5G

X бөлім. Қосымшалар 82
1-қосымша. Есеп туралы 83
2-қосымша. GRI сәйкестік индексі 84
3-қосымша. Тәуелсіз аудитордың қорытындысымен 2025 жылға арналған шоғырландырылған қаржылық есептілік 93
4-қосымша. Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп 98
Глоссарий 101
Байланыс ақпараты 103

КОМПАНИЯНЫҢ БЕЙІНІ

«Кселл» АҚ (бұдан әрі – Кселл, Компания) – клиенттеріне телекоммуникациялық қызметтер мен цифрлық сервистердің толық кешенін ұсынатын, Қазақстанның жетекші мобильді операторы. Компания нарықтың барлық негізгі сегменттерін қамтитын екі танымал Kcell және activ брендтерімен жұмыс істейді. «Кселл» АҚ қазақстандық телекоммуникациялық қызметтер нарығында басты үлесті иеленетін «Қазақтелеком» АҚ компаниялар тобына кіреді.

Kcell өнімдерінің портфеліне дауыстық байланыс, мобильді интернет, тіркелген сымсыз қол жеткізу технологиясы (FWA) негізіндегі үй интернетіне арналған шешімдер, сондай-ақ SuperApp Kcell/activ экожүйесіне біріктірілген цифрлық және қаржылық сервистер кіреді. Мобильді қосымша байланыс қызметтерін басқаруға, сервистерге қол жеткізуге және күнделікті пайдалану сценарийлеріне бағдарланған қосалқы функцияларды пайдалануға мүмкіндік бере отырып, абоненттерге бірыңғай цифрлық интерфейс болып қызмет етеді.

Компания корпоративтік клиенттер үшін жоғары технологиялық шешімдерді, оның ішінде Private LTE және Private 5G дамытуға ерекше назар аударады. Компания өнеркәсіптік, логистикалық және өндіруші кәсіпорындарға кешенді шешімдер ұсынады және өзін өнеркәсіпті толық аяқталған цифрландыру жеткізушісі ретінде көрсетеді.

Есепті жылы Kcell нарықтың жаппай және корпоративтік сегменттерінде өзінің бәсекелестік орнын күшейтті. 2025 жылы Компанияның абоненттік базасы 7,97 млн пайдаланушыдан 8,67 млн пайдаланушыға дейін өсті. Kcell ұялы желісінің аумақтық қамтуы Қазақстан халқының 86%-ын 4G байланысына қол жеткізумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Компания сондай-ақ бесінші буын технологияларын дәйекті түрде енгізуде: есепті жылдың соңында «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-мен консорциум шеңберінде Kcell өрістетіп жүрген 5G желісімен Қазақстан Республикасының 2 586 локациясында ел халқының жартысынан астамы, оның ішінде ірі қалалар, халық тығыз орналасқан аудандар және негізгі инфрақұрылымдық объектілер қамтылды.

«Кселл» АҚ акциялары Қазақстан қор биржасында (KASE) KCEL тикерімен айналыста жүр. 2025 жылы Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі Компанияның кредиттік рейтингін тұрақты болжаммен BB+ деңгейінде растады, бұл бизнес-үлгінің тұрақтылығын, қаржылық көрсеткіштердің болжамдылығын және тәуекелдерді басқарудың салмақты тәсілін көрсетеді. Kcell өз қызметін корпоративтік басқарудың, тұрақты дамудың және ақпараттық ашықтықтың үздік халықаралық іс-тәжірибелеріне, қор нарығының талаптарына және бизнесті жауапты жүргізу қағидаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі

01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

Компанияның абоненттік базасы,
кезең соңындағы мың абонент



5G құрылғыларының енуі,
құрылғылардың жалпы санынан %



Инвестициялар және күрделі салымдар, кезеңдегі млн теңге



Бір пайдаланушыға шаққандағы орташа айлық түсім (ARPU), айына теңге



Мобильді интернет-трафик,
кезеңдегі Пбайт



Пайда көрсеткіштері,
кезеңдегі млн теңге



Негізгі қызметтен кірістер,
кезеңдегі млн теңге



Табыстылық көрсеткіштері



ЕСЕПТІ ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

ҚАҢТАР

Kcell Buddy пилоттық жобасы басталды, оның шеңберінде компанияның тәжірибелі қызметкерлері жаңа қызметкерлерді бейімдеу процесінде көмекшілер рөлін атқарады.

АҚПАН

Елімізде алғаш рет ERG компаниясының «Шығыс» қимасында Private 5G өнеркәсіптік желісі іске қосылып, нақты уақыт режимінде жүкті өзі түсіретін пилотсыз машиналарды қашықтан және қауіпсіз басқару мүмкіндігін қамтамасыз ететін болды.

Акцияларды, өнімдерді және қызметтерді ұсыну үшін абонент бойынша өзгерістерге жедел ден қоюға мүмкіндік беретін жеке әзірлеме – Smart Event Processing 2.0 платформасы енгізілді.

НАУРЫЗ

«Отбасылық» тарифтік жоспарының шеңберінде коммуналдық қызметтерді және қоғамдық көлікте жол жүру ақысын мобильді теңгерімнен төлеу кезіндегі OGO бонустарының мөлшері ұлғайтылды (20% – коммуналдық қызметтер және 100% – жол жүру ақысы).

МАМЫР

Kcell Auleti ұсынған «Үш есе пайда» тарифтік жоспары іске қосылды, оның ішіне 4G/5G үй интернеті, ұялы байланыс, онлайн-теледидар, 4 онлайн-кинотеатрға қол жеткізу және Wi-Fi роутерін жалдау кіреді).

МАУСЫМ

Студенттерге арналған Kcell Summer Camp ақылы жазғы тағылымдамасы іске қосылды.

ШІЛДЕ

Veritas-пен бірлесіп ҚР аумағына кірмей, eSIM Kcell алу мүмкіндігін көздейтін e-Residency жобасы іске қосылды.

ТАМЫЗ

SuperApp Aitu мен «Кселл» АҚ стратегиялық серіктестігі басталды.

Human Capital Forum жыл сайынғы HR конкурсында Kcell «HR Team of the year» номинациясына ие болды.

ҚЫРКҮЙЕК

Компанияның корпоративтік клиенттеріне оның Big Data саласындағы қызметтері туралы ақпарат алуға болатын bigdata.kcell.kz порталы іске қосылды.

Абоненттерге алаяқтық нөмірлерден қоңырау шалу туралы ескерту алуға мүмкіндік беретін жаңа сервис ұсынылды;

Kcell Summer Camp 31 конкурсының қорытындысы бойынша 31 студент IT мен Big Data-дан бастап тәуекелдерді басқару мен киберқауіпсіздікке дейінгі 13 бағыт бойынша ақылы тағылымдамадан өтті.

ҚАЗАН

Kcell озық Lake House деректер сақтау және өңдеу архитектурасын өрістете бастады, ол DataWareHouse сенімділігі мен DataLake икемділігін біріктіреді.

ҚАРАША

Fitch Ratings тұрақты болжаммен «BB+» деңгейінде Kcell кредиттік рейтингін растады.

«Кселл» АҚ Қазақстан Республикасында 4G және 5G желілерін салу және жаңғырту жөніндегі инвестициялық жобаны қаржыландыру мақсатында «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-мен жалпы сомасы 141,1 млрд теңгеге кредиттік келісім жасасты. Өтеу мерзімі 2040 жылғы қарашадағы және жылдық 12,6% жеңілдікті пайыздық мөлшерлемесі бар 40 млрд теңге мөлшерінде қаражат тартылды.

Цифрлық ортада орынсыз контентті сүзгілеуді және балаларды қорғауды қамтамасыз ететін «Қауіпсіз интернет» қызметі іске қосылды;

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігімен халықтың медиа сауаттылығын дамытуға және өңірлік журналистиканы қолдауға бағытталған өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды;

Halyk bank-те Mastercard ұсынған World Elite және World Elite Imperial премиум карталарын ұстаушылар үшін 365 күнге арналған тегін роуминг-топтама іске қосылды;

Жасыл аймақтарды дамытуға және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған «Таза Қазақстан» науқанының аясында Қызылорда, Шымкент және Ақтау қалаларында 350 ағаш отырғызылды;

Шымкентте БАҚ жұмысына ЖИ құралдарын енгізуге арналған ҚР оңтүстік өңірлерінің журналистеріне тренинг өткізілді.

ЖЕЛТОҚСАН

«Кселл» АҚ ISO/IEC 27001:2022 (ақпараттық қауіпсіздікті басқару) және ISO 22301:2019 (бизнестің үздіксіздігін басқару) халықаралық стандарттары бойынша сертификаттаудан сәтті өтті;

activ мобильді байланысын және GPON технологиясы бойынша жылдам үй интернетін біріктіретін «Үйдегі activ» жаңа өнімі іске қосылды;

Kcell Winter Camp 2025 шеңберінде 30 студент ақылы тағылымдамадан өтті;

Ақтауда батыс өңірлердің журналистері үшін БАҚ-та ЖИ құралдарын қолдануға арналған тренинг өтті;

ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің жыл сайынғы акциясының қорытындысы бойынша «Кселл» АҚ 2025 жылдың үздік салық төлеушісі болып танылды.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі

01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

НЕУПОКОЕВ
Артур

«Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

GRI 2-22

Құрметті акционерлер, серіктестер және клиенттер!

2025 жылы «Кселл» АҚ белсенді инвестициялық бағдарламаны іске асыруды жалғастырды, оның нәтижелері қазірдің өзінде бизнесті масштабтау және нығайту кезеңіне көшті. Қорытындысы – Kcell инвестициялық белсенділік, қаржылық тәртіп және акционерлер алдындағы жауапкершілік арасындағы теңгерімді сақтай отырып, таңдалған траектория бойынша қозғалып келе жатқанын растайды.

Директорлар кеңесі жаңартылған Басқарманың стратегиясын жыл бойы дәйекті түрде қолдап жүрді және бүгінде бұл бағыт өзін ақтады деп сеніммен айтуға болады. Соңғы үш жылда алғаш рет Компания алға қойған мақсаттарын жүзеге асырып қана қоймай, орнықты операциялық және қаржылық нәтижелерін көрсете отырып, оларды асыра орындады. Күрделі шығындардың жоғары деңгейі аясында түсім мен EBITDA өсуі бизнестің тұрақтылығын төмендетпей, Kcell-дің оны масштабтауды тиімді басқаруға қабілеттілігін көрсетеді. Fitch Ratings тарапынан тұрақты болжаммен «BB+» кредиттік рейтингін растау, сондай-ақ халықаралық қаржы институттарымен ынтымақтастық бизнес-үлгі мен корпоративтік басқару сапасының маңызды сыртқы растауы болып отыр.

Директорлар кеңесі үшін 2025 жыл ұлттық ауқымдағы инфрақұрылымды қалыптастыру тұрғысынан қағидатты мәнге ие болды. Желіге инвестициялардың өсуі, 5G-ді жеделдетіп өрістету және өңірлерде қамтуды кеңейту Компанияның ұзақ мерзімді бәсекеге қабілетін нығайтуға ғана емес, сондай-ақ сұраныстың жаңа құрылымын қалыптастыруға бағытталған саналы стратегиялық шешімдер ретінде қаралды. 5G таралуы қазірдің өзінде байланыс қызметтерін тұтыну сипатын өзгертіп, деректерді неғұрлым қарқынды пайдалануды және күрделі цифрлық сервистерге тұрақты қызығушылықты ынталандырады, бұл бизнестің органикалық дамуына берік негіз жасайды.

Private LTE және Private 5G жобалары ерекше назар аударуға лайық. Өнеркәсіпке, логистикаға және өндіруші секторға арналған шешімдерді іске асыру Kcell-дің экономиканың негізгі салалары үшін сенімді инфрақұрылымдық серіктес болу және акционерлер үшін ұзақ мерзімді құндылық қалыптастыру қабілетін растайды.

Күрделеніп бара жатқан цифрлық орта жағдайында қауіпсіздік пен сенім мәселелерінің мәні арта түсуде. 2025 жылы Компания клиенттер мен деректерді қорғауды бизнестің орнықты дамуының қажетті элементі ретінде қарастыра отырып, ақпараттық қауіпсіздік жүйесін, антифрод инфрақұрылымын және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды дәйекті түрде күшейтті.

Бұл ретте Kcell қызметтердің қолжетімділігі мен әлеуметтік жауапкершілікке стратегиялық назар аударуды жалғастырады. Өңірлерде желіні дамыту және тарифтік саясаттағы шешімдер клиенттердің сенімін және тұрақты сұранысты қалыптастыруға ұзақ мерзімді көзқарасты көрсетеді.

Директорлар кеңесі Kcell-ді одан әрі даму әлеуеті, кәсіби басқару командасы бар, технологиялық тұрғыдан жетілген, қаржылай тұрақты компания ретінде қарастырады. Біз таңдалған стратегиялық бағытты қолдаймыз, Компанияның орнын нығайтуға және ұзақ мерзімді акционерлік құн құруға бағытталған бастамаларға жәрдемдесуді жалғастырамыз.

Құрметпен,

«Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы

Артур Неупокоев

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі

01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

ЖАМБАКИН Асқар

«Кселл» АҚ Басқарма Төрағасы

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

GRI 2-22

Құрметті оқырмандар, әріптестер, серіктестер және клиенттер!

2025 жыл Kcell үшін алға қарай сапалы ұмтылу кезеңі болды. Компания үрдісті өзгертті – клиенттік базаны ұлғайтты, 5G желісімен қамту бойынша лицензиялық міндеттемелерді орындады, 5G пайдаланушылары 4G пайдаланушыларымен салыстырғанда үш есе көп трафикті жасайды.

2025 жылы Kcell үш жыл ішінде алғаш рет алға қойған мақсаттарына кестеден озып қол жеткізді. Біз үшін бұл бизнес-үлгі дұрыстығының және таңдалған стратегия дәлдігінің расталуы.

2025 жылы біз рекордтық 102,8 млрд теңгені инфрақұрылымға инвестицияладық, бұл өткен жылмен салыстырғанда үштен бір есеге дерлік көп. Бұл салымдар 5G қамтуын айтарлықтай кеңейтуге, оны ел халқының жартысына дейін қолжетімді ете отырып, 4G байланысымен 592 ауылды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Бүгінде біз тұрғындардың 86%-ын 4G технологиясымен қамтып, ірі қалаларды, көлік тораптарын және өсіп келе жатқан өңірлерді қоса алғанда, бесінші буын желісін белсенді дамытудамыз. Біздің күш-жігеріміз 2025 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда ең жылдам интернеті бар оператор болуға мүмкіндік берді. Біз тағы бір мәрте Ookla нұсқасы бойынша Қазақстанның ең жылдам мобильді желісі болып танылдық. Рейтинг Speedtest деректеріне негізделген және желінің зертханалық сценарийлерде емес, нақты жағдайларда қалай жұмыс істейтінін көрсетеді. Бұл сондай-ақ мобильді интернет жылдамдығының әлемдік рейтингіндегі Қазақстан орнының нығаюына ықпал етті. Қазір біз жылдамдық бойынша әлемдегі үздік 50 ел қатарында тұрмыз.

Қаржылық және операциялық көрсеткіштер біздің тәсілдеріміз бен бастамаларымыздың тиімділігін көрсетеді. Компания түсімнің 8,6%-ға өсуін және EBITDA-ның 15,7%-ға артқанын көрсетті. Тұтынылған трафик көлемі 66,6%-ға ұлғайып, 1439 петабайтқа жетті – бұл цифрлық сервистердің қоғам өміріне қаншалықты терең кіріккенін білдіреді.

Біз пайдаланушылар арасында сенімнің артуын көріп отырмыз. Kcell абоненттік базасы 8,8%-ға ұлғайып, 8,67 миллион адамды құрады. Бүгінде ел халқының 53%-ы жаңа тұтыну мәдениетін қалыптастыра отырып, 5G жабынымен қамтамасыз етілді.

Біз үшін ілгерілеу мен қоғам алдындағы жауапкершілік арасындағы тепе-теңдікті сақтау аса маңызды. Салық жүктемесі мен нарықтық серпіннің өсуі жағдайында біз барлық тарифтік желілер бойынша бағаны көтермейміз деген шешім қабылдадық және «Үздік» тарифін 2027 жылға дейін тұрақтандырып қойдық. Көктемде біз он танымал жоспардың шарттарын сақтадық, сондай-ақ интернет көлемін ұлғайтып, жаңартылған «Үздік» желісін іске қостық. Бұл біздің ұстанымымыздың көрінісі: технологиялық даму қолжетімділікпен біртұтас болуы тиіс.

Біз нақты өмірлік сценарийлерге бағытталған өнімдерді жасауды жалғастырдық. Осылайша, мобильді байланыс пен үй интернетін біріктіретін «activ Үйде» шешімі ұсынылды. Тіркелген сымсыз қол жеткізу сегменті (FWA) сенімді түрде өз орнына ие болды: бір FWA пайдаланушысының деректерді орташа тұтынуы 147%-ға өсті, бұл әсіресе өңірлерде қызметтің сұранысқа ие екенін растайды. Шымкент пен Түркістан облысында өсім байқалады – дәл осы жерде трафикті тұтынудың рекордтық қарқыны тіркелген.

Қауіпсіздік мәселелеріне жеке назар аударылады. Телефондық алаяқтық басты қауіп-қатерлердің бірі болып қалып отыр, сондықтан 2025 жылы біз антифрод инфрақұрылымын айтарлықтай күшейттік. Күдікті қоңыраулар туралы ескерту сервисі іске қосылды, оның базасы 50 мың нөмірден асады және күн сайын жаңартылып тұрады. Бір жыл ішінде команда 2 миллионға жуық қоңырау шалуды бұғаттады. Ақпаратты қорғау саласындағы біздің са-

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

2025 жылы Kcell үш жыл ішінде алғаш рет алға қойған мақсаттарына кестеден озып қол жеткізді. Біз үшін бұл бизнес-үлгі дұрыстығының және таңдалған стратегия дәлдігінің расталуы.

рапшылығымызды растаған ISO/IEC 27001:2022 халықаралық сертификаттаудан өту маңызды қадам болды.

Тұрақты өсуді корпоративтік бағыт та көрсетіп отыр. Біз IoT шешімдерін, Big Data және бұлтты өнімдерді белсенді түрде дамытудамыз.

Кселл өнеркәсіптік интернетті ұсыну бойынша көшбастышлық орнын ұстап тұруды жалғастырды. 2025 жылы өнеркәсіпте және өндіруші секторда Private 4G/5G бойынша 10 жоба іске асырылды – біз елімізде бірінші болып өндірістік объектілерде 5G қорғалған корпоративтік желісін іске қостық – желі «Шығыс» карьерінде жүкті өзі түсіретін пилотсыз машиналарды іске қосуға мүмкіндік берді. Бұл бизнес үшін өлшенетін әсермен тестілеуден өнеркәсіптік қолдануға өту.

Сонымен қатар, біз деректер негізінде басқару шешімдерін қабылдау үшін талдау мен құралдарға қол жеткізу мүмкіндігін беретін bigdata.kcell.kz платформасын іске қостық, бұл жоба нарықты цифрлық трансформациялаудың маңызды кезеңі болды.

Дегенмен, барлық технологиялар мен сандардың артында әрдайым команда тұрады. Kcell өткен жылы Human Capital Forum-да «HR Team of the Year» Бас жүлдесін жеңіп алды – бұл таланттар мен корпоративтік мәдениетті дамыту саласындағы біздің жұмысымыздың мойындалуы.

Біз ESG-бастамаларды іске асыруды жалғастырудамыз, Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп медиа сауаттылық жөніндегі жобаларға қатысып, елдің тұрақты дамуына үлес қосып жүрміз.

2025 жыл тағы да Kcell – бұл жай ғана оператор емес екенін растады. Біз Қазақстанның цифрлық болашағын құрып, инновацияларды жақындатып, адамдарға әрқашан байланыста болуға көмектесетін компаниямыз.

Біз бірге өтіп келе жатқан жол – Директорлар кеңесінің, Басқарманың, қызметкерлердің, серіктестер мен клиенттердің ашық өзара іс-қимылының нәтижесі. Бұл тізбектегі ең бастысы: әркімнің рөлін құрметтеу және мақсатқа біртұтас болып ұмтылуға дайын болу.

Мен осы жолдың бір бөлігі болып табылатын, біздің құндылықтарымызды бөлісетін және Kcell-дің табыс тарихын бірге жасай отырып, өзінің күнделікті таңдауымен бізге жақсаруға көмектесетін әрбір адамға шын жүректен алғыс айтамын!

Аса зор құрметпен,

«Кселл» АҚ Басқарма Төрағасы

Асқар Жамбакин

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Жалпы ақпарат 10
Компанияның тарихы 11
Қызмет географиясы 14



ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

GRI 2-1, GRI 2-2

«Кселл» АҚ (бұдан әрі – Kcell, Компания) – жеке және корпоративтік клиенттерге байланыс және деректер беру қызметтерін көрсететін қазақстандық мобильді байланыс пен цифрлық сервистер операторы. Компания нарықтың негізгі сегменттері мен түрлі тұтыну үлгілерін қамти отырып, Kcell және activ брендтерімен жұмыс істейді. Kcell «Қазақтелеком» АҚ компаниялар тобына кіреді және ұлттық цифрлық инфрақұрылымды дамытуға қатысады, бүкіл ел бойынша цифрлық қызметтерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Есепті жылы Kcell нарықтың жаппай және корпоративтік сегменттерінде өзінің бәсекелестік орнын күшейтті. 2025 жылы Компанияның абоненттік базасы 7,97 млн пайдаланушыдан 8,67 млн пайдаланушыға дейін өсті. Kcell ұялы желісінің аумақтық қамтуы Қазақстан халқының 86%-ын 4G байланысына қол жеткізумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Компания сондай-ақ бесінші буын технологияларын дәйекті түрде енгізуде: есепті жылдың соңында «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-мен консорциум шеңберінде Kcell өрістетіп жүрген 5G желісімен 2 586 локацияда ел халқының жартысынан астамы, оның ішінде ірі қалалар, халық тығыз орналасқан аудандар және негізгі инфрақұрылымдық объектілер қамтылды.

Kcell 2025 жылы 5G желілерін дамытуға және 4G қамтуын кеңейтуге, оның ішінде ауылдық жерлерде, жалпы сомасы 102,8 млрд теңгеге рекордтық инвестицияларды жүзеге асырды. Нәтижесінде жыл ішінде 592 ауылдық елді мекен 4G байланысымен қамтамасыз етілді, ал 5G базалық станцияларының жалпы саны 1 774 бірлікке жетті.

Kcell өнімдерінің портфеліне дауыстық байланыс, мобильді интернет, тіркелген сымсыз қол жеткізу технологиясы (FWA) негізіндегі үй интернетіне арналған шешімдер, сондай-ақ SuperApp Kcell/activ экожүйесіне біріктірілген цифрлық және қаржылық сервистер кіреді. Мобильді қосымша байланыс қызметтерін басқаруға, сервистерге қол жеткізуге және күнделікті пайдалану сценарийлеріне бағдарланған қосалқы функцияларды пайдалануға мүмкіндік бере отырып, абоненттер үшін бірыңғай цифрлық интерфейс болып отыр.

Kcell 2025 жылы 5G желілерін дамытуға және 4G қамтуын кеңейтуге, оның ішінде ауылдық жерлерде, жалпы сомасы 102,8 млрд теңгеге рекордтық инвестицияларды жүзеге асырды.

Private LTE және Private 5G қоса алғанда, Компания корпоративтік клиенттерге арналған жоғары технологиялық шешімдерді дамытуға ерекше назар аударады. Компания өнеркәсіптік, логистикалық және өндіруші кәсіпорындар үшін кешенді шешімдер ұсынады және өзін өнеркәсіпті толық аяқталған цифрландыру жеткізушісі ретінде көрсетеді. Мұндай шешімдер қорғалған мобильді байланысты, IoT-инфрақұрылымды, талдамалық құралдар мен бұлтты сервистерді бірыңғай технологиялық контур аясында біріктіреді, сыни маңызды бизнес-процестердің сенімділігін, қауіпсіздігін және басқарылуын қамтамасыз етеді. Осыған қоса, Компания корпоративтік клиенттердің цифрлық трансформация мүмкіндіктерін кеңейте отырып, IoT-шешімдер мен бұлтты өнімдер желісін дамытады. 2025 жылы bigdata.kcell.kz порталы іске қосылды, мұнда Компанияның корпоративтік клиенттеріне оның Big Data саласындағы қызметтері туралы ақпарат алуға болады.

«Кселл» АҚ акциялары Қазақстан қор биржасында (KASE) KCEL тикерімен айналыста жүр. 2025 жылы Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі Компанияның кредиттік рейтингін тұрақты болжаммен BB+ деңгейінде растады, бұл бизнес-үлгінің тұрақтылығын, қаржылық көрсеткіштердің болжамдылығын және тәуекелдерді басқарудың салмақты тәсілін көрсетеді. Kcell өз қызметін корпоративтік басқарудың, тұрақты дамудың және ақпараттық ашықтықтың үздік халықаралық іс-тәжірибелеріне, қор нарығының талаптарына және бизнесті жауапты жүргізу қағидаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

КОМПАНИЯНЫҢ ТАРИХЫ

GRI 2-1

«Кселл» АҚ өз тарихын өткен ғасырдың 90-шы жылдарының аяғында бастаған, бастапқыда ол «Қазақтелеком» ААҚ GSM (Джи Эс Эм) Қазақстан» ЖШС («GSM Қазақстан» ЖШС) деп аталатын. «GSM Қазақстан» ЖШС 1998 жылғы 1 маусымда Қазақстан Республикасында GSM стандартындағы ұялы байланыс желісін жобалау, салу және пайдалану үшін тіркелген. 1998 жылы «Кселл» АҚ GSM стандартында ұялы байланыс қызметтерін ұсынуға лицензия алған алғашқы қазақстандық компания болды.

2012 жылға дейін «GSM Kazakhstan» ЖШС қатысушылары Fintur Holdings B. V. (Нидерландта тіркелген TeliaSonera Finland Oyj және Turkcell Illetisim Hizmetleri бірлескен кәсіпорны) және «Қазақтелеком» ААҚ (2004 жылдан бастап – «Қазақтелеком» АҚ) болды, олардың қатысу үлестері тиісінше капиталдағы 51% және 44% құрайтын. 2012 жылдың 2 ақпанында «Қазақтелеком» АҚ өзінің қатысу үлесін TeliaSonera фин компаниясының еншілес құрылымы Sonera Holding B.V. компаниясына сатты (2017 жылы компания атауын Telia Company деп өзгертті).

2012 жылдың 27 тамызында Компания акционерлік қоғам ретінде қайта құрылып, атауын «Кселл» АҚ деп өзгертті. 2012 жылдың желтоқсанында Компания жаһандық депозитарлық қолхаттар түрінде Лондон қор биржасында және жай акциялар түрінде Қазақстан қор биржасында 50 млн акцияны (жарғылық капиталдың 25%-ы) орналастырды. Нәтижесінде негізгі акционерлер – Fintur Holdings B.V. және Sonera Holding B.V. үлестері 51% және 24% құрады.

2018 жылдың 21 желтоқсанында «Қазақтелеком» АҚ Компанияның жарғылық капиталындағы 75% қатысу үлесіне ие болып, Telia Company және Fintur Holdings B.V. компанияларына тиесілі «Кселл» АҚ акция пакеттерін сатып алды. 2021 жылдың 30 қыркүйегінде «Қазақтелеком» АҚ дауыс беретін акцияларының 24%-ын KASE-де сатты.



Компанияның бейіні

Негізгі көрсеткіштер

Есепті жылдың негізгі оқиғалары

Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі

Басқарма Төрағасының үндеуі

01. Компания туралы

02. Корпоративтік стратегия

03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі

04. Тұрақты дамуды басқару

05. Корпоративтік басқару

06. Тәуекелдерді басқару

07. Персоналды басқару

08. Экологиялық жауапкершілік

09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік

10. Қосымшалар

КОМПАНИЯНЫҢ ТАРИХЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

1998

- **1 маусым** – «Қазақтелеком» ААҚ GSM (Джи Эс Эм) Қазақстан» ЖШС құрылуы;
- **8 маусым** – Компания GSM стандартында ұялы байланыс қызметтерін ұсынуға арналған мерзімсіз мемлекеттік лицензия алды.

1999

- **7 ақпан** – Kcell брендін іске қосу;
- **9 қыркүйек** – activ брендін іске қосу.

2003

- **18 қыркүйек** – Компания Қазақстан Республикасындағы мобильді құрылғылардан Интернет желісіне қол жеткізуі бар алғашқы мобильді байланыс операторы болды;
- **Қыркүйек** – мультимедиялық хабарламаларды (MMS) тарату қызметін іске қосу.

2005

- **13 қыркүйек** – Компания GPRS-роуминг қызметін ұсынатын алғашқы қазақстандық оператор болды.

2008

- **26 тамыз** – Компанияның лицензиясы қайта қаралып, GSM-1800 желісін пайдалану құқығымен толықтырылды.

2010

- **1 желтоқсан** – Астана және Алматы қалаларында 3G желісін коммерциялық пайдаланудың басталуы.

2012

- **2 ақпан** – «Қазақтелеком» АҚ қатысу үлесін Sonera Holding B.V.-ге сату мәмілесін аяқтау;
- **27 тамыз** – Компания акционерлік қоғам ретінде қайта құрылуы және атауы «Кселл» АҚ деп өзгертілуі;
- **29 қараша** – KASE-де «Kcell» АҚ жай акцияларының айналысының басталуы.
- **13 желтоқсан** – LSE-де жаһандық депозитарлық қолхаттар листингінің аяқталуы.

2014

- **15 сәуір** – «Кселл» АҚ Қазақстандағы iPhone ресми дистрибьюторы болды;
- **Қыркүйек** – activ сауда белгісінің ауқымды ребрендингінің басталуы;
- **16 қараша** – Kcell/activ мобильді қосымшасының іске қосылуы;
- **Жыл қорытындысы бойынша** Компания Қазақстандағы қаржылық емес компаниялар арасында салық түсімдерінің көлемі бойынша көшбасшы болды.

2015

- **Ақпан** – activ сауда белгісінің ребрендингін аяқтау;
- **Наурыз** – Алматыда алғашқы activ брендтік дүкенінің ашылуы.

2016

- **5 қаңтар** – Компания ел аумағында байланысты жақсарту және сол жылы орын алған 4G мен LTE қызметтерін іске қосуға дайындалу үшін 700/800 MHz және 1800 MHz диапазонында қосымша жиіліктерді пайдалану құқығына ие болды.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

КОМПАНИЯНЫҢ ТАРИХЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

2017

- **1 наурыз** – Қазақстанда LTE желісі іске қосылды;
- **Маусым** – Алматы және Шымкент қалаларында 4G+ (LTE Advanced) желісі іске қосылды;
- **1 қараша** – Fitch халықаралық рейтингтік агенттігі Компанияға тұрақты болжаммен «BB» деңгейінде эмитенттің ұзақ мерзімді дефолт рейтингін берді.

2018

- **16 қаңтар** – Компания KASE-де 4,95 млрд теңге сомасына облигацияларды орналастырды.
- **21 желтоқсан** – «Қазақтелеком» АҚ Компанияның айналыстағы акцияларының 75%-на ие болып, Telia Company және Fintur Holdings B.V.-ден «Кселл» АҚ акцияларын сатып алды.

2019

- **27 маусым** – Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі «Кселл» АҚ эмитентінің ұзақ мерзімді дефолт рейтингін «BB» деңгейінде растады және болжамды «Тұрақтыдан» «Оңға» дейін жақсартты.

2020

- Пандемия кезеңінде 3,5 мың медицина қызметкері тегін дауыстық байланыспен және интернет-трафикпен қамтамасыз етілді;
- Абоненттерге қашықтықтан оқытуға арналған 400-ден астам веб-сайтқа және онлайн банкингке арналған 27 мобильді қосымшаға тегін қол жеткізу қамтамасыз етілді;
- **16 сәуір** – жаңа SIM карталарды сатып алу және ескі SIM карталарын ауыстыру, теңгерімді толтыру және телефонға E-SIM орнату кезінде биометриялық сәйкестендіруді қолданатын симкоматтарды (өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары) орнату жобасы іске қосылды;

2021

- **14 маусым** – LSE мен AIX-те жаһандық депозитарлық қолхаттардың делистингін аяқтау;
- **Шілде** – «First Heartland Jusan Bank» АҚ-мен және Mastercard халықаралық төлем жүйесімен бірлесіп OGO Finance қаржылық қызметтер желісін іске қосу.
- **30 қыркүйек** – «Қазақтелеком» АҚ KASE-де «Кселл» АҚ акцияларының 24%-ын сатты.

2022

- **5 қаңтар** – абоненттерді үзіліссіз байланыспен қамтамасыз ету және Үкіметке көмек көрсету мақсатында уақтылы шешімдер қабылдау үшін жаппай тәртіпсіздіктерге байланысты төтенше жағдай режимі кезеңінде жедел штаб құру;
- **25 ақпан** – Nexign Converged BSS биллинг жүйесін енгізудің бірінші кезеңін аяқтау;
- **12 желтоқсан** – Fitch Ratings «Кселл» АҚ эмитентінің ұзақ мерзімді дефолт рейтингін «Тұрақты» болжаммен «BB+» деңгейінде растады;
- **16 желтоқсан** – «Кселл» АҚ «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-мен консорциумда 5G желілерін пайдалану бойынша тендерді жеңіп алды;
- **Желтоқсан** – Nexign Converged BSS биллинг жүйесін енгізудің екінші кезеңін аяқтау.

2023

- **5 желтоқсан** – Fitch Ratings агенттігі «Кселл» АҚ эмитентінің ұзақ мерзімді дефолт рейтингін «Тұрақты» болжаммен «BB+» деңгейінде растады;
- **16 қараша** – KASE «Кселл» АҚ-на «Акциялар нарығының көшбасшысы» атағын берді.

2024

- **30 наурыз** – Kcell су тасқынынан зардап шеккен Қазақстанның бес аймағының тұрғындарына қолдау көрсету туралы шешім қабылдады. Су тасқынынан зардап шеккен елді мекендердің тұрғындары 10 гигабайт интернет-трафикті, кез келген операторлардың желісіне 50 минут қоңырауларды, сондай-ақ 50 тегін SMS қамтитын тегін пакетке ие болды.
- **24 қараша** – Fitch Ratings агенттігі Kcell кредиттік рейтингін тұрақты болжаммен «BB+» деңгейінде растады.

2025

- **Ақпан** – елімізде алғаш рет ERG компаниясының «Шығыс» қимасында Private 5G өнеркәсіптік желісі іске қосылып, нақты уақыт режимінде жүкті өзі түсіретін пилотсыз машиналарды қашықтықтан және қауіпсіз басқару мүмкіндігін қамтамасыз ететін болды.
- **Шілде** – Veritas-пен бірлесіп ҚР аумағына кірмей, eSIM Kcell алу мүмкіндігін көздейтін e-Residency жобасы іске қосылды;
- **Қыркүйек** – Компанияның корпоративтік клиенттеріне оның Big Data саласындағы қызметтері туралы ақпарат алуға болатын bigdata.kcell.kz порталы іске қосылды;
- **Қазан** – Kcell DataWareHouse сенімділігі мен DataLake икемділігін біріктіретін озық Lake House деректер сақтау және өңдеу архитектурасын өрістете бастады;
- **Қараша** – Fitch Ratings тұрақты болжаммен «BB+» деңгейінде Kcell кредиттік рейтингін растады;
- **Желтоқсан** – ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің жыл сайынғы акциясының қорытындысы бойынша «Кселл» АҚ 2025 жылдың үздік салық төлеушісі болып танылды.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ

GRI 2-1

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан аумағының «Кселл» АҚ ұялы байланыс желісімен қамтылу картасы

Есепті кезеңнің соңында Компанияның 3G желісімен қамтылған жерлер мен елді мекендерде Қазақстан халқының 93,89% тұрды, ел тұрғындарының 86,01% Компанияның 4G/LTE желісіне қол жеткізуі бар және халықтың 53,54% қазірдің өзінде 5G байланысымен қамтамасыз етілген.

«Кселл» АҚ қызметтері Қазақстанның барлық өңірлерінде қолжетімді – 2025 жылдың соңында ел аумағында 34 меншік сату дүкені мен 4 сауда аралы жұмыс істеген. Фирмалық дүкендерде сатып алушылар Kcell және activ SIM карталарын сатып ала алады, тиімді шарттарда смартфондар, ноутбуктар, планшеттер және басқа да «ақылды құрылғыларды» сатып ала алады.

KCELL СОНЫМЕН ҚАТАР КЕҢ СЕРІКТЕСТІК ЖЕЛІСІ АРҚЫЛЫ БӨЛШЕК САУДАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ:

- 20 Activ Dealer Store дүкені (барлық қызметтердің спектрін ұсынатын дилерлер: сервис, сату және «Кселл» АҚ атынан Келісімшарттық телефондарды бөлек сатады);
- 7 эксклюзивті бөлшек сауда дүкені («Кселл» АҚ қызметтерінің толық ауқымын ұсынатын және Activ/Kcell барлық бастапқы топтамаларын, компанияның басқа да өнімдерін сататын дилерлер);
- 434 электроника дүкені (бастапқы топтамалар сатылады);
- 27 420 эксклюзивті емес сауда нүктесі, олардың 3 825-і серіктестер, сауда нүктелерінің сатушылары үшін «Кселл» АҚ әзірлеген және «Кселл» АҚ клиенттеріне сату және клиенттік сервис ұсыну үшін бірыңғай құрал болып табылатын OMNI дилерлік ресми мобильді қосымшасына қол жеткізе алады.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

КОРПОРАТИВТІК СТРАТЕГИЯ

Миссия және саладағы орнына көзқарас 16
Біздің корпоративтік құндылықтар мен басымдықтар 16
Компанияның бизнес-үлгісі 17
Компанияның даму келешегін бағалау (SWOT-талдау) 18
Стратегиялық мақсаттар мен міндеттер 19
Желіні оңтайландыру және жаңа технологияларды енгізу 20
Компанияның 2026 жылға арналған басымдықтары 20

МИССИЯ ЖӘНЕ САЛАДАҒЫ ОРНЫНА КӨЗҚАРАС

БІЗДІҢ МИССИЯ:

Біз – мықты және озық Қазақстанды құруға ұмтылумен біріккен бақытты және табысты адамдар қауымдастығын құрастырып жатқан жаңа буындағы қазақстандық операторміз.

БІЗДІҢ ПАЙЫМ:

Kcell/activ – Қазақстан қалаларындағы ең жылдам оператор

Біз өз пайымымызды мыналар арқылы іске асырамыз:

ҚАЛАЛАРДАҒЫ ҮЗДІК ЖЕЛІ
- Басым агломерацияларға басты назар аудару
- Жылдамдық және сапа бойынша көшбасшылық
- 5G жедел дамыту және 4G күшейту

МЫҚТЫ ӘРІ ТАНЫМАЛ БРЕНД
- Ең жылдам мобильді интернеті бар оператордың имиджін нығайту
- Kcell/activ орнын № 1 таңдау ретінде көрсету

НЕГІЗГІ СЕГМЕНТТЕРДЕГІ КӨШБАСШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЖҮЙЕНІ ДАМЫТУ
- Отбасы үшін құндылық ұсыныстарын дамыту
- Жеке құндылық ұсыныстарын дамыту

DATA-DRIVEN ТӘСІЛІ
- Әрбір клиенттің қажеттіліктеріне бейімделген сервистер мен ұсыныстар
- Цифрлық технологиялар есебінен операторомен өзара іс-қимылды оңайлату

БІЗДІҢ КОРПОРАТИВТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН БАСЫМДЫҚТАР

КЛИЕНТТЕРДІҢ СЕНІМІ
өнімдердің айқын және адал шарттары, үздік клиенттік тәжірибе және желінің тұрақты сапасы арқылы

ЦИФРЛЫҚ ТЕҢСІЗДІКТІ ҚЫСҚАРТУ
инфрақұрылымды дамыту және цифрлық сервистер қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы

АДАМ КАПИТАЛЫН ДАМЫТУ
цифрлық біліктіліктерді дамыту, мықты таланттарды тарту және жоғары тиімділік мәдениетін қалыптастыру арқылы

ЖАУАПТЫ ДАМУ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫЛЫҚ
желінің энергия тиімділігі және ресурстарды жауапкершілікпен пайдалану арқылы

АКЦИОНЕРЛЕР ҮШІН ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚҰНДЫЛЫҚ ҚҰРУ
пайданың тұрақты өсуі, операциялық тиімділікті арттыру және капиталды тиімді басқару арқылы

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі

01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

КОМПАНИЯНЫҢ БИЗНЕС-ҮЛГІСІ

GRI 2-6

Есепті жылдың соңындағы /есепті жылғы көрсеткіштер

Біздің капитал

ҚАРЖЫЛЫҚ КАПИТАЛ

Меншікті капитал
195 783 млн теңге

Қарыз қаражаты
141 382 млн теңге

ӨНДІРІСТІК КАПИТАЛ

Базалық станциялар саны
8 988 бірлік,
оның ішінде
5G базалық станцияларының
1 774 бірлігі және
4G/LTE базалық станцияларының
5 724 бірлігі.

ЗИЯТКЕРЛІК КАПИТАЛ

- Зияткерлік меншіктің жиынтық құны (патенттер, лицензиялар, бағдарламалық жасақтама, авторлық құқықтар) – 103 754 млн теңге, оның ішінде 4G және 5G лицензияларының құны
- Nexign Converged Business Support System бірыңғай биллинг жүйесі (2022 жылдың ақпанында енгізілген)
- Компания ресурстарды басқарудың SAP S/4HANA жаңа жүйесіне көшу бойынша ауқымды жобаны іске асыруды жалғастыруда. 2025 жылы жасалған кешенді жұмыс трансформацияның соңғы кезеңі үшін техникалық базаны дайындауға мүмкіндік берді. SAP S/4HANA жүйесін толық ауқымда іске қосу және өнімдік пайдалануға енгізу 2026 жылға жоспарланған, бұл түйінді өтпелі процестерді автоматтандыруға, шоғырландырылған есептіліктің дәлдігін арттыруға және барлық деңгейлерде басқарудың ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

АДАМ КАПИТАЛЫ

Қызметкерлер саны
2 320 адам

Жоғары білімі бар қызметкерлер үлесі
1 889 адам

Кадрлардың тұрақтамау деңгейі
39%

ӘЛЕУМЕТТІК-БЕДЕЛДІК КАПИТАЛ

- Компания нарықта 1998 жылдан бері жұмыс істейді және орнықты іскерлік беделге ие
- Kcell және activ брендтері Қазақстандағы ең танымал брендтердің бірі
- Компанияның 8 670 млн адал клиенттерді қамтитын кең клиенттік базасы бар

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КАПИТАЛ

Компанияның қызметі қоршаған ортаға едеуір тікелей әсер етпейді. Дегенмен, Компания барлық өзінің бөлімшелерінде және бүкіл өндірістік-өткізу тізбек сатыларында экологиялық таза технологиялар мен қызметтерді пайдалануды дәйекті түрде кеңейтіп келеді.

Біздің қызмет

ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

Компания өз клиенттеріне келесі қызмет түрлерін ұсынады:

- Қысқа мәтіндік хабарламаларды (SMS) жеткізу бойынша мобильді дауыстық байланыс қызметтері
- Деректерді беру және Интернет желісіне сымсыз қосылу қызметтері
- OGO Bank мобильді қаржылық қызметі
- Қосымша қызмет түрлері (VAS), соның ішінде мобильді контентке қол жеткізу, экожүйе қызметтері және т.б.

КОМПАНИЯНЫҢ НАРЫҚТЫҚ ТАУАШАСЫ

Қазақстандағы ұялы байланыс операторлары нарығындағы Компанияның үлесі
31,7% (абоненттер саны бойынша)

Қазақстан аумағын ұялы байланыс желісімен қамту
93,9%

Абоненттік база
8 670 мың абонент

КОМПАНИЯНЫҢ НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕРІ*

- Реттеушілік тәуекел
- Стратегиялық тәуекел
- Қайталама санкциялар тәуекелдері
- Кредиттік тәуекел
- Өтімділік тәуекелі
- Салық тәуекелдері
- Операциялық тәуекелдер

БИЗНЕСТІ ДАМЫТУ МҮМКІНДІКТЕРІ

- Сапалы клиенттерді тарту және ұстап тұру
- Клиенттің қажеттіліктерін түсіну және қанағаттандыру
- B2B әлеуетін жүзеге асыру
- Операциялық тиімділікті арттыру
- Компанияның қызметкерлері үшін оңтайлы еңбек жағдайларын жасау

Біздің нәтижелер

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ

Жылдық мобильді интернет-трафик
1 439 Пбайт

Бір пайдаланушыға шаққандағы орташа айлық түсім (ARPU)
1 834 теңге/ай.

Бір абонентке шаққандағы орташа айлық дауыстық трафик (MOU)
126 мин/ай.

ҚАРЖЫЛЫҚ

Таза пайда
14 106 млн теңге

Инвестициялар көлемі (cash capex)
102 808 млн теңге

EBITDA
106 561 млн теңге

Салықтарды және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді төлеу
39 925 млн теңге

Инвестициялар көлемі (есептеу)
107 699 млн теңге

ӘЛЕУМЕТТІК

Жылдық еңбек ақы төлеу қоры
22,7 млрд теңге

Оқудан өткен қызметкерлердің үлесі
84%

Орташа жалақы
820,4 мың теңге

Бір қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа саны
9,6 сағат

Персоналды оқыту шығындары
62 млн теңге

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ

- Компания дербес жүйелерді жаңғыртуға қаражат салады және оларды неғұрлым экологиялық таза жаңармай түрлеріне ауыстырады;
- Компания қоршаған ортаға қауіпсіз материалдар мен технологияларды пайдалануға ұмтылады;
- Компанияда ISO 14001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес экологиялық менеджмент жүйесі енгізілген.

** Компанияның тәуекелдері туралы толық ақпарат «Тәуекелдерді басқару» бөлімінде берілген*

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУ КЕЛЕШЕГІН БАҒАЛАУ (SWOT-ТАЛДАУ)

GRI 2-6

SWOT-талдау – бұл компанияның даму келешегін көрнекі түрде бағалауға мүмкіндік беретін әмбебап стратегиялық жоспарлау құралы. SWOT-талдауды жүргізу кезінде ұйымға әсер ететін сыртқы және ішкі факторлар анықталады, олар төрт топқа бөлінеді: күшті жақтар (Strengths), әлсіз жақтар (Weaknesses), мүмкіндіктер (Opportunities) және қауіптер (Threats).

«Кселл» АҚ-ның даму келешегін SWOT-талдау

Ішкі факторлар

S **Күшті жақтар (Strengths)**

- Компания қазақстандық телекоммуникациялық қызметтер нарығындағы басым ойыншылардың бірі;
- Компания 5G жиіліктеріне лицензияның иегері, Қазақстанда 5G жаңа буын желілерін дамытады;
- Компания Қазақтелеком мен Кселл арасындағы синергияны, оның ішінде конвергенттік ұсыныстарды белсенді дамытуды іске асырады.
- Клиентке бағытталған ритейл: Kcell дүкендерінің күрделі дизайны цифрлық платформалармен үйлестіріледі, бұл пайдаланушылардың жалпы тартылуын арттырады;
- Озық технологиялар мен инновацияларды пайдалану ұсынылатын қызметтердің сенімділігі мен сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз етеді;
- Цифрлық шешімдерді дамыту (дата-орталықтар, бұлтты технологиялар, IoT, Big Data);
- Компанияда корпоративтік басқарудың үздік іс-тәжірибелері енгізілген, өндірістік және бизнес-процестер жөнге салынған;
- Саладағы көп жылдық табысты жұмыс тәжірибесі Компанияға мықты оң беделді қалыптастыруға мүмкіндік берді;
- Персоналдың біліктілік деңгейі жоғары;
- Кадр саясаты икемділігімен ерекшеленеді, қызметкерлер еңбегі үшін лайықты сыйақы алады;
- Компанияда корпоративтік әдеп мәдениеті дамыған, қызметкерлерді оқыту жүйелі түрде жүргізіледі;
- Компанияда ішкі бақылау мен аудиттің тиімді жүйесі бар;
- Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі нормативтік құжаттар енгізілген, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізіледі;
- Компанияда Тәртіп кодексінің кез келген бұзушылықтары, соның ішінде сыбайлас жемқорлық, кемсітушілік, әдепсіз мінез-құлық және басқа да бұзушылықтар туралы хабарлауға болатын жедел желі жұмыс істейді.

W **Әлсіз жақтар (Weaknesses)**

- Нарыққа күшейтілген баға қысымын көрсететін байланыс қызметтерінің төмен сарапануы жағдайында бәсекелестіктің жоғары деңгейі.
- Реттеушінің байланыс қызметтеріне тарифтерді көтеру бойынша шектеулері
- Телекоммуникация саласының қарқынды технологиялық дамуы инвестициялардың үлкен көлемін талап етеді
- Бюрократиялық рәсімдердің күрделілігі;
- Барлық ықтимал тәуекелдердің алдын алудың мүмкін еместігі.

Сыртқы факторлар

O **Мүмкіндіктер (Opportunities)**

- Тарифтерді белгілеудің барынша икемді тәсілі;
- Клиенттерге ұсынылатын қызметтер тізбесін әртараптандыру;
- Өндірістік процестерді жетілдіру және стандарттау бойынша алдағы шаралар;
- Технологиялық инновациялар және автоматтандыру, жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану.

T **Қауіптер (Threats)**

- Интернет-мессенджерлер мен әлеуметтік желілерді пайдалануға көшу нәтижесінде көрсетілетін дауыстық ұялы байланыс қызметтері көлемінің төмендеуі;
- Нарықта баға соғыстары болуының жоғары ықтималдығы;
- Заңнамалық өзгерістердің тарифтік саясатқа теріс әсері;
- Саяси немесе экономикалық жағдайдың өзгеруі;
- Технологиялық қауіптер және киберқауіптер.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар



СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР

GRI 2-6

2025 жылы Қазақстан қалаларында үздік желі құруға, мықты бренд қалыптастыруға және негізгі сегменттерде көшбасшылыққа жетуге бағытталған «Кселл» АҚ-ның 2025–2029 жылдарға арналған даму стратегиясы бекітілді.

МАҚСАТТАР	МІНДЕТТЕР
Қалалардағы үздік желі	• Негізгі агломерацияларда қамту мен сыйымдылыққа инвестициялар салуға басымдық беру • Мобильді интернет сапасы бойынша көшбасшылық: жылдамдық, қосылымның тұрақтылығы, жоғары сұраныс аймақтарындағы ең аз кідіріс • 5G алдын ала өрістету және тұтыну шоғырланған нүктелерде желіні нығыздау • Клиенттік тәжірибе негізінде желі сапасын проактивті басқару
Мықты және танымал бренд	• Ең жылдам мобильді интернеті бар оператордың имиджін бекіту және осы артықшылықты тарату • Жылдамдығы бойынша көшбасшылықты тәуелсіз рейтингтермен растау • Жылдамдықты техникалық метрикадан клиентке түсінікті бенефитке ауыстыру • Kcell/activ брендін № 1 таңдау ретінде көрсету
Негізгі клиенттік сегменттердегі көшбасшылық	• отбасының қажеттіліктеріне дәл сай келетін өнімдер мен тарифтік ұсыныстар • Тұтынудың отбасылық сценарийлеріне сәйкес өнімдерді әзірлеу • Нақты клиенттің мінез-құлқы мен қажеттіліктері негізінде жеке құндылық ұсыныстарын дамыту • Негізгі клиенттік жолдар мен операцияларға үздіксіз онлайн қызмет көрсету
B2B әлеуетін іске асыру	• Корпоративтік клиенттердің қажеттіліктеріне бапталған серіктестік және салалық шешімдер • Шағын және орта бизнестің қажеттіліктеріне мамандандырылған ыңғайлы өнімдер • Digital және ICT бағыттарын дамыту
Data-driven тәсілі және ЖИ қолдану	• Процестерді автоматтандыру, ұсыныстарды дербестендіру және желіні оңтайландыру үшін ЖИ енгізу • Болжамды талдаманы дамыту

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

ЖЕЛІНІ ОҢТАЙЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ

2025 жылы Кселл негізгі агломерацияларда желіні дамытуға және лицензиялық міндеттемелерді озық орындауға назар аудара отырып, технологиялық көшбасшылық стратегиясын іске асыруды жалғастырды.

Жыл ішінде 800-ден астам 5G базалық станциясы іске қосылды, бұл құрылыс жоспарынан едәуір асып түседі. Халық үшін 5G технологиясының қолжетімділігі 7 пайыздық тармаққа артты. Желіні өрістетудің осы қарқыны абоненттік базаны одан әрі өсіру, data-трафикті тұтынуды ұлғайту және жаңа цифрлық сервистерді дамыту үшін мықты негіз жасайды. Желіні дамытудың жоғары нәтижелері халықаралық деңгейде танылды – 2025 жылдың екінші жартыжылдығында Ookla Speedtest Awards қорытындысы бойынша мобильді интернеттің жылдамдығы мен сапасының пайдаланушылық тестілерін талдау негізінде Кселл Қазақстандағы ең жылдам мобильді желісі бар оператор болып танылды.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Компания желіні дамытуды және жаңа технологиялық шешімдерді енгізуді жалғастырды. IMS интеграциясы және VoLTE технологиясын дамыту бойынша дауыстық қызметтер мен клиенттік тәжірибенің сапасын арттыруға бағытталған стратегиялық маңызды бастамалар іске асырылды.

Жасанды интеллект пен зияткерлік талдауды дамыту шеңберінде Компания желіні неғұрлым тиімді басқару, үдерістерді автоматтандыру және ENI (Ericsson Network Intelligence) платформасын енгізуді қоса алғанда, желілік жүктеменің өзгерістеріне жедел ден қою тәсілдерін қалыптастырады.

Сонымен қатар 4G ауқымын кеңейту және MOCN технологиясында желіні одан әрі дамыту жөніндегі іс-шаралар серіктеспен бірлесіп іске асырылды. Бұл инфрақұрылымды пайдалану тиімділігін арттыруға және күрделі шығындарды оңтайландыру кезінде қамтуды дамытуды жеделдетуге мүмкіндік берді.

Желіні тығыздау және жиілік ресурсын оңтайландыру бойынша іске асырылатын шаралар 2026 жылы сапа көрсеткіштерін қалпына келтіру және одан әрі өсіру үшін негіз қалыптастырады.

КОМПАНИЯНЫҢ 2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БАСЫМДЫҚТАРЫ

2025 жылы Компания түсімді 8,6%-ға – 262 млрд теңгеге дейін ұлғайтты, бұл ретте өсімге тарифтік саясатты елеулі қайта қараусыз қол жеткізілді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша негізгі көрсеткіштердің тұрақты өсуі және операциялық тиімділіктің нығаюы байқалады. Оң динамика 5G желісін, цифрлық сервистерді дамытуға, мобильді интернетті тұтынуды ұлғайтуға және өнім ұсынысын кеңейтуге негізделген абоненттік базаның белсенді өсуі есебінен қамтамасыз етілді.

2026 жылы Кселл инфрақұрылымды дамытуды, қамтуды кеңейтуді және B2C үшін де, B2B-клиенттер үшін де сұранысқа ие шешімдерді жасауды жалғастырады. Біз желіге инвестицияларды ұзақ мерзімді өсімнің іргетасы ретінде қарастырамыз. Біздің міндетіміз – бүкіл ел бойынша клиенттерді жылдам және сапалы мобильді интернетке қолжетімділікпен қамтамасыз ету.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ЕСЕБІ

Макроэкономикалық жағдайлар	22
Телекоммуникация саласының жағдайы	23
Ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар саласы дамуының жаһандық үрдістері	23
Қазақстанның телекоммуникация саласы	25
Компанияның операциялық қызметі	27
Компанияның нарықтағы үлесі	27
Негізгі операциялық көрсеткіштер	27
Желілерді дамыту	28
B2C сегментін дамыту	28
Мобильді қаржылық сервистер	30
B2B сегментін дамыту	30
Қаржылық нәтижелер	31
Салық салу	33
Сатып алу іс-тәжірибесі	33

МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР

ЖІӨ динамикасы, кезеңдегі трлн теңге



Дереккөз: ҚР СЖжәнеРА ҰСБ

Қазақстанның 2025 жылғы атаулы ЖІӨ көлемі 159,58 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылғы деңгейден 18,9%-ға жоғары. Нақты көріністе ЖІӨ өсімі 6,5%-ды құрады.

Тауарлар өндірісінің өсімі 8,7%-ды құрады, оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде – 13,2%, өндіру өнеркәсібінде – 9,3%. Қызметтер көрсету өндірісіндегі өсім 5,2%-ды құрады.

Өнеркәсіптік өндіріс көлемі, кезеңдегі трлн теңге



Дереккөз: ҚР СЖжәнеРА ҰСБ

2025 жылы өнеркәсіп өндірісі 61,6 трлн теңгені құрады, оның ішінде тау-кен өнеркәсібінде – 26,8 трлн теңге, өңдеу өнеркәсібінде – 30,6 трлн теңге. Өнеркәсіп өндірісінің өсуі нақты мәнде 7,5%-ды, оның ішінде тау-кен өндіру өнеркәсібінде – 9,4%-ды, өңдеу өнеркәсібінде – 6,4%-ды құрады.

Тауарлар экспорты мен импорты, кезеңдегі млрд долл.



Дереккөз: ҚР ҰБ

Қазақстандық экспорт көбінесе әлемдік шикізат нарықтарындағы конъюнктураның нашарлауы салдарынан 78,3-тен 77,3 млрд долларға дейін төмендеді. Импорт 60,8-ден 66,3 млрд долларға дейін өсті. Экспорттың төмендеуі кезінде импорттың өсуі сауда теңгерімінің оң сальдосының 17,5-тен 11,0 млрд долларға дейін қысқаруына әкеп соқты.

Орташа айлық атаулы жалақы, мың теңге



Дереккөз: ҚР СЖжәнеРА ҰСБ

Орташа айлық жалақы 2024 жылғы 402,6 мың теңгеден 2025 жылы 442,0 мың теңгеге дейін өсті. Сонымен қатар нақты көріністе жалақы 1,4%-ға азайды.

Компанияның бейіні

Негізгі көрсеткіштер

Есепті жылдың негізгі оқиғалары

Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі

Басқарма Төрағасының үндеуі

01. Компания туралы

02. Корпоративтік стратегия

03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі

04. Тұрақты дамуды басқару

05. Корпоративтік басқару

06. Тәуекелдерді басқару

07. Персоналды басқару

08. Экологиялық жауапкершілік

09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік

10. Қосымшалар

Тұтынушылық инфляция,
% жылдан жылға



Дереккөз: ҚР СЖәнеРА ҰСБ

2025 жылы тұтынушылық инфляцияның қарқыны өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай өсті: 2025 жылғы қаңтар-желтоқсандағы ТБИ өткен жылдың қаңтар-желтоқсанымен салыстырғанда 2024 жылғы осындай кезеңдегі 108,6%-ға қарсы 112,3% құрады.

Азық-түлік тауарларына бағалар 13,5%-ға, азық-түлік емес тауарларға – 11,1%-ға, ақылы қызметтерге – 12,0%-ға өсті.

ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ САЛАСЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ

GRI 2-6

Ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар саласы дамуының жаһандық үрдістері

ITU бағалаулары бойынша 2025 жылдың соңына қарай әлемдегі ұялы байланыстың белсенді абоненттерінің саны 8,17 млрд-тан асты, ал интернет желісіне тіркелген кең жолақты қол жеткізу (КЖҚ) абоненттерінің саны 1,65 млрд-тан асты. Планетаның 8,2 млрд тұрғындарының 6-дан астамы интернетті пайдаланады, әлемде 5,4 млрд-тан астам ұялы телефон иесі бар. Ұялы байланыс желісімен қамту аймағында 2025 жылдың соңында 8 млрд-тан астам адам тұрып жатқан. Сонымен қатар 2025 жылы 10 жылдан астам уақыт байқалып отырған тіркелген телефон желілері санының төмендеуі жалғасты, ол есепті жылы 18,1 млн-ға азайды.

Әлем халқының телекоммуникациялық желілер мен технологияларға қолжетімділігінің көрсеткіштері, жылдың соңына қарай, млн

Көрсеткіш	2023	2024	2025
Тіркелген телефон желілерінің саны	858,1	833,5	**815,4**
Тіркелген КЖҚ абоненттерінің саны	1 502,1	1 575,1	**1 654,4**
Ұялы байланыс абоненттерінің (нөмірлердің) саны	8 877,4	9 005,0	**9 170,7**
Ұялы байланыстың белсенді абоненттерінің (нөмірлердің) саны	7 505,0	7 816,9	**8 174,5**
Халықты мобильді байланыс желісімен қамту (жеке тұлғалар саны)	7 905,5	7 988,2	**8 070,7**
Халықты 3G және одан жоғары деңгейдегі ұялы байланыс желісімен қамту (жеке тұлғалар саны)	7 709,0	7 822,5	**7 920,9**
Жеке тұлғалар – интернет пайдаланушыларының саны	5 594,0	5 804,8	**6 047,4**
Ұялы телефондары бар жеке тұлғалардың саны	5 486,8	5 582,7	**5 683,1**

Дереккөз: ITU

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі

01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

Адамдардың заманауи телекоммуникациялық қызметтерге қолжетімділігі олар тұратын елдердің экономикалық әл-ауқатына тікелей байланысты. Дүниежүзілік банк табыс деңгейі төмен елдер қатарына жатқызған елдерде (жылына жан басына шаққанда 1 135 доллардан төмен) 100 тұрғынға орташа есеппен 23,4 интернет пайдаланушысы келеді, ал табыс деңгейі жоғары елдерде (жан басына шаққанда жылына 13 935 доллардан астам және одан жоғары) бұл көрсеткіш 94,2 құрайды. Кедей және бай елдер 100 тұрғынға шаққандағы тіркелген телефон желілерінің (28,0-ге қарсы 0,9) және тіркелген КЖҚ абоненттерінің (38,7-ге қарсы 0,6) саны бойынша айтарлықтай неғұрлым ерекшеленеді, бұл ретте сымсыз байланысқа көшуге байланысты 2024 жылы екі көрсеткіштегі айырмашылық біршама тегістелді.

Дүниежүзілік банк әдіснамасы бойынша Қазақстан табысы орташа деңгейден жоғары елдер тобына кіреді (жан басына шаққанда 4 496 АҚШ долларынан 13 935 АҚШ долларына дейін). 2024 жылдың қорытындысы бойынша (осы есепті дайындау кезінде қолжетімді ITU-ның неғұрлым өзекті деректері) тіркелген кең жолақты қол жеткізуді ұлғайту кезінде (100 адамға шаққанда14,3-тен 15,3-ке дейін) халықтың стационарлық телефон желілерімен қамтамасыз етілуінің төмендеуі орын алды (100 адамға шаққанда 13,2-ден 11,9-ға дейін). Ұялы байланыс (мобильді нөмірлер) абоненттерінің саны да өзгеріссіз қалып, 100 адамға шаққанда 127 адамды құрады. Халықты ұялы байланыспен қамту көрсеткіштері шамамен өзгеріссіз қалды, жеке тұлғалардың – интернет пайдаланушылардың үлесі аздап өсті. Мобильді байланыс желілеріне қол жеткізуді және оларды пайдалануды сипаттайтын көрсеткіштердің мәндері табысы жоғары елдер үшін орташа деңгейге сәйкес келеді. Сонымен бірге Қазақстанда халықтың стационарлық телефон желілерімен қамтамасыз етілу деңгейі табыс деңгейі орташадан жоғары елдер тобы үшін орташа мәннен сәл ғана асып түседі, ал Қазақстанда КЖҚ таралуы осы елдер тобы үшін орташа деңгейден едәуір төмен.

Жан басына шаққандағы табыс деңгейіне байланысты елдердегі телекоммуникациялық технологияларға қолжетімділік (2025 жылдың соңындағы жағдай бойынша), 100 адамға шаққандағы саны

	Орташа әлемдік мән	Табысы төмен елдер	Табысы орташадан төмен елдер	Табысы орташадан жоғары елдер	Табысы жоғары елдер	Қазақстан (2024 жылдың соңында*)	Қазақстан (2023 жылдың соңында*)
Тіркелген телефон желілерінің саны	9,9	0,9	3,0	11,0	28,0	11,9	13,2
Тіркелген КЖҚ абоненттерінің саны	20,1	0,6	5,0	33,0	38,7	15,3	14,3
Ұялы байланыс абоненттерінің саны	111,5	69,5	89,9	132,4	141,6	127,0	127,0
Халықты мобильді байланыс желісімен қамту	98,1	91,9	98,1	99,2	99,6	99,0	99,0
Халықты мобильді 3G және одан жоғары деңгейдегі мобильді байланыс желісімен қамту	96,3	84,2	95,9	98,7	99,3	98,2	97,7
Жеке тұлғалар – интернет пайдаланушыларының саны	73,6	23,4	62,9	88,8	94,2	93,4	92,9
Ұялы телефондары бар жеке тұлғалардың саны (%)	82,3	53,0	73,8	90,3	96,5	96,2	95,7

Дереккөз: ITU

** Осы Жылдық есепті дайындау сәтінде ITU базасындағы Қазақстан бойынша ең өзекті деректер – 2024 жылғы.*

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі

01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯ САЛАСЫ

Көрсетілген байланыс қызметтерінің құны, кезеңдегі млрд теңге



Дереккөз: ҚР СЖжәнеРА ҰСБ

Байланыс кәсіпорындары 2025 жылы көрсеткен қызметтердің жиынтық көлемі 1,48 трлн теңгені құрады (курьерлік және пошталық қызметтерді қоспағанда). Көрсеткіштің өсуі көбінесе интернетке сымды және сымсыз қол жеткізуді ұсыну бойынша қызметтер көлемінің ұлғаюымен байланысты болды (724,3-тен 877,7 млрд теңгеге дейін). Ұялы байланыс қызметтерінің көлемі 207,0 млрд теңгеден 224,5 млрд теңгеге дейін өсті. Бұл ретте стационарлық телефония және деректер беру жөніндегі қызметтер көлемінің аздап төмендегені байқалды.

Байланыстың жеке түрлері бойынша қызметтердің физикалық көлемдерінің өзгеруі, % жылдан жылға

Дереккөз: ҚР СЖжәнеРА ҰСБ

2025 жылы байланыс қызметтері көлемінің нақты өсімі 3,6%-ды құрады, бұл өткен жылдың деңгейіне (3,5%) шамамен тең.

Көрсетілген байланыс қызметтерінің жиынтық көлемінің нақты көріністе өсуі көбінесе интернетке қол жеткізу қажеттілігінің өсуіне байланысты, ал басқа қызмет түрлеріне сұраныс біртіндеп төмендеуде.

Стационарлық телефония және тіркелген сымды қол жеткізу абоненттерінің саны, кезең соңында, млн



Дереккөз: ҚР СЖжәнеРА ҰСБ

Есепті жылы тіркелген телефон желілерінің саны 2,44-тен 2,18 млн-ға дейін төмендеді, ал тіркелген КЖҚ абоненттерінің саны керісінше 3,22-ден 3,32 млн-ға дейін өсті. Осылайша, стационарлық телефониядан бас тартумен және xDSL форматын (кәдімгі телефон желісі арқылы интернетке қол жеткізуді ұсыну) белсенді ығыстыратын оптикалық талшықты желілерді (ТОБЖ) пайдаланудың өсуімен байланысты көп жылдық үрдіс жалғасты.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

2025 жылдың соңындағы жағдай бойынша халықтың және аумақтың ұялы байланыс желілерімен қамтылуы



Дереккөз: ҚР СЖҚжәнеРА ҰСБ

2025 жылдың соңындағы жағдай бойынша (осы есепті дайындау сәтіндегі ең өзекті деректер) ұялы байланыс желілерімен ел халқының 99,0% қамтылған болды. Бұл ретте 3G желілерімен қамту 93,9%, 4G желілерімен – 96,8%, 5G желілерімен – 53,5% құрады. Озық мобильді технологияларға, оның ішінде IoT сұраныстың өсуіне және ынталандырушы мемлекеттік саясат жүргізуге байланысты таяу жылдары халықты неғұрлым жоғары жылдамдықты 5G желілерімен қамтудың өсуі күтілуде.

Мобильді байланыс және мобильді КЖҚ абоненттерінің саны,

кезең соңында, млн

Дереккөз: ҚР СЖҚжәнеРА ҰСБ

Қазақстан аумағында қызметтер көрсететін мобильді байланыс операторларының жиынтық абоненттік базасы өткен жылдағы 26,2 млн-ға қарсы 2025 жылдың соңында 27,4 млн абонентті (яғни белсенді SIM картаны) құрады. Бұл ретте мобильді КЖҚ абоненттерінің саны 18,8 млн-нан 18,9 млн-ға дейін өсті.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі

01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

КОМПАНИЯНЫҢ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

GRI 2-6, GRI 201-1, GRI 203-1, GRI 203-2, GRI 413-1, GRI 415-1

Компанияның нарықтағы үлесі

Қазақстандық мобильді байланыс абоненттерін операторлар бойынша бөлінуі



Дереккөз: ҚР СЖжәнеРА ҰСБ, Kcell, VEON Ltd.

2025 жылдың соңында «Кселл» АҚ абоненттік базасы 8,7 млн абонентті (яғни белсенді SIM картасын) немесе қазақстандық ұялы байланыс абоненттерінің жалпы санының 31,7%-ын құрады. «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС мен «Кар-Тел» ЖШС үлестері тиісінше 25,3% және 43,1% абонент болды.

Негізгі операциялық көрсеткіштер

Компанияның абоненттік базасы,
кезеңнің соңында, мың абонент



Абоненттік базаның шамалы төмендеуі нарықтың қанығуы мен жоғары бәсекелестік аясында пайдаланушы белсенділігінің тұрақтануын көрсетеді. Сонымен қатар адал клиенттер аудиториясының сақталуымен және цифрлық қызметтерді тұтынудың өсуімен абоненттік базаның құрылымы тұрақты болып қалады.

Бір абонентке шаққандағы орташа айлық дауыстық трафик (MOU),
айына мин



Дауыстық трафиктің төмендеуінің себебі – пайдаланушылардың мессенджерлер және VoIP қызметтері сияқты цифрлық байланыс арналарына үздіксіз көшуі, сондай-ақ дәстүрлі дауыстық байланысты тұтыну төмендеуінің жалпы нарықтық үрдісі.

Мобильді интернет-трафик,
кезеңдегі Пбайт



Деректерді берудің жылдық көлемінің 2024 жылғы 864 Пбайттан 2025 жылы 1 439 Пбайтқа дейін өсуі цифрландыру үдерісіне, интернетке мобильді қол жеткізуді пайдаланудың өсуіне, 4G және 5G желілерінің дамуына, сондай-ақ абоненттер арасында ағынды қызметтер, бұлттық шешімдер мен онлайн платформалардың танымалдылығының өсуіне байланысты.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

Бір пайдаланушыға шаққандағы орташа айлық табыс (ARPU),
теңге айына



Есепті жылы ARPU-ның шамалы өсуі байқалды – 2024 жылғы 1 820 теңгеден 2025 жылы 1 834 теңгеге дейін, бұл абоненттік базаның өсуі кезінде абоненттерді неғұрлым қолжетімді тарифтік жоспарлардың пайдасына қайта бөлінуіне байланысты. Сонымен қатар, пайдаланушылардың жалпы саны мен қызметтерді тұтыну көлемі тұрақты өсуді жалғастыруда, бұл ұзақ мерзімді клиенттер адалдығы стратегиясының тиімділігін растайды.

Желілерді дамыту

2025 жылы Компания жоспарланған мәні 2078 станция болғанда 2 560 базалық станция (БС) салды, оның ішінде:

5G жоспары 589 БС болғанда

802 БС;

Жоспары 1 359 БС болғанда 4G желіні жаңғырту бойынша жұмыстар шеңберінде

1 627 БС;

«250+» жобасы шеңберінде

131 БС

(ауылдық жерлерде желілерді дамыту).

B2C сегментін дамыту

2025 жылы компания **қосымша сервистер (VAS/OTT) және жаңа табыс көздері (New Revenue)** сегменттеріндегі позицияларды күшейте отырып, кірістерді әртараптандыру және цифрлық экожүйені дамыту стратегиясын дәйекті түрде іске асырды. Басты назар абоненттердің адалдығын арттыратын құндылық ұсыныстарын жасауға, серіктестік экожүйелерді кеңейтуге және инновациялық өнімдік үлгілерді дамытуға бағытталды.

OTT-сервистерді тарифтік жоспарларға ықпалдастыру.

2025 жылы компания телеком-қызметтер мен цифрлық контентті біріктіретін экожүйелік өнімдерді дамытуды жалғастырды:

- дамудың негізгі бағыты Яндекс Плюс жазылымын «Отбасылық тариф» құрамына жекелеген ақылы өнімге бөлместен қосымша құндылық ретінде қосу болды.
- Бұл тәсіл мыналарға мүмкіндік берді:
- отбасылық тарифтік жоспарлардың тартымдылығын арттыруға,
- пайдаланушылардың цифрлық қызметтерге тартылуын арттыруға,
- кешенді ұсыныс есебінен бәсекелестік артықшылықтарды күшейтуге.

Тарифтік желіні және өнімдік ұсыныстарды дамыту.

2025 жылы Компания тарифтік портфельді жаңартуға және абоненттердің түрлі сегменттеріне сараланған өнімдік ұсыныстарды жасауға назар аударды.

«Үздік» тарифтік жоспарларының жаңартылған желісі іске қосылды, оған кіретіндер:

- бонустық лимитсіз 5G-трафик;
- тарифті қайта белсендірумен интернет-трафикті екі еселеу;
- «Гигтеріңді бөліс» сервисінің жақсартылған шарттары (айырбастаудың жоғары бағамы);
- уақтылы төлеу кезінде пайдаланылмаған гигабайттарды көшіру және екі еселеу.



Бұдан бөлек, жаңа абоненттерді тартуға және қолданыстағы базаны ұстап қалуға бағытталған промо-тарифтік жоспарлар іске қосылды.

Балаларға арналған білім беру сегментін және цифрлық сервистерді дамыту.

Есепті кезеңде оқушылар мен олардың ата-аналары үшін қауіпсіз және қолжетімді цифрлық орта қалыптастыруға бағытталған бастамалар кешені іске асырылды:

- **40% жеңілдік** берілетін Kundelik және BilimClass жетекші білім беру платформалары арқылы қолжетімді **«Имба»** балалардың тарифтік жоспарларының жаңартылған желісі іске қосылды. Бұл шешім оқушылар үшін байланысқа ыңғайлы қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, телеком-қызметтерді күнделікті білім беру ортасына ықпалдастыруға мүмкіндік берді.
- Орынсыз контентті сүзгілеуді және балаларды цифрлық ортада қорғауды қамтамасыз ететін **«Қауіпсіз интернет»** қызметі іске асырылды.

Қызмет ата-аналар тарапынан сенім қалыптастырудың маңызды элементіне айналды және компанияның өнімдік портфелінің әлеуметтік маңыздылығын арттырды.

Жиынтығында бұл бастамалар компанияның отбасылық және балалар өнімдері сегментіндегі позициясын нығайтты, сондай-ақ білім беру арналары арқылы жаңа пайдаланушыларды тарту арқылы клиенттік базаны кеңейтуге ықпал етті.

Премиум сегментінде серіктестік бағдарламаларды дамыту.

2025 жылы компанияның қаржы институттарымен ынтымақтастықты кеңейте отырып, іске асырғаны:

- Halyk Bank премиум клиенттері, Mastercard карта ұстаушылары үшін **жылдық роуминг-топтамаларды** іске қосу.
- Бұл ұсыныс мыналарға мүмкіндік берді:
- серіктестің банк өнімдерінің құндылығын арттыруға,
- роумингтік қызметтерге ыңғайлы және ашық қол жеткізуді қамтамасыз етуге,
- клиенттердің high-value сегментінде компанияның қатысуын күшейтуге.

Бастама телекоммуникациялық және қаржылық сервистердің тиімді синергиясының үлгісі болды.

Контенттік экожүйені дамыту аясында келесілер жүзеге асырылды:

- Mobi Kino сервисі «Әулет» тарифтік жоспарына интеграцияланды:
- Kcell Aulet қызметі шеңберінде абоненттерге бейнесервиске қосымша төлемсіз науқандық қолжетімділік берілді.

Бұл бастама бейнеконтентті тұтынуды арттыруға, тарифтік ұсыныстардың құндылығын көтеруге және компанияның OTT-сервистер нарығындағы орнын нығайтуға мүмкіндік берді.

2025 жылы Компания «Қазақтелеком» серіктестікте құрылған **жаңа «Актив Үйде» конвергентті өнімін іске қосты.** Бұл шешім тіркелген интернеттің сенімділігі мен мобильді байланыстың икемділігін бір тарифте біріктірді. Абоненттер үшін негізгі артықшылық – бірыңғай шот, гигабайттар, минуттер және SMS ортақ пакеті шеңберінде 7 SIM-картаға дейін қосу мүмкіндігі, сондай-ақ мобильді қосымша арқылы қызметтерді оңайлатылған басқару. Оған қоса алғашқы үш есептен шығаруға 60%-ға дейін жеңілдік қарастырылған, бұл өнімге кіру кедергісін төмендетеді.

Тағы бір маңызды оқиға **Кселл мен Meganet компаниясымен серіктестігі** болды. Бірлескен конвергентті өнім бір тиімді пакетте 800 Мбит/сек дейінгі жылдамдықты және 6 SIM-картаға дейін біріктіреді. Мұндай үйлесім әсіресе үлкен отбасылар мен белсенді пайдаланушылар үшін қолайлы.

800 Мбит/сек жылдамдығы жоғары ажыратымдылықта бейнені кідіріссіз ағызуға, бұлтты ойындар ойнауға және ақылды құрылғыларды қосылым сапасын жоғалтпай бір уақытта қосуға мүмкіндік береді.

Компания өңірлердегі байланысты дамытуға ерекше назар аударады. **2025 жылы ауылдық елді мекендердің тұрғындары үшін үйдегі интернеттің арнайы өнімі – «Кең Дала» тарифі іске қосылды.** Ол цифрлық теңсіздікті жоюға және шалғай аудандардағы адамдарға заманауи интернеттің барлық артықшылықтарын пайдалануға мүмкіндік беруге бағытталған.

«Кең Дала» – бұл жай ғана қызмет емес, ауыл қоғамдастығына көрсетілетін нақты қолдау. Жоғары жылдамдық, тұрақты сигнал және қолжетімді бағалар жобаны ауылдар тұрғындары үшін аса өзекті етеді.

Бұл бастамалардың әрқайсысы біздің классикалық мобильді оператордан көп сервистік провайдерге айналғанымызды растайды. Біз инфрақұрылым мен серіктестікке инвестиция салуды жалғастырудамыз, сонда әрбір қазақстандық – 800 Мбит/сек интернет сұраған мегаполис тұрғыны болсын немесе шалғай ауылдың тұрғыны болсын – өзін жаһандық цифрлық әлемнің бір бөлігі ретінде сезінеді.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

Мобильді қаржылық сервистер

2025 жылдың негізгі оқиғалары:

- **Белсенді базаны масштабтау:** Ай сайынғы белсенді пайдаланушылар саны (MAU) 2024 жылмен салыстырғанда **39%-ға** артты. Өсім теңгерімнен төлемдер функционалын, атап айтқанда, гейминг және лотерея санаттарында кеңейтумен, сондай-ақ тарифтік жоспарлардың абоненттері үшін кешбэктерді есептеу жүйесінің енгізілуімен қамтамасыз етілді.
- **Операциялық белсенділік:** Транзакциялар саны жылдық есеппен **42%-ға** өсті. Өсудің драйверлері шағын төлемдерді танымал ету және транзакциялық белсенділікті ынталандыру үшін маркетингтік құралдарды белсенді пайдалану болды.
- **Төлемдер көлемі:** МҚС арқылы транзакциялардың жалпы көлемі 2024 жылғы көрсеткіштерге қатысты **16%-ға** ұлғайды. Бұл жаңа төлем ұйымдарымен тікелей ықпалдасудың және қолжетімді сервистер тізбесін жоспарлы кеңейтудің арқасында мүмкін болды.
- **Қаржылық тиімділік:** МҚС бағытының түсімі жылына **54%-ға** ұлғайып, ең әсерлі динамиканы көрсетті. Түсімнің өсуіне жоғары маржалық сервистердегі комиссияны көтеру және таргеттелген маркетингтік белсенділіктерді жүргізу негізгі үлес қосты.

Мобильді Қаржылық Сервистер өнімдері

Өнім	Қысқаша сипаттамасы	Ерекшеліктері
Теңгерімнен төлемдер	Қосымшадағы және сайттардағы телефон теңгерімінен 3000-нан астам қызмет ақысын төлеу	Абоненттің тарифтік жоспарына байланысты 100%-ға дейін кешбэк алып, коммуналдық қызметтерді, қоғамдық көлікте жүруді, ойындарды, билеттерді және т.б. төлеу мүмкіндігі
Play мен AppStore-дағы төлемдер	Ойындарды, кітаптарды, контентті теңгерімнен төлеу	Сатып алу сомасының 5%-ға дейін кешбэк алатын төлем құралы ретінде аккаунтқа байланыстырылған ұялы телефон теңгерімінен төлем
OGO Бонус	Қызметтерді пайдаланушыларға арналған адалдық бағдарламасы	Ұялы телефон теңгерімінен Kcell немесе active қосымшасында, сауда және қызмет көрсету кәсіпорындарының сайттарында төлем сомасынан 100%-ға дейін кешбэк алып жасалған төлемдер үшін бонустық сыйақы бағдарламасы

B2B сегментін дамыту

2025 жылы компания экономиканың түрлі салалары үшін кешенді шешімдер мен сервистерді ұсына отырып, B2B сегментін дамытуды жалғастырды. Стратегия шеңберінде негізгі назар клиенттерді цифрлық трансформациялау бағыттарына аударылды. Жыл қорытындысы бойынша корпоративтік сектордағы түсім 2024 жылмен салыстырғанда 7,8%-ға ұлғайды, бұл B2B өнімдері портфелін теңгерімді дамытудың және нарықтың барлық сегменттерінде клиенттік базаны кеңейтудің нәтижесі болды.

Private LTE/5G негізіндегі инфрақұрылымдық шешімдер стратегиялық маңыздылығын сақтап қалды. Бұл технологиялар жоғары жылдамдық пен байланыс тұрақтылығын қамтамасыз етті, бизнесті цифрландыру мүмкіндіктерін кеңейтті, ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттырды және сапаны жоғалтпастан процестерді ауқымдандыруға жағдай жасады. Нәтижесінде корпоративтік клиенттер тиімділікті арттыруға және инновацияларды енгізуге ықпал ететін аса икемді әрі қорғалған желілік шешімдерге қол жеткізді.

2025 жылы Kcell Қазақстанда алғашқы болып ERG компаниясының «Шығыс» кесіндісінде Private 5G өнеркәсіптік желісін іске қосты. Жоба өнеркәсіпті цифрлық трансформациялауда және өндіріске заманауи технологияларды енгізуде маңызды қадам болды.

Бұл шешім алғаш рет қалың жұртшылыққа 2025 жылдың наурыз айында AlmatyFair.ai көрмесінде таныстырылды. Сол уақытта жоба Қазақстан мен Өзбекстан президенттеріне көрсетілді. Мемлекет басшылары «Шығыс» кесіндісіндегі ұшқышсыз техниканың Private 5G жеке желісі арқылы қалай басқарылатынын нақты уақыт режимінде тамашалады. Бұл көрсетілім өндірістік процестердің қауіпсіздігін, сенімділігін және тиімділігін арттыру үшін аталған технологияның мүмкіндіктерін айқын дәлелдеді.

Жыл бойы ТКШ, логистика, өнеркәсіп және агроөнеркәсіптік сектордағы автоматтандыру және мониторинг шешімдерін қоса алғанда, Заттар интернетін (IoT) дамытуға едәуір көңіл бөлінді. M2M қосылымдарын, IoT-SIM карталарын және қашықтықтан басқару платформаларын пайдалану операциялық тиімділікті және процестердің сенімділігін арттыруға, сондай-ақ адам факторының әсерін төмендетуге мүмкіндік берді. Бұл бағыт цифрлық трансформация мен жасанды интеллектті дамытудың мемлекеттік басымдықтарын қолдайды. Компания сондай-ақ Big Data бағытын дамытып, басқарушылық шешімдердің сапасын арттыру және нарықтағы өзгерістерге жедел ден қою үшін үлкен көлемдегі деректерді жинауды және талдауды қамтамасыз етті.

Осылайша, **2025 жылдың қорытындысы бойынша** B2B сегментін дамыту **инфрақұрылымдық шешімдерге, IoT және Big Data-ға** бағытталды, бұл клиенттерге бизнесті цифрлық трансформациялау үшін заманауи және масштабталатын құралдарды ұсынуға мүмкіндік берді.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі

01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

Баланс құрылымы,
кезеңнің соңында, млн теңге

Компанияактивтерініңбаланстыққұны2025жылы23,9%-ға өсіп, 526,15 млрд теңгені құрады. Көрсеткіштің өсуі инвестициялық бағдарламаны белсенді іске асыру нәтижесінде пайдалану құқығы нысанындағы негізгі құралдар мен активтер құнының өсуіне байланысты болды.

Меншікті капитал 7,8%-ға өсті. Міндеттемелер көбінесе қарыздардың қосымша көлемін тарту есебінен 36,0%-ға өсті.

Пайда көрсеткіштері.
кезеңдегі млн теңге



Компанияның операциялық пайдасы өткен жылмен салыстырғанда 26,9%-ға, EBITDA – 15,7%-ға, таза пайда – 38,9%-ға өсті. Пайда көрсеткіштерінің өсуі бірінші кезекте сатудан түскен түсімнің ұлғаюымен байланысты.

Негізгі қызметтен түсетін кірістер,
кезеңдегі млн теңге



Дауыстық байланыс және деректер беру қызметтерін көрсетуден түсетін кірістер 2024 жылмен салыстырғанда 2,3%-ға, мобильді құрылғылар мен жабдықтарды сатудан түсетін кірістер – 15,5%-ға өсті.

2025 жылғы негізгі қызметтен түсетін кірістер құрылымы



Компанияның негізгі қызметінен түскен кірістері 2024 жылмен салыстырғанда 8,6%-ға өсіп, 262,0 млрд теңгеге жетті. Негізгі қызметтен түсетін кіріс құрылымында дауыстық байланыс қызметтерінің үлестік салмағы 71,2% құрады, екінші маңызды кіріс бабы (16,1%) – мобильді құрылғылар мен жабдықтарды сату болды.

2025 жылғы Компания шығындарының құрылымы



Компанияның шығындар құрылымында ең көп үлесті жалпы шығындардың 78,6%-ын құрайтын сатудың өзіндік құны алады. Сондай-ақ қаржылық шығындар (8,5%), жалпы және әкімшілік шығындар (4,3%) маңызды баптар болып табылады. Жалпы алғанда, шығындардың басқа түрлеріне жиынтық шығындардың шамамен 8,6%-ы келеді.

Инвестициялар және күрделі салымдар, кезеңдегі млн теңге



Күрделі салымдар көлемі 2024 жылмен салыстырғанда 37,7%-ға өсіп, 107,7 млрд теңгені құрады.

Бұл ретте негізгі құралдарға салымдар 47,7%-ға ұлғайып, 92,2 млрд теңгені құрады, материалдық емес активтерге салымдар 1,9%-ға – 15,5 млрд теңгеге дейін азайды.

Табыстылық көрсеткіштері



Сату көлемінің өсуі нәтижесінде таза пайданың ұлғаюы табыстылық көрсеткіштерінің өсуіне алып келді.

Активтердің табыстылығы 2,4%-дан 2,7%-ға дейін, сату табыстылығы – 4,3%-дан 5,4%-ға дейін, меншікті капиталдың табыстылығы – 5,6%-дан 7,2%-ға дейін өсті. EBITDA бойынша табыстылық 38,2%-дан 40,7%-ға дейін өсті.

Ақша ағындары, кезеңдегі млн теңге



Операциялық қызметтен түсетін ақша ағыны 2024 жылмен салыстырғанда 1,7 млрд теңгеге ұлғайып, 80,9 млрд теңгені құрады. Таза ақша ағыны оң болып, 23,8 млрд теңгені құрады (2024 жылы – «минус» 2,6 млрд).

Инвестициялық қызметтен түсетін теріс ақша ағыны көбінесе негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алуға жұмсалған шығыстардың азаюына байланысты.

2025 жылы қаржылық қызметтен түсетін ақша ағыны оларға қызмет көрсетуге жұмсалатын шығыстардың төмендеуі кезінде жаңа қарыздар түсімдерінің өсуі салдарынан 2024 жылғы «минус» 2,4 млрд теңгеге қарсы 52,7 млрд – оң болып қалыптасты.

BAITEREK

БАНК РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА 25 ЖЫЛ

«2025 жылғы қарашада Компания Қазақстан Республикасында 4G және 5G желісін салу мен жаңғырту бойынша инвестициялық жобаны қаржыландыру мақсатында «Қазақстанның даму банкі» АҚ-мен жалпы сомасы 141,1 млрд теңгеге несиелік келісімшарт жасасты. Өтеу мерзімі 2040 жылғы қарашаға дейінгі және жеңілдікті пайыздық мөлшерлемесі жылдық 12,6%-ды құрайтын 40 млрд теңге көлеміндегі қаражат тартылды, бұл Қазақстандағы мобильді байланыстың дамуына елеулі үлес қосады».

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі

01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

САЛЫҚ САЛУ

GRI 207-1, GRI 207-2, GRI 207-3

«Кселл» АҚ өз қызметінде салық есебінің және есептілікті дайындаудың регламенттелген рәсімдерін ұстанады, салық есебі салық заңнамасының талаптарына қатаң сәйкестікте жүргізіледі. Компания заңнаманың талаптарына сәйкес белгіленген мерзімде барлық қажетті есептілікті ұсынуды қамтамасыз ете отырып, салық органдарымен ашық өзара іс-қимыл жасауға ұмтылады. Компания өз қызметін төмен салықтық юрисдикцияларда жүзеге асырмайды және басқыншылық салықтық жоспарлау әдістерін қолданбайды.

«Кселл» АҚ төлеген салық төлемдерінің жиынтық сомасы 2024 жылы 25 млрд теңгені, 2025 жылы – 39,9 млрд теңгені құрады.

«Кселл» АҚ салық төлемдері, млн теңге

Салық түрі	2023	2024	2025
КТС	13 852	5 600	**5 620**
ҚҚС	13 241	10 116	**15 146**
ЖТС	2 540	1 552	**2 639**
Әлеуметтік салық	1 415	1 388	**1 590**
Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем	80 455	3 028	**10 161**
Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты ұсынғаны үшін төлем	2 424	2 038	**2 183**
Басқа салықтар мен міндетті төлемдер	2 486	1 305	**2 586**
Жиынтық салық төлемдері	116 413	25 027	**39 925**

САТЫП АЛУ ІС-ТӘЖІРИБЕСІ

GRI 415-1

Сатып алу процестерін басқару «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (бұдан әрі – ҰӘҚ) сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органының нормативтік құжаттарына және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады. ҰӘҚ электрондық сатып алу ақпараттық жүйесі сатып алу процестерін басқару құралы болып табылады.

Сатып алуды жүзеге асыру кезінде Компания келесі қағидаттарды басшылыққа алады:
- шығындарды азайту;
- қажетті тауарлармен, жұмыстармен және талап етілетін сападағы қызметтермен уақтылы қамтамасыз ету;
- сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы;
- қабылданған шешімдерді бақылау және оларға жауапкершілік.

2025 жылы Компанияның сатып алулары туралы негізгі мәліметтер

2025 жылға арналған жоспар	58,73 млрд теңге
Жасалған шарттар саны	1255
Жеткізушілер саны	593
Жасалған шарттар сомасы	58,08 млрд теңге
Сатып алу жоспарын орындау	99%
Үнемдеу	2,27 млрд теңге; 5,43%
Бәсекелестік тәсілдермен жүргізілген сатып алу үлесі, шарттардың жалпы сомасының %	72,60%
Сатып алынған тауарлардағы жергілікті қамту үлесі	26%
Сатып алынған жұмыстардағы/қызметтердегі жергілікті қамту үлесі	79%

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ

Компанияның ағымдағы ESG-бейіні 35

Компанияның тұрақты даму саласындағы стратегиялық басымдықтары 39

БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына жетуге Компанияның қосқан үлесі 39

КОМПАНИЯНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ESG-БЕЙІНІ

GRI 2-13, GRI 2-14, GRI 2-16, GRI 2-24, GRI 2-25

2023 жылы Компанияның ағымдағы ESG-бейінін бағалау мақсатында SWOT-талдау жүргізілді, оның барысында тұрақты даму мәнмәтінінде Компания дамуының стратегиялық аспектілері нақтыланды. Жүргізілген талдау нәтижелері 2025 жылы өзектілігін сақтап қалды.

Аталған талдаудың нәтижелері 2025 жылы ESG жол картасы бойынша одан әрі жұмыс істеу, ішкі тәсілдерді өзектендіру және Қоғамның басқару органдары үшін ESG іс-шараларының мәртебесі туралы материалдарды дайындау үшін негіз ретінде пайдаланылды.

SWOT-талдау тұрақты даму мәнмәтінінде компанияның инвестициялық тартымдылығына және операциялық тұрақтылығына әсер етуі мүмкін бірқатар тәуекелдерді (инвестициялық, реттеушілік және беделді) анықтады.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Қоғам 2023 жылғы 25 шілдеде Директорлар кеңесі бекіткен ESG жол картасын іске асыруды жалғастырды. Әдіснаманы, ішкі құжаттарды және ESG-деректерге бірыңғай тәсілді қоса алғанда, жұмыс жекелеген ESG-бастамалардан және жекелеген көрсеткіштерді ашудан неғұрлым тұтас ESG-басқару жүйесін қалыптастыруға көшуге бағытталды. Жол картасының өзекті мәртебесі 267 міндетті: экологиялық бағыт бойынша 66 міндетті, әлеуметтік бағыт бойынша 119 міндетті және басқарушылық бағыт бойынша 82 міндетті қамтиды. Іс-шаралардың бір бөлігі аяқталды, бір бөлігі бойынша, оның ішінде ішкі нормативтік құжаттарды дайындау және рәсімдеу қажеттілігіне байланысты жұмыстар жасалуда.

Атап айтқанда, климаттық тәуекелдерді ашудың жеткіліксіз ашықтығына, АКТ қызметтері және реттеушілік қысым саласындағы нормативтік талаптардың өзгеруіне байланысты инвестициялық тартымдылықтың төмендеу қаупі бар, әсіресе ESG саласында.

Бұл тәуекелдерді азайту үшін нақты стратегиялар ұсынылады. Экологиялық аспектіде Компания парниктік газдардың (бұдан әрі – ПГ) шығарындыларын есепке алу жүйесін енгізіп және халықаралық стандарттарға сәйкес экологиялық менеджмент жүйесін енгізе отырып, климаттық тәуекелдерге қатысты өзінің ашықтығы мен жауапкершілігін арттыра алады.

Әлеуметтік тәуекелдерді адам капиталына инвестициялау, оның ішінде адам құқықтарының тәуекел картасын әзірлеу және халықаралық стандарттарды белсенді қолдану арқылы азайтуға болады.

Қазіргі уақытта IFRS S1 және S2 стандарттары ҚР-да міндетті болып табылмайды, бірақ олар басқарушылық аспект GRI, IFRS S1 және S2 халықаралық стандарттарын мұқият орындауды, сондай-ақ көміртегі ізі туралы ақпаратты ашу үшін CDP бағдарламасына белсенді қатысуды талап ететінін растай отырып, болашақтағы ашу талаптарына дайындалуға бағдар болып табылады. Бұл қадамдар Компанияға реттеуші қысыммен күресуге көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар оның беделі мен инвестициялық келешегін жақсартады.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

«Кселл» АҚ-ның ESG-бейініне SWOT-талдау жүргізу

S Күшті жақтар	W Әлсіз жақтар	O Мүмкіндіктер	T Тәуекелдер

Экологиялық аспект

S Күшті жақтар	W Әлсіз жақтар	O Мүмкіндіктер	T Тәуекелдер
Парниктік газдардың төмен шығарындылары ДӨО-да энергия тұтынудың бөлек есебі жүргізіледі	5G технологиясына көшу кезінде неғұрлым жоғары энергия тұтыну Компанияда климаттық әсерлерді басқару жүйесі жөнге келтірілмеген және парниктік газдардың шығарындыларын азайту бойынша қадамдар белгіленбеген Компанияда қалдықтарды кәдеге жарату және жою (көму, өртеу) бойынша мақсатты көрсеткіш белгіленбеген Экологиялық саясат енгізілмеген Компания халықаралық сертификаттау стандарттарын (ISO 14001) ұстанбайды Компанияда төмен көміртекті өнімдер деп жіктелетін өнімдер және/немесе қызметтер жоқ Компанияда Компания қызметінің биоалуантүрлілікке әсеріне мониторинг жүргізу рәсімі жоқ	Қоршаған ортаны қорғау аспектілері бойынша сандық нысаналы көрсеткіштерді енгізу (қалдықтардың пайда болуын азайту, ПГ шығарындыларының көлемін азайту) Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған өнімдерді, іс-әрекет түрлері мен қызметтерді айқындау Компанияның операциялық қызмет аймақтарындағы биоалуантүрліліктің ағымдағы деңгейін бағалау Өтпелі климаттық тәуекелдерді есепке алу және бағалау (TCFD ұсынымдарына сәйкес) ПГ шығарындыларын азайту жөніндегі іс-шараларды іске асыру үшін «жасыл инвестицияларды» тарту	Қымбат тұратын төмен көміртекті технологиялар Экологиялық нормативтер бойынша, соның ішінде телекоммуникация саласы үшін талаптарды қатайту Төтенше ауа-райы жағдайлары бизнес пен инфрақұрылым беделіне нұқсан келтіруі мүмкін Климаттық тәуекелдер туралы ақпараттың жеткіліксіз ашылуына байланысты инвестициялық тартымдылықтың төмендеуі Климаттық жобалардың институционалдық және нормативтік базасының болмауына байланысты алынбай қалған пайда

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

S	W	O	T
Күшті жақтар	Әлсіз жақтар	Мүмкіндіктер	Тәуекелдер

Әлеуметтік аспект

- Телекоммуникациялар аясында пікір білдіру бостандығына қатысты салалық саясат
- Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды басқарудың дамыған жүйесі
- Кері байланыс тетіктерінің дамыған жүйесі
- Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау жүйесінің болуы
- Митигация шараларының сипаттауы бар қызметкерлерді басқару саласындағы тәуекелдер тізілімі
- Оқыту мен біліктілікті арттырудың дамыған жүйесі
- Қолжетімділік аймағы бойынша АКТ қызметтерінің қолжетімділігі
- Қызметкерлердің тиімділігін басқаруды жеке және/немесе командалық бағалаудың дамыған жүйесі
- Компанияның деректерді қорғау жөніндегі құпиялылық саясаты
- Адам құқықтары саласындағы тәуекелдерді бағалау және басқару процесінің болмауы
- Ұжымдық шарттың болмауы
- Әртүрлілік пен кемсітушілік саласындағы саясат пен басқару тетіктерінің болмауы
- Еңбек ақысын төлеуде гендерлік теңдікті қамтамасыз ететін бағдарламалардың болмауы
- Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл саласындағы саясат пен басқару тетіктерінің болмауы
- Жұмыскерлерге арналған ұзақ мерзімді ынталандырудың болмауы
- Қауымдасу еркіндігінің болмауы
- Құпиялықты қорғау туралы ақпарат беру
- АКТ технологиялары арқылы халықтың білім деңгейін арттыру
- Адам капиталына инвестиция салу
- Онлайн қызметтерді ұсынуды кеңейту арқылы Компанияның кірісін ұлғайту
- Адам құқықтары саласындағы тәуекелдерді басқару
- Ресурстарды оңтайландыру үшін жаңа қосымшалар мен платформаларды енгізу мүмкіндігі
- Адам құқықтары саласындағы мүдделі тараптардың сұранысына сәйкес келетін жаңа қосымшалар мен платформаларды енгізу мүмкіндігі
- Адам құқықтары саласындағы тәуекел картасын енгізу мүмкіндігі
- Компания қызметкерлері мен мердігерлері үшін қауіпсіздік көрсеткіштерін жақсарту
- Білікті персонал үлесін ұлғайту
- Қызметкерлердің әл-ауқатының динамикасын арттыру
- Халықтың нақты табыстарының төмендеуіне әсер ететін экономикалық жағдай
- Алматыдағы орталық байланыс арнасына тәуелділік
- АКТ қызметтеріне қойылатын нормативтік және заңнамалық талаптардағы өзгерістер

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

S Күшті жақтар

W Әлсіз жақтар

O Мүмкіндіктер

T Тәуекелдер

Корпоративтік басқару

- Директорлар кеңесіндегі тәуелсіз директорлардың жоғары үлесі
- Директорлар кеңесінің жанында Аудит және тұрақты даму жөніндегі комитет жұмыс істейді
- Цифрлық экономиканы дамыту және ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету жобаларына белсенді қатысу
- Өнімдер мен қызметтердің әртараптандырылған портфелі
- Тұрақты даму қағидаттары Компанияның операциялық және стратегиялық қызметіне саясаттар, кодекстер, жарғылар, даму стратегиясы және ТКДБ сияқты әртүрлі корпоративтік құжаттар арқылы біріктірілген
- ТДМ-ға қол жеткізудің басымдықтары анықталды
- ESG саласындағы мақсаттар белгіленді және негізгі тиімділік көрсеткіштері анықталды
- Компанияның Директорлар кеңесі мен топ-менеджменті тұрақты даму мәселелеріне белсенді қатысады.
- ESG-есептіліктің жеткіліксіз ашықтығы
- Басқарма мен Директорлар кеңесінде әйелдердің болмауы
- Мемлекеттік реттеу мен бақылауға тәуелділік
- Директорлар кеңесінің мүшелерін тағайындау кезінде әртүрлілік факторларын есепке алудың нақты талаптарын айқындайтын Директорлар кеңесінің әртүрлілік саясаты әзірленбеген
- Бас атқарушы директордың сыйақысы, барлық басқа қызметкерлердің орташа сыйақысы және олардың арасындағы арақатынас туралы ақпарат ашылмайды
- Топ-менеджменттің сыйақысының төмен ашықтығы
- Компанияның тәртіп/әдеп кодекстерін бұзу (мысалы, сыбайлас жемқорлық, кемсітушілік және т.б.) туралы ақпарат ашылмайды
- ESG-тәуекелдерді басқару жүйесінің болмауы
- Қызметкерлердің жұмысын бағалау жүйесінде нормаларды/әдеп кодексін сақтауға және Компаниядағы сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаумен байланысты қызметкерлерге сыйақы беру қарастырылмаған.
- Компанияда сәтті жүзеге асырылып жатқан жылдам технологиялық өзгерістер мен инновациялар
- Жергілікті экономикалық өсу
- Компания операцияларына ESG біріктіру арқылы инвестициялар тарту
- Клиенттік базаны кеңейту және нарықтағы орынды нығайту үшін нарықтағы үлесті арттыру
- Тұрақты даму қағидаттарын пайдалана отырып, жаңа өнімдер мен қызметтер дизайны арқылы құндылық жасау мүмкіндігі
- GRI, IFRS S1, S2 халықаралық стандарттарын қолдана отырып, жоғары ESG рейтингін алу және CDP-де көміртегі ізі туралы ақпаратты ашу
- Әлеуметтік жауапкершілікті арттыру
- ESG іс-тәжірибелерін жақсарту және оларды Компанияның бизнес-процестеріне біріктіру үшін халықаралық тәжірибе мен серіктестікті пайдалану
- Жеткізушілермен өзара әрекеттесу кезінде маңызды тәуекелдерді айқындау және жою, оларға даму және ESG факторларына теріс әсерді азайту мүмкіндігін беру арқылы жеткізушілердің ESG бағдарламасын енгізу бойынша прецедент орнату.
- Жүйеге рұқсатсыз кіру салдарынан деректер қауіпсіздігінің бұзылуы, құпия деректердің ағып кетуі
- Экономикалық дамуды бәсеңдететін және бизнестің тиімділігін төмендететін Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейі
- Бизнес саласына әсер етуі мүмкін геосаяси қақтығыстар, саяси тұрақсыздық және саяси басқару құрылымындағы өзгерістер тәуекелі
- Реттеушілік тәуекелі: реттеушілер мен инвесторлардың ESG саласындағы қысымының артуы, осы салада қосымша күш пен назар аударуды талап етеді
- Халықаралық деңгейдегі ықтимал санкциялар мен шектеулер
- Қаржылық тұрақтылықтың төмендеу тәуекелі. Әлемдік экономиканың өсу қарқынының баяулау қаупі, жоғары инфляция мен өтімділіктің жеткіліксіздігі түріндегі экономикалық дағдарысқа байланысты ықтимал проблемалар
- Әсіресе монополияға қарсы саясат және құпиялылық салаларында шешуге назар мен ресурстарды қажет ететін құқықтық даулардың немесе сот талқылауларының туындау мүмкіндігі.

КОМПАНИЯНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҚТАРЫ

GRI 2-13, GRI 2-14, GRI 2-23, GRI 2-24, GRI 2-25

Ағымдағы ESG-бейінін бағалау негізінде «Кселл» АҚ тұрақты даму саласында өзіне 11 басымдықты айқындады, оларды іске асыру 2024–2032 жылдарға жоспарланған.

Экологиялық аспект	Әлеуметтік аспект	Басқарушылық аспект
Энергия тиімділігі; Парниктік газдар шығарындыларын азайту; Қалдықтарды тиімді басқару.	Персоналды басқару жүйелерін дамыту; Адам құқықтарын қорғау; Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету; Жергілікті қоғамдастықтарды қолдау және дамыту.	Корпоративтік басқару іс-тәжірибелерін жетілдіру; Іскерлік әдепті сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл; Тұрақты дамуды жүзеге асыру; Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Келесі кезеңде Қоғам ESG-есептілікті дамытуды, ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіру мен ресмилендіруді, ESG-KPI нақтылауды, сондай-ақ ESG-стратегиясын жалғастыруды және Төмен көміртекті даму бағдарламасын әзірлеуді аяқтауды жоспарлап отыр. ESG-рейтингін алу мәселесі Қоғамның ESG-бейінін одан әрі дамытудың жекелеген ықтимал кезеңі ретінде қарастырылады.

БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ЖЕТУГЕ КОМПАНИЯНЫҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

GRI 2-24

«Кселл» АҚ 2015 жылғы 15 қыркүйектегі 70/1 «Біздің әлемді өзгерту: 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған тұрақты даму саласындағы күн тәртібі» БҰҰ Бас ассамблеясының қарарында бекітілген тұрақты даму саласындағы БҰҰ Жаһандық күн тәртібінің мақсаттары мен міндеттерін толық көлемде бөліседі. Компания БҰҰ Жаһандық күн тәртібінің тұрақты даму саласындағы барлық 17 мақсатының маңыздылығын мойындайды және оларға қол жеткізуге өз үлесін қосуға тырысады. Компанияның операциялық бейінін және оның бизнес-үлгісін ескере отырып, ол өзінің негізгі қызметі шеңберінде тікелей үлес қосатын, алдына қойылған 17 мақсаттың 9-ы ол үшін ең өзекті болып табылады.

Басым ТДМ-ді «Кселл» АҚ-ның ESG-стратегиясына интеграциялау тұрақты бизнес-үлгі шеңберінде күш-жігер мен даму бағыттарын біріктіре отырып, стратегиялық түрткі болып табылады. Экологиялық, әлеуметтік және экономикалық мәселелердің кең ауқымын қамти отырып, ТДМ тәуекелдерді барынша азайтуға ықпал ете отырып, Компанияның тұрақты дамуына қол жеткізуге кешенді тәсілді қамтамасыз етеді. Бұл тәсіл тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қолғабыс етіп қана қоймай, Компанияның жалпы тиімділігін арттыруға да жәрдемдеседі. ESG-стратегиясын БҰҰ ТДМ-мен келісу «Кселл» АҚ-ның ұзақ мерзімді келешектегі бәсекелестік артықшылығын қамтамасыз ете отырып, мүдделі тараптардың қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

Нысаналы ESG іс-шаралары

Kcell мүдделі тараптары	Kcell	БҰҰ ТДМ	Іс-шаралар саны
Клиенттер	Құпиялылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету Тұтынушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігі Сапалы қызметтер көрсету	№ 11 – Тұрақты қалалар мен елді мекендер № 3 – Жақсы денсаулық және аман-есендік № 10 – Теңсіздікті азайту	> 200 ESG іс-шаралары
Қызметкерлер	Әділ еңбек ақысын төлеу Еңбекті қорғау Жеке әлеуетті жүзеге асыруға жағдай жасау, қатыстырысуды арттыру	№ 8 – Лайықты жұмыс және экономикалық өсу № 10 – Теңсіздікті азайту № 13 – Климаттың өзгеруімен күресу № 5 – Гендерлік теңдік	
Акционерлер	Экономикалық және қаржылық көрсеткіштер Корпоративтік басқарудың үздік іс-тәжірибелеріне берілгендік Тұрақты даму	№ 8 – Лайықты жұмыс және экономикалық өсу № 9 – Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым № 13 – Климаттың өзгеруімен күресу	
Серіктестер	Барлық міндеттемелерді орындау Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Айқындық	№ 11 – Тұрақты қалалар мен елді мекендер № 3 – Жақсы денсаулық және аман-есендік № 17 – Тұрақты даму мүддесіндегі серіктестік	
Мемлекет	Цифрлық экономиканы дамытуға жәрдемдесу Телекоммуникациялық инфрақұрылымды жаңғырту Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге көмектесу Қайырымдылық және демеушілік Тұрақты даму	№ 9 – Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым № 13 – Климаттың өзгеруімен күресу № 15 – Құрлықтың экожүйелерін сақтау № 11 – Тұрақты қалалар мен елді мекендер	
Қоғам	Жанама экономикалық әсер Әлеуметтік инвестициялар арқылы өмір сүру сапасын арттыру Жаңа технологияларға қолжетімділікті кеңейту	№ 8 – Лайықты жұмыс және экономикалық өсу № 10 – Теңсіздікті азайту № 3 – Жақсы денсаулық және аман-есендік № 9 – Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым	

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі 42
Акционерлік капитал 43
Акционерлердің құқықтары 43
Дивидендтер төлеу 44
Басқару органдары 44
Акционерлердің жалпы жиналысы 44
Директорлар кеңесі 45
Директорлар кеңесіне тағайындау қағидаттары 46
Директорлар кеңесінің құрамы 46
Керейбаев Дәурен Жұмағалиұлы 49
Директорлар кеңесі мүшелерінің қызмет нәтижелерін бағалау 49
Директорлар кеңесінің есепті жылдағы қызметі 49
Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер 50
Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің құрамы 50
Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің қызметі 51
Басқарма 52
Басқарма құрамы 52
Сыйақылар туралы ақпарат 55
Заңнама талаптарын сақтау 55
Комплаенс-бақылау 56
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл 57
Мүдделер қақтығысын басқару 59
Байланысты тараптармен мәмілелер 59
Ішкі аудит 60
Сыртқы аудит 60

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Компанияның корпоративтік басқару құрылымы, қағидаттары мен рәсімдері Компания акционерлерінің жалпы жиналысы 2021 жылғы 24 мамырда бекіткен «Кселл» АҚ Корпоративтік басқару кодексінде (КБК) бекітілген. Кодексті қабылдаудың мақсаты – Компанияның корпоративтік басқаруын жетілдіру және жүйелеу, оны басқарудың барынша ашықтығын қамтамасыз ету және Компанияның тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға бейілділігін растау.

КБК ережелеріне сәйкес корпоративтік басқару деп Компанияның қызметін басқаруды және бақылауды қамтамасыз ететін және акционерлер, Директорлар кеңесі, Басқарма, Компанияның өзге де органдары мен мүдделі тұлғалар арасындағы қатынастарды қамтитын процестердің жиынтығы түсініледі. Компания корпоративтік басқаруды Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру, оның беделін нығайту және ол капитал тартқан кезде шығындарды азайту құралы ретінде қарастырады.

«Кселл» АҚ корпоративтік басқару қағидаттары

Акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау	Корпоративтік басқару акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және құрметтеу қағидатына негізделген және Қоғамның тиімді қызметіне, оның ішінде оның активтерінің өсуіне, қаржылық тұрақтылық пен пайдалылықты қолдауға ықпал етеді.
Директорлар кеңесі мен Басқарманың Компанияны тиімді басқаруы	Директорлар кеңесінің қызметі акционерлердің мүдделерін барынша сақтау және іске асыру қағидаттарына негізделеді және Қоғамның нарықтық құнын арттыруға бағытталған. Басқарма қызметіндегі негізгі қағидаттар – заңдылық, адалдық, ұқыптылық, ақылдылық, тұрақтылық, кәсібилік, әділдік.
Компания қызметі туралы ақпаратты ашудың айқындығы мен әділдігі	Қоғам өзінің қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, тиімділігі, меншік құрылымы мен басқару жүйесі туралы мәліметтерді қоса алғанда, акционерлер мен өзге де мүдделі тұлғаларға дұрыс ақпаратты уақтылы және дәл ашу жолымен барынша айқындықты қамтамасыз етуге ұмтылады.
Заңдылық және әдеп	Қоғам заңнамаға және жалпы қабылданған іскерлік әдеп стандарттарына, ішкі нормативтік құжаттарға және шарттық міндеттемелерге қатаң сәйкестікте жұмыс істейді.
Тиімді дивидендтік саясат	Қоғам дивидендтерді өзінің дивидендтік саясатына, заңнамаға, өз Жарғысына және Акционерлердің жалпы жиналысының тиісті шешімдеріне сәйкес төлейді. Дивидендтерді бөлу туралы шешім қабылданған кезде оларды төлеу заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.
Тиімді кадр саясаты	Қоғам заңнамаға және «Кселл» АҚ Әдеп және мінез-құлық кодексіне сәйкес өз қызметкерлерінің құқықтарына кепілдік береді. Қоғам әлеуметтік мәселелерді шешу және еңбек жағдайларын реттеу үшін персоналмен серіктестік қатынастарды дамытады.
Тұрақты даму	Елдегі экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамдық дамуға өзінің ықпалының маңыздылығын мойындай отырып, Компания ұзақ мерзімді келешекте өзінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге, бұл ретте акционерлердің мүдделерін теңестіруге және болашақта өз көрсеткіштерін жақсартуға ұмтылады.
Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу	Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері қатардағы қызметкерлермен бірге өздерінің кәсіби міндеттерін орындауға адал әрі ақылға қонымды тұрғыдан қарайды, Қоғам мен оның акционерлерінің мүдделері үшін әрекет ете отырып және мүдделер қақтығысының туындауына жол бермей, тиісті дәрежеде қамқорлық пен қырағылық танытады. Қоғамның лауазымдық тұлғалары туындаған кез келген мүдделер қақтығысы туралы Корпоративтік хатшыға дереу хабарлайды.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ

Қоғамның акционерлік капиталына бір акция үшін номиналдық құны 169 теңге, толық төленген 200 000 000 жай акция кіреді. Қоғам акцияларының бақылау пакеті «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі бақылайтын «Қазақтелеком» АҚ-ға тиесілі.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша акциялар иелерінің толық тізімі төмендегі кестеде берілген.

Есепті кезеңдегі акционерлік капитал иелерінің құрылымындағы өзгерістер

	2025 ж. 31 желтоқсаны	2024 ж. 31 желтоқсаны
«Қазақтелеком» АҚ	**51,00%**	51,00%
«KC HOLDING LTD» жеке компаниясы	**14,87%**	14,87%
«Alatau City Bank» АҚ	**9,08%**	9,08%
«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	**7,06%**	7,10%
«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры	**5,64%**	2,97%
«ҚАЗПОШТА» АҚ	**3,01%**	3,36%
«ЖАСЫЛ ДАМУ» АҚ	**2,08%**	2,73%
«Райффайзенбанк» АҚ	**1,54%**	1,54%
Өзге де акционерлер	**5,72%**	7,35%
Барлығы	**100,00%**	100,00%

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

2019 жылғы 29 мамырда Акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен «Кселл» АҚ Жарғысында (бұдан әрі мәтін бойынша – Жарғы) қазақстандық заңнамада көзделген акционерлердің құқықтары толық көлемде бекітілген. Атап айтқанда, акционер құқылы:

1) осы заңнамада және (немесе) Жарғыда көзделген тәртіппен Компанияны басқаруға қатысуға;
2) дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленген кезде, Директорлар кеңесіне Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға;
3) дивидендтер алуға;
4) Акционерлердің жалпы жиналысында немесе Жарғыда айқындалған тәртіппен Компанияның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде оның қаржылық есептілігімен танысуға;
5) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
6) Компания акционерлерінің жалпы жиналысына қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін үміткерлерді ұсынуға;
7) Компания органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға;
8) дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленген кезде, заңнамада көзделген жағдайларда қоғамның лауазымды адамдарының қоғамға келтірілген залалдарды қоғамға өтеуі және қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) қоғамға қайтаруы туралы талаппен өз атынан сот органдарына жүгінуге;
9) Компанияның қызметі туралы жазбаша сұрау салулармен Компанияға жүгінуге және олардың Компанияға келіп түскен күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
10) Компанияның таратылуы кезінде мүліктің бір бөлігін алуға;
11) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы заңнамада белгіленген тәртіппен Компанияның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алуға;
12) Компания акцияларының санын өзгерту немесе заңнамада көзделген тәртіппен олардың түрін өзгерту туралы Акционерлердің жалпы жиналысының шешім қабылдауына қатысуға;
13) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және осы Жарғыға сәйкес қосымша құқықтарға ие болуға.

Дауыс беретін акциялардың 10%-ын және одан да көбін иеленетін ірі акционер немесе дауыс беретін акциялардың 10%-ын жиынтықта иеленетін және олардың арасында жасалған келісім негізінде әрекет ететін бірнеше акционерлер құқылы:

1. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі оны шақырудан бас тартқан жағдайда талап-арызбен сотқа жүгінуге;
2. Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
3. акционердің қаражаты есебінен Компанияға аудиторлық ұйымның аудит жүргізуін талап етуге.

Компанияның дауыс беретін акцияларының он пайызын және одан да көбін иеленетін акционерлер Банктің Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының жекелеген мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақы мөлшері туралы мынадай шарттар бір мезгілде болған кезде ақпарат алуға құқылы:

- Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының осы мүшесі не оның үлестес тұлғалары пайда (кіріс) алу мақсатында қоғам акционерлерін қасақана жаңылыстыру фактісін сот анықтағанда;
- егер Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының осы мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі Компанияның залалдары туындауына әкеп соққаны дәлелденсе.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

ДИВИДЕНДТЕР ТӨЛЕУ

Дивидендтер төлеу туралы шешімді Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды. Жай акциялар бойынша дивидендтер тиісті кезеңдегі қаржылық есептілікке аудит жүргізілгеннен кейін жылдың, жарты жылдың және/немесе тоқсанның қорытындысы бойынша төленуі мүмкін.

2023, 2024 және 2025 жылдары дивидендтер төлеу жүргізілген жоқ.

БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

GRI 2-9

Акционерлердің жалпы жиналысы	жоғары басқару органы
Директорлар кеңесі	Компания стратегиясын әзірлеуге, оның қызметіне жалпы басшылық жасауға және Басқарма қызметін бақылауға жауап беретін басқару органы
Басқарма	Компанияның ағымдағы қызметін басқаратын және Директорлар кеңесі мен Акционерлердің жалпы жиналысы айқындаған стратегияны іске асыратын алқалы атқарушы орган
Ішкі аудит қызметі	Компанияның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқарудың тиімділігін бағалауды жүргізетін орган

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

GRI 2-9

Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататындар:

- Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
- КБК, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдау;
- Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған, жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;
- Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттарын, мерзімдері мен тәртібін айқындау;
- есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау (қайта сайлау) және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы және шығыстарына өтемақы төлеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
- Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
- Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- есепті қаржы жылындағы Компанияның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Компанияның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- тоқсанның, жартыжылдықтың қорытындысы бойынша дивидендтер төлеу туралы, бөлінбеген пайданы бөлу туралы шешім қабылдау, Компанияның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтер мөлшерін бекіту;
- Компанияның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
- Компания акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- Компанияға тиесілі барлық активтердің 25 (жиырма бес) және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
- Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Компанияның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу;
- Компания Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта акциялар сатып алған жағдайда, олардың құнын айқындау әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер ол құрылтай жиналысында бекітілмесе, әдістемені бекіту);
- Жалпы жиналыстың күн тәртібін бекіту;
- егер Жарғыда мұндай тәртіп айқындалмаса, Қоғамның қызметі туралы акционерлерге ақпарат беру тәртібін айқындау;
- «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;
- нәтижесінде Қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің 50 (елу) және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің 50 (елу) және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауы;
- Қоғамның дивидендтік саясатын бекіту;
- олар бойынша шешім қабылдау Заңмен және (немесе) Жарғымен Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі барлық акционерлерге Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқықтарын жүзеге асыруға тең мүмкіндік береді. Акционерлер жеке өзі немесе қатысуынсыз дауыс бере алады (үшінші тұлғаға берілген сенімхат бойынша). Акционерлердің жалпы жиналысының жұмыс регламенті ақылға қонымды жеткіліктілікке және күн тәртібіндегі мәселелерді кеңінен талқылау және олар бойынша орынды шешімдер қабылдау мүмкіндігіне негізделген.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

GRI 2-9, GRI 2-10, GRI 2-11, GRI 2-12, GRI 2-16, GRI 2-18, GRI 2-19, GRI 2-20, GRI 202-2, GRI 405-1

Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысына есеп беретін және Компанияны басқару үшін жалпы жауапкершілікті көтеретін, Компанияға стратегиялық басшылықты және Басқарманың қызметін бақылауды қамтамасыз ететін басқару органы болып табылады.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің (дамуының) басым бағыттарын, стратегиялық мақсаттары мен жобаларын (даму стратегиясын) айқындау, олардың іске асырылуына мониторинг жүргізу, сондай-ақ Қоғамның даму жоспарын бекіту;
2) мұндай саясаттар немесе өзге де құжаттар Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жататын жағдайларды қоспағанда, Компания қызметінің негізгі мәселелері бойынша Қоғамның саясаттарын немесе өзге де ішкі құжаттарды бекіту;
3) жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысты шақыру туралы шешім қабылдау;
4) Заңның талаптарын сақтай отырып, жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
5) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
6) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
7) Қоғамның жылдық есебін бекіту;
8) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру және олардың құрамын айқындау, оның мүшелерін сайлау, Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
9) Қоғамның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім қабылдау;
10) Қоғамның Басқарма мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Басқарма Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
11) Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақысын, еңбек ақысын төлеу және сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау;
12) Қоғам Басқармасы туралы ережені бекіту;
13) Басқарма Төрағасымен және мүшелерімен жасалатын үлгілік еңбек шарттарының нысандарын бекіту;
14) Директорлар кеңесі бекіткен тізбеге сәйкес Қоғамның Басқарма мүшелері мен басқа да қызметкерлері үшін сабақтастықты жоспарлау бағдарламаларын бекіту;
15) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбек ақысын төлеу және сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау, сондай-ақ Ішкі аудит қызметі туралы ережені бекіту;
16) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және оған сыйлықақы беру шарттарын айқындау, сондай-ақ Корпоративтік хатшы туралы ережені бекіту;
17) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
18) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде акционерлерді өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
19) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
20) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан да көп пайызын сатып алуы (иліктен шығаруы) туралы шешімдер қабылдау;
21) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) Жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет түрлері бойынша шешімдер қабылдау;
22) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталының 10 (он) және одан да көп пайызына ұлғайту;
23) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;
24) оларды жасау туралы шешімді Жалпы жиналыс Заңға және осы Жарғыға сәйкес қабылдайтын мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның ірі мәмілелер жасауы туралы шешім қабылдау;
25) Заңда немесе Қоғамның Жарғысында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның мүддесі бар мәміле жасасуы туралы шешім қабылдау;
26) Қоғамның жылдық бюджетін, сондай-ақ есеп саясатын бекіту;
27) Қоғамның ұйымдық құрылымын бекіту;
28) Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштерін, Басқарма Төрағасы мен мүшелері қызметінің жеке негізгі көрсеткіштерін бекіту;
29) Қоғам атынан кез келген басқа заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша кепілдік беру туралы шешім қабылдау;
30) сыртқы қаржыландыруды тарту туралы шешім қабылдау;

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

31) Қоғам жарғысының жобаларын, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексін, дивидендтік саясатты, оның ішінде оған өзгерістер мен толықтыруларды, сондай-ақ Қоғамның бастамасы бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығарылған акцияларды Қоғам ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған кездегі құнын анықтау әдістемесіне өзгерістерді алдын ала қарау;
32) Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жататын мәселелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Жарғыда көзделген өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;
33) Комплаенс-бақылау қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Комплаенс-бақылау қызметінің жұмыс тәртібін, Комплаенс-бақылау қызметінің қызметкерлеріне еңбек ақысын төлеу және сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау, сондай-ақ Комплаенс-бақылау қызметі туралы ережені бекіту.

Өз функцияларын тиімді орындауға жәрдемдесу үшін Директорлар кеңесі келесі мәселелер бойынша комитеттер құрады:

- стратегиялық жоспарлау;
- кадрлар және сыйақы беру;
- ішкі аудит;
- тұрақты даму;
- Компанияның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

«Кселл» АҚ жұмысты басқару мен ұйымдастыруды кешенді қорғауды қамтамасыз ететін, сондай-ақ Директорлар кеңесіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды жақсартуға және оның жұмыс істеу тиімділігін арттыруға көмектесетін арнайы платформаны пайдаланады. Компания Жарғысының ережелеріне сәйкес, Директорлар кеңесінің немесе Директорлар кеңесінің кез келген комитетінің мүшелері, сондай-ақ сарапшылар телефон арқылы конференц-байланыс арқылы немесе отырысқа қатысушылардың барлығы бір-бірін тыңдап, сөйлесуге мүмкіндік беретін басқа да байланыс құралдары арқылы Директорлар кеңесінің немесе осындай комитеттің отырысына қатыса алады.

Директорлар кеңесіне тағайындау қағидаттары

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына сайлау үшін үміткерлер осылардың арасынан ұсынылуы мүмкін:

- акционерлер – жеке тұлғалар;
- акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған тұлғалар;
- акционер болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке тұлғалар.

Директорлар кеңесінің үміткерлері мен мүшелерінің тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, өз міндеттерін орындау үшін қажетті оң жетістіктері, іскерлік және салалық ортада, акционерлердің және Компанияның мүдделері үшін бүкіл Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыруда мінсіз беделі болуы тиіс. Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде 30%-ы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің құрамы

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамына жеті мүше, оның ішінде 4 тәуелсіз директор кіретін.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы

Алексей Буянов	Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директор
Әлібек Ынтықбаев	«Қазақтелеком» АҚ өкілі
Ержан Мейрамов	«Қазақтелеком» АҚ өкілі
Джери Калмис	тәуелсіз директор
Әсет Әбдуалиев	тәуелсіз директор
Дәурен Керейбаев	«KC HOLDING LTD» ЖК ірі акционерінің өкілі
Санжар Жамалов	тәуелсіз директор

2025 жылдың 27 мамырында Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өтті, оның шешімімен Директорлар кеңесінің бұрынғы құрамының үш жылдық өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты үш жыл мерзімге Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланды.

2025 жылдың 14 қарашасында «Кселл» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен Әлібек Ынтықбаев Директорлар кеңесінің құрамынан шығарылып, Директорлар кеңесінің құрамына Асқар Қайыров тағайындалды.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы

Артур Неупокоев	Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директор
Миржан Қарақұлов	тәуелсіз директор
Берік Өтемұрат	тәуелсіз директор
Сергей Ельцов	тәуелсіз директор
Дәурен Керейбаев	«KC HOLDING LTD» ЖК ірі акционер өкілі
Ержан Мейрамов	«Қазақтелеком» АҚ ірі акционер өкілі
Асқар Қайыров	«Қазақтелеком» АҚ ірі акционер өкілі

Неупокоев Артур Викторович

Туған күні: 1967 жылдың 22 маусымы

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Компанияның акцияларын иелену: жоқ

Артур Викторович Директорлар кеңесінің төрағасы қызметін атқарады және «Кселл» тәуелсіз директоры. 2025 жылғы 27 мамырда Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында 3 жылға сайланды.

Неупокоев мырза өзінің телекоммуникация саласындағы мансабын 1994 жылы Алматы қаласындағы Халықаралық қалааралық телефон станциясының өндірістік зертханасының инженері қызметінде бастады. «Қазақтелеком» АҚ-да 20 жылдан астам басқару тәжірибесі бар, онда корпоративтік сатуды дамытумен айналысқан.

2023 жылдың шілдесінен бастап «Қазақтелеком» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор ретінде кіреді.

Артур Викторович Қазақ политехникалық институтын «Металлургия процестерінің физика-химиялық зерттеулері» мамандығы бойынша бітірген. 2017 жылы Қазақстан Республикасының «Үздік байланысшы» салалық құрметті марапатымен марапатталған.

Қарақұлов Миржан Елдесұлы

Туған күні: 1983 жылдың 08 қазаны

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Компанияның акцияларын иелену: жоқ

Миржан Елдесұлы «Кселл» АҚ тәуелсіз директоры және 2025 жылдың 27 мамырында Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында 3 жылға сайланды.

Қарақұлов мырза әр түрлі жылдары ҚР Ұлттық банкінде, «Қазақстан Халық банкі» АҚ-да Басқарма Төрағасының тәуекел-менеджмент бағыты бойынша орынбасары болды, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ-да Тәуекелдерді басқару департаменті директорының орынбасары болып жұмыс істеді.

Қазіргі уақытта Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкінің тәуелсіз бағалау бөлімшесінің консультанты.

Қарақұлов мырза Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институтының (ҚМЭБИ) түлегі, «Болашақ» халықаралық президенттік бағдарламасының стипендиаты, Vanderbilt University (АҚШ) экономика саласындағы магистр дәрежесімен үздік бітірді. 2022 жылы Гарвард университетінің Джон Ф. Кеннеди атындағы басқару мектебінде (Harvard Kennedy School) мемлекеттік басқару магистрі дәрежесін алды.

Өтемұрат Берік Мұстайұлы

Туған күні: 1980 жылдың 26 наурызы

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Компанияның акцияларын иелену: жоқ

Өтемұрат мырза «Кселл» АҚ тәуелсіз директоры болып 2025 жылдың 27 мамырында Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында 3 жылға сайланды.

Өзінің мансабын 2003 жылы Ernst&Young Kazakhstan компаниясында аудит жөніндегі қызметкер болып бастаған. 2008 жылдан бастап «Қазына» тұрақты даму қорында, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорында, Қазақстанның Даму банкінде, БТА Банкте және басқа ұйымдарда басшылық қызметтерді атқарған. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясын басқарған.

ҚМЭБИ-ді «Іскерлік әкімшілендіру және бухгалтерлік есеп» (қаржы) мамандығы бойынша үздік бітірген. 2013 жылы Лондон бизнес мектебінде (London Business School) Sloan бағдарламасы бойынша магистр дәрежесін алды.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі

01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

Ельцов Сергей Валерьевич

Туған күні: 1976 жылдың 10 ақпаны

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Компанияның акцияларын иелену: жоқ

Сергей Валерьевич «Кселл» АҚ тәуелсіз директоры және 2025 жылдың 27 мамырында Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында 3 жылға сайланды.

Ельцов мырза заң құқығы және корпоративтік басқару саласында айтарлықтай үлкен тәжірибеге ие. 2008 жылдан бастап ол «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ, «Қазкоммерцбанк» АҚ, «БТА Банк» АҚ және «Қазақтелеком» АҚ қоса алғанда, бірқатар жетекші қазақстандық компанияларда басшылық қызметтерді атқарды.

2017 жылғы қарашадан 2022 жылға дейінгі кезеңде «Қазақалтын» ТМК» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі болды.

Сергей Валерьевич Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институтын «халықаралық заңгер» мамандығы бойынша бітірді, Алматы экономика және статистика академиясында экономикалық білім алды. 2007 жылы «Компанияларды басқару: ең жаңа технологиялар» MBA Executive education бағдарламасынан өтті.

Мейрамов Ержан Болатұлы

Туған күні: 1982 жылдың 02 наурызы

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Компанияның акцияларын иелену: жоқ

«Кселл» АҚ Директорлар кеңесіне алғаш рет 2024 жылдың 26 қыркүйегінде Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында сайланды.

Ағымдағы мерзімге 2025 жылдың 27 мамырында Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында сайланды.

Мейрамов Ержан Болатұлы еңбек жолын 2004 жылы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінде бастады, Қазақстан Даму Банкінде, «Астана ЭКСПО-2017» Ұлттық компаниясы» АҚ, Qazkom, «Fincraft» инвестициялық үйі» АҚ, «Кселл» АҚ-да басшылық қызметтерді атқарды.

2021 жылы ҚР Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникация комитетінің төрағасы болып тағайындалды.

Ержан Болатұлы Лондон корольдік колледжін «Мемлекеттік басқару» мамандығы бойынша бітірді.

«Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік медалімен марапатталған (2022 жылдың 14 қазанында).

Қайыров Асқар Жәлелұлы

Туған күні: 1980 жылдың 02 желтоқсаны

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Компанияның акцияларын иелену: жоқ

«Кселл» АҚ Директорлар кеңесіне 2025 жылдың 14 қарашасында Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында сайланды.

Қайыров Асқар Жәлелұлы экономика, қаржы және коммуникациялар саласындағы 22 жылдан астам тәжірибеге ие.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін экономист-менеджер мамандығы бойынша бітірген. Халықаралық бизнес академиясының магистр дәрежесі (корпоративтік менеджмент), сондай-ақ Cambridge Regional College-де (Ұлыбритания, 2016 жыл) алған Business and Finance сертификаты бар.

«Трансгелеком» АҚ-да, «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС-де, «Самұрық-Қазына» АҚ-да басшылық қызметтерін атқарған. 2025 жылдың қыркүйегінде «Қазақтелеком» АҚ Корпоративтік бизнес жөніндегі дивизионының бас директоры болып тағайындалды.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі

01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

Керейбаев Дәурен Жұмағалиұлы

Туған күні: 1971 жылдың 05 қазаны

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Компанияның акцияларын иелену: жоқ

«Кселл» АҚ Директорлар кеңесіне алғаш рет 2023 жылдың 29 қарашасында Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысында сайланды.

Ағымдағы мерзімге 2025 жылдың 27 мамырында Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында сайланды.

Керейбаев мырзаның ақпараттық технологиялар мен телекоммуникациялар, экономикалық талдау және жоспарлау, қаржы салаларында үлкен тәжірибесі бар.

2018–2021 жылдар аралығында «Самұрық-Қазына» АҚ цифрландыру және трансформациялау жөніндегі басқарушы директоры қызметін атқарды.

2021 жылы «Қазақтелеком» АҚ-да модернизация бағдарламасы жөніндегі басқарушы директор болып жұмысқа ауысып, кейін көмекші функцияларды дамыту жөніндегі директор болып тағайындалды.

Керейбаев Дәурен Жұмағалиұлы Новосібір мемлекеттік университетін механика және қолданбалы математика мамандығы бойынша (1992) және Қазақ мемлекеттік басқару академиясын қаржы және кредит мамандығы бойынша (1998) бітірген.

2018 жылы The University of Chicago Booth-да (АҚШ) Executive MBA бағдарламасы бойынша іскерлік әкімшілендіру магистрі дәрежесін алды.

«Ерең еңбегі үшін» медалімен және «Еңбек сіңірген қаржы маманы» қоғамдық орденімен марапатталған. 2024 жылы «Үздік байланысшы» төсбелгісімен марапатталды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің қызмет нәтижелерін бағалау

Директорлар кеңесі үш жылда бір рет жүйелі түрде өз қызметіне, оның Комитеттерінің және директорлардың әрқайсысының жұмысына жан-жақты баға беруі тиіс. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің отырысында талқыланады. Бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар қалыптастырылады.

2022 жылдың 17 ақпанында Директорлар кеңесінің шешімімен «Кселл» АҚ Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, Төрағасының, Директорлар кеңесі мүшелерінің және корпоративтік хатшысының қызметін бағалау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілді.

2025 жылдың 21 ақпанында Директорлар кеңесі «Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің қызметіне өзін-өзі бағалау жүргізу туралы шешім қабылдады. Нәтижелері 2025 жылдың 24 сәуірінде «Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің отырысында қаралды. Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша Директорлар кеңесінің жұмысын жетілдіру бойынша тиісті ұсынымдар берілді.

Бағалауды жүргізудің мақсаты – ДК, оның комитеттері, Төрағалары, ДК әрбір мүшесі және корпоративтік хатшы жұмысының сапасы мен тиімділігін арттыру және соның нәтижесінде ұзақ мерзімді құнның өсуіне және Қоғамның тұрақты дамуына ДК қосқан үлесін ұлғайту.

Жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша мынадай тұжырымдар ұсынылды:

Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Комитеттердің, Төрағаның және Корпоративтік хатшының қызметі барлық елеулі аспектілерінде корпоративтік басқарудың белгіленген критерийлері мен үздік халықаралық іс-тәжірибесінің көбісіне сәйкес келеді.

Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің жұмысына белсенді қатысады, командада белсенді жұмыс істейді және Директорлар кеңесінің жұмысын жақсартуға жеке үлес қосады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің қажетті білімі мен кәсіби тәжірибесі бар, саланың ерекшелігін біледі.

Директорлар кеңесі Төрағасының жұмысына оң баға берілді.

Корпоративтік хатшының жұмысына оң баға берілді.

Директорлар кеңесі Комитеттерінің қызметін бағалау бөлігінде Комитеттердің жұмысы тиімді деп танылды. Комитеттер өздеріне жүктелген функцияларды орындайды.

Комитеттердің құрамы теңгерімді болып табылады және олардың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді.

Директорлар кеңесінің есепті жылдағы қызметі

2025 жылы Директорлар кеңесі 12 отырыс өткізді, 8 отырыс бетпе-бет нысанда, 4 отырыс сырттай нысанда өтті. Өткізілген отырыстар шеңберінде Директорлар кеңесі компаниялар:

- Қоғамның Даму стратегиясын бекіту бойынша;
- Қоғамның даму жоспарын бекіту бойынша;
- ірі мәмілелер жасасу туралы;
- 2025 жылғы жылдық қаржылық есептілікті алдын ала мақұлдау туралы;
- 2025 жылы акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру, сондай-ақ дивидендтер төлеу жөнінде ұсыныстар қалыптастыру туралы;
- Ішкі аудит және комплаенс-бақылау қызметтері жұмыскерлерінің өкілеттіктерін тағайындау және мерзімінен бұрын тоқтату бойынша;
- Қоғамның ішкі құжаттарын бекіту туралы.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

Бұдан басқа, Директорлар кеңесі Компанияның қызметіне байланысты бірқатар іскерлік, коммерциялық, операциялық және заңдық мәселелерді қарады.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру

Директорларға сыйақы беруге қатысты мәселелер Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне шығарылады. Сыйақы мөлшері директорларды тарту, сақтау және ынталандыру, олардың тиімді жұмыс істеуі үшін жеткілікті болуы керек. Директорлардың сыйақысының мөлшері олардың жұмысқа бөлетін уақытына және директорлардың өз міндеттерін орындау сапасына сәйкес болуы керек.

Компания директорлардың сыйақысының мөлшері туралы ақпаратты заңнамаға сәйкес ашады. Есепті кезеңдегі директорлардың сыйақысының мөлшері туралы ақпарат жылдық есепте міндетті түрде ашылуы тиіс.

Қолданыстағы Сыйақы саласындағы саясатқа сәйкес, Компания Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне екі бөліктен тұратын сыйақы төлейді: тиянақталған жылдық сыйақы және қосымша жылдық сыйақы. Сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындау кезінде шеккен шығындарын өтеу қарастырылған.

2019 жылы Акционерлердің жалпы жиналысы тәуелсіз директорларға берілетін салық алдындағы келесі жылдық сыйақы мөлшерін бекітті: Директорлар кеңесінің Төрағасына тиянақталған жылдық сыйақы – 75 000 АҚШ доллары; қосымша жылдық сыйақы – 25 000 АҚШ доллары; Директорлар кеңесінің кез келген комитетінің төрағасына қосымша жылдық сыйақы – 15 000 АҚШ доллары. Директорлар кеңесінің немесе оның комитеттерінің бірінің Төрағасы қызметін атқарғаны үшін тиянақталған жылдық сыйақының және қосымша жылдық сыйақының 50 пайызы тәуелсіз директор қызметіне кіріскеннен кейін алты айдан соң, ал қалған 50 пайызы осыдан кейін бір жылдан соң төленеді.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне төленген сыйақының жиынтық сомасы баламалы түрде 199 092 173,11 теңгені құрады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР

Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің құрамы

Директорлар кеңесі жанында өз құзыреті шеңберінде Компания қызметінің негізгі мәселелерін қарайтын және осы мәселелер бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлейтін 4 комитет құрылып, жұмыс істейді.

2025 жылдың 19 желтоқсанында Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен Комитеттердің құрамы өзгертілді:

Комитеттің атауы	Комитеттің құзыреті	2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша комитет құрамы
Стратегиялық жоспарлау мәселелері жөніндегі комитет	Компанияның стратегиялық дамуы	**Қарақұлов М.Е.** – комитет төрағасы; **Өтемұрат Б.М.;** **Неупокоев А.В.;** **Қайыров А.Ж.;** **Керейбаев Д.Ж.**
Кадрлар және сыйақы беру мәселелері жөніндегі комитет	Кадр саясаты; қызметкерлерге сыйақы беру; Персоналды оқыту және ынталандыру.	**Неупокоев А.В.** – комитет төрағасы; **Қарақұлов М.Е.;** **Өтемұрат Б.М.;** **Мейрамов Е.Б.;** **Керейбаев Д.Ж.**
Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитет	Қаржылық есептілік мәселелері; Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару; Ішкі және сыртқы аудит.	**Өтемұрат Б.М.** – комитет төрағасы; **Қарақұлов М.Е.;** **Неупокоев А.В.;** **Ельцов С.В.**
Тұрақты даму мәселелері жөніндегі комитет	Тұрақты дамуға қатысты стратегиялық мәселелер; Компанияның тұрақты даму саласындағы саясатын әзірлеу және іске асыру.	**Ельцов С. В.** – комитет төрағасы; **Қарақұлов М. Е.;** **Қайыров А.Ж.**

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің қызметі

Стратегиялық жоспарлау мәселелері жөніндегі комитет

2025 жылы Комитет отырыстардың күн тәртібіне сәйкес 5 бетпе-бет отырыс өткізді. Комитет 31 мәселені қарап, Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берді. Есепті кезеңде Комитеттің отырыстарында Комитеттің құзыретіне кіретін барлық қызмет мәселелері қаралды.

Комитет келесі мәселелерді қарап, Директорлар кеңесіне олар бойынша ұсынымдар берді:

1. **«Кселл» АҚ даму стратегиясын іске асыру;**
2. **Қоғам іске асыратын жобаларды мониторингтеу;**
3. **Бюджетті, операциялық жоспарды және күрделі салымдардың бюджетін, сондай-ақ инвестициялық қызмет параметрлерін бекіту;**
4. **«Кселл» АҚ желісін дамыту және жаңғырту, сондай-ақ RollOut желісі жоспарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспары;**
5. **Мүддесі бар мәмілелер.**

Кадрлар және сыйақы беру мәселелері жөніндегі комитет

2025 жылы Комитет отырыстардың күн тәртібіне сәйкес 5 бетпе-бет отырыс өткізді. Комитет 22 мәселені қарап, Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берді. Есепті кезеңде Комитеттің отырыстарында Комитеттің құзыретіне кіретін барлық қызмет мәселелері қаралды.

Комитет келесі мәселелерді қарап, Директорлар кеңесіне олар бойынша ұсынымдар берді:

1. **Комплаенс-бақылау қызметінің кадр мәселелері;**
2. **Ішкі аудит қызметінің кадр мәселелері;**
3. **Қоғамның басшы қызметкерлері негізгі қызмет көрсеткіштерін айқындау.**
4. **Негізгі тиімділік көрсеткіштері (KPI) негізінде «Кселл» АҚ Директорлар кеңесіне есеп беретін Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің және қызметкерлердің 2024 жылғы жұмыс нәтижелерін қарау.**

Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитет

2025 жылы Комитет отырыстардың күн тәртібіне сәйкес 6 бетпе-бет отырыс өткізді. Комитет 46 мәселені қарап, Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берді. Есепті кезеңде Комитеттің отырыстарында Комитеттің құзыретіне кіретін барлық қызмет мәселелері қаралды.

Комитет келесі мәселелерді қарап, Директорлар кеңесіне олар бойынша ұсынымдар берді:

1. **Тәуекелдерді басқару бойынша тоқсан сайынғы есептерді бекіту.**
2. **Тәуекелдер картасын және тізілімін бекіту, сондай-ақ тәуекел тәбетін бекіту.**
3. **Ішкі аудит қызметінің тоқсан сайынғы есептері.**
4. **Қоғамның Операциялық қызметінің нәтижелеріне тоқсан сайынғы шолу.**

2025 жылы Комитет сыртқы аудитормен үш кездесу өткізді:

1. **Қоғамның 2024 жылғы қаржылық нәтижелері мәселесі бойынша;**
2. **сыртқы аудиторлардың 2025 жылғы 6 айдағы есебін қарау;**
3. **2025 жылға «Кселл» АҚ-ның сыртқы аудитін жүргізуді жоспарлау мәселелері бойынша.**

Комитет төрағасы Б.М. Өтемұрат Қоғам Басқармасының мүшелерімен, Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлерімен тұрақты түрде кездесулер өткізіп тұрды.

Тұрақты даму мәселелері жөніндегі комитет

2025 жылы Комитет отырыстардың күн тәртібіне сәйкес 4 бетпе-бет отырыс өткізді.

Комитет 8 мәселені қарап, Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берді.

Комитет келесі мәселелерді қарап, Директорлар кеңесіне олар бойынша ұсынымдар берді:

1. **Қоғамның Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы туралы жұмыс жоспары мен есептер.**
2. **Қоғамның Комплаенс-бақылау қызметінің ішкі құжаттары.**
3. **Қоғамның ESG іс-шараларының Жол картасын іске асыру.**

Комитет мүшелері Қоғамның Басқарма мүшелерімен, Комплаенс-бақылау қызметінің басшысымен, сондай-ақ Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен тұрақты түрде кездесулер өткізіп тұрды.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

БАСҚАРМА

GRI 2-9, GRI 202-2, GRI 405-1

«Кселл» АҚ Басқармасы алқалы атқарушы орган болып табылады, оның міндеттеріне Компанияның күнделікті қызметіне басшылық ету кіреді. Сонымен бірге, Компания Басқарма Төрағасы ретінде әрекет етуші бас атқарушы директор өз мойнына алатын басшылық рөлдің қажеттілігін мойындайды.

Басқарма өз қызметінде заңдылық, адалдық, риясыздық, парасаттылық, жүйелілік, кәсібилік және әділдік қағидаттарын басшылыққа алады. Оның мүшелері акционерлердің мүдделерін толығымен сақтайды және Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесіне толық есеп береді.

2025 жылы Басқарманың 84 отырысы өткізіліп, олардың шеңберінде 284 шешім қабылданды.

Басқарма құрамы

Директорлар Кеңесі 2024 жылдың 13 желтоқсанында Басқарма құрамын өзгерту бойынша келесі шешімдерді қабылдады:

2025 жылдың 10 қаңтарынан бастап Қоғамның Бас коммерциялық директоры, Басқарма мүшесі Цой Ольга Вячеславовна және Цифрлық даму жөніндегі бас директор, Қоғам Басқармасының мүшесі Амардинов Мәлік Әлімжанұлы «Кселл» АҚ-да өз жұмыстарын аяқтайды.

2025 жылдың 13 қаңтарынан бастап Қоғам Басқармасының құрамында Қоғамның Бас коммерциялық директоры, Басқарма мүшесі лауазымында Шайымов Қазбек Бекжанұлы және Қоғамның Бас техникалық директоры, Басқарма мүшесі лауазымында Затилда Керей Жұмабекұлы ретінде өз жұмыстарын бастайды.

«Кселл» АҚ-ның Басқарма құрамы Басқарманың бес мүшесіне дейін қысқартылды, Цифрлық даму жөніндегі Бас директордың және Қауіпсіздік жөніндегі Бас директордың Қоғам Басқармасының мүшелері ретінде өкілеттіктері тоқтатылды.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Кселл» АҚ Басқармасының құрамы мынадай түрде ұсынылған:

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басқарма құрамы

Жамбакин Асқар Серікұлы	Басқарма Төрағасы, бас атқарушы директор
Рахметов Сабиғат Маратұлы	Басқарма мүшесі, бас қаржы директоры
Шайымов Қазбек Бекжанұлы	Басқарма мүшесі, бас коммерциялық директор
Шайхин Дәурен Мұхамедқалиұлы	Басқарма мүшесі, стратегиялық даму және талдау жөніндегі бас директор
Затилда Керей Жұмабекұлы	Басқарма мүшесі, бас техникалық директор

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

Жамбакин Асқар Серікұлы

Туған күні: 1985 жылдың 19 қазаны

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Компанияның акцияларын иелену: жоқ

Асқар Серікұлы 2024 жылғы 15 шілдеден бастап «Кселл» АҚ Бас атқарушы директоры, Басқарма Төрағасы лауазымына сайланды.

Алматы энергетика және байланыс институтының «Көп арналы телекоммуникациялық жүйелер» мамандығы бойынша түлегі, Манчестер университетінің «Менеджмент және ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша магистр дәрежесі және «Саид» бизнес-мектебінің ұйымдастырушылық көшбасшылық бойынша дипломы бар.

Мансабын «Эйр Қазақстан» әуекомпаниясында байланыс технигі болып бастаған, бірнеше жыл бойы «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-де (Tele2/Altel) инженер болып жұмыс істеген, «HSBC Қазақстан банкінде» жұмыс істеген, онда стратегиямен, бизнес-процестерді трансформациялаумен айналысқан, BI Group еншілес компаниясы «Beintech» ЖШС-те де осындай қызметтермен айналысқан, «Qazkom» АҚ Клиенттік тәжірибені дамыту департаментіне басшылық етті, «Қазақстанның Даму банкінде» жұмыс істеді, онда әртүрлі басшылық лауазымдарды атқарды, елдің Ұлттық Банкінің төлем жүйелерін басқару және дамыту департаменті директорының орынбасары болды.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі ретіндегі соңғы лауазымында мемлекеттік басқаруды цифрлық трансформациялауға, бизнес-процестердің реинжинирингі және деректерді басқаруға жауапты болды.

Рахметов Сабиғат Маратұлы

Туған күні: 1988 жылдың 27 желтоқсаны

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Компанияның акцияларын иелену: жоқ

Сабиғат Маратұлы Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институтын (ҚМАЭБИ) қаржы мамандығы бойынша үздік бітірді.

Қаржы және инвестициялар, бірігу және сіңіру, қаржы-экономикалық талдау, мәмілелерді құрылымдау және халықаралық портфельдік инвестицияларды басқаруды қоса алғанда, активтер портфелін басқару саласында 13 жылдан астам тәжірибесі бар.

Еңбек жолын 2011 жылы PricewaterhouseCoopers&Advisory (PWC) ЖШС-те бастаған. «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-да 6 жылдан астам жұмыс істеді, онда инвестициялар және бизнесті қолдау департаментінің директоры лауазымына дейін өсті.

2022 жылдан 2024 жылдың тамызына дейін Румынияның Бухарест қаласындағы «KazMunayGaz International N.V» компаниясында Инвестициялар және стратегия жөніндегі топ директоры болып жұмыс істеді.

Шайымов Қазбек Бекжанұлы

Туған күні: 1975 жылдың 29 шілдесі

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Компанияның акцияларын иелену: жоқ

2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Кселл» АҚ Басқарма мүшесі, бас коммерциялық директоры.

Қазбек Бекжанұлының коммерциялық секторда 27 жылдан астам тәжірибесі бар, оның ішінде 23 жылы басшылық қызметтерін атқарды. Оның кәсіби жолы бірнеше саланы қамтиды: FMCG және бөлшек сауда саласындағы 10 жыл, телекоммуникация саласындағы 14 жыл және дағдарыс-менеджментке маманданған консультациялық бизнестегі 3 жыл.

Шайымов мырза С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің түлегі. «Кселл» компаниясындағы мансабы 2008 жылы Бөлшек сауда бөлімі басшысының қызметінен басталды. Компанияның Семей, Ақтөбе мен Астанадағы филиалдарын басқарған. Оның тәжірибесіне бөлшек сауда және бизнес-сегменттер үшін жаңа өнімдерді табысты іске қосу, сондай-ақ сату процестерін оңтайландыру және қашықтықтан да, офлайн арналарда да клиенттерге қызмет көрсетуді жақсарту кіреді.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі

01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

Шайхин Дәурен Мұхамедқалиұлы

Туған күні: 1986 жылдың 31 шілдесі

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Компанияның акцияларын иелену: жоқ

2016 жылы Қазақстан-Британ техникалық университетінде магистратураны бітіріп, Чикаго университеті жанындағы Booth School of Business-те MBA дәрежесін алды.

Қаржы нарықтарының, корпоративтік қаржының, тәуекелдерді басқарудың, операциялар мен сатып алулардың әртүрлі салаларында 15 жылдық жұмыс тәжірибесі бар. Өзінің еңбек жолында корпоративтік стратегияларды ойдағыдай әзірлеп, енгізді, компаниялардың қаржылық портфельдерін жақсартты және пайданың өсуіне ықпал ете отырып, операциялық процестерді оңтайландырды.

Дәурен Мұхамедқалиұлы мансабын 2008 жылы Eurasian Capital JSC компаниясында Қазақстанның бағалы қағаздар нарығындағы жетекші брокер лауазымынан бастады. 2018 жылы «Кселл» АҚ қаржы директорының орынбасары қызметін атқарды. 2023 жылдан бастап «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ (Астана, Қазақстан) Басқарма Төрағасы орынбасары басшылық қызметін атқарады.

Затилда Керей Жұмабекұлы

Туған күні: 1982 жылдың 21 маусымы

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Компанияның акцияларын иелену: жоқ

Затилда Керей Жұмабекұлы Алматы энергетика және байланыс университетін екі мамандық бойынша бітірді: «Көп арналы телекоммуникациялық жүйелер» және «Байланыс кәсіпорнындағы экономика және менеджмент», тиісінше «Электр байланысы инженері» және «Инженер-экономист» біліктіліктеріне ие болды.

Еңбек жолын 2004 жылы «Кселл» АҚ-да бастады, онда 17 жыл ішінде инженерден аймақтық техникалық департаменттердің басшысына дейін көтерілді. Қазақстанның түрлі өңірлерінде жұмыс істей отырып, ол телекоммуникациялық желілерді, соның ішінде 2G, 3G, 4G және WIMAX технологияларын пайдалану мен дамыту саласында мол тәжірибе жинақтады. Сондай-ақ, радио желілерін жоспарлауда, мердігерлік ұйымдарды басқаруда және техникалық командаларға басшылық жасауда айтарлықтай тәжірибесі болды.

2021–2023 жылдар аралығында «Қазтелерадио» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары – техникалық директоры қызметін атқарды. Осы лауазымда ол телерадио хабарларын тарату желілерін дамыту жөніндегі стратегияларды іске асыруға, инновациялық технологияларды енгізуге және мемлекеттік жобаларды орындауға жетекшілік етті.

2023 жылдың маусым айында Затилда Керей Жұмабекұлы «Мемлекеттік Радиожиілік қызметі» РММ бас директорының орынбасары болып тағайындалды. Осы лауазымда ол радиожиілік спектрінің мониторингі бойынша жұмыстарды ұйымдастырды, радиоэлектрондық құралдарды пайдаланудағы бұзушылықтарды анықтады және байланыс сапасын талдаумен айналысты.

Затилда Керей Жұмабекұлының еңбек өтілі 20 жылды құрайды, оның ішінде 15 жылдан астам басшылық қызметтерді атқарды. Осы уақыт ішінде ол күрделі техникалық жобаларды іске асыруға және елдің телекоммуникациялық инфрақұрылымын жаңартуға елеулі үлес қосты.

Байланыс саласын дамытуға қосқан үлесі үшін «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген байланысшысы» құрметті атағымен марапатталған.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгерген.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі

01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

СЫЙАҚЫЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Атқарушы органның мүшелеріне 2025 жылы төленген сыйақының жалпы сомасы 463 864 289,57 теңгені құрады (салықтарды шегергенге дейін). Көрсетілген сомаға бір жылғы жұмыс қорытындысы бойынша жалақы мен сыйақы кіреді.

ЗАҢНАМА ТАЛАПТАРЫН САҚТАУ

GRI 2-27

Есепті кезеңде «Кселл» АҚ қатысты екі монополияға қарсы тергеу жүргізілді:

1. ҚР Алматы қаласы бойынша Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің департаментінің (БҚДАД) 2022 жылғы 15 маусымдағы № 42-НҚ бұйрығына сәйкес «Кселл» АҚ қатысты Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 174-бабының 1-бөлігінде көзделген бұзушылық белгілері бойынша тергеп-тексеру басталды. Тергеп-тексерудің мәні – монополиялық жоғары бағаны қолдаудан көрінетін бұзушылықты «Кселл» АҚ жасағанын растайтын немесе жоққа шығаратын нақты деректерді анықтау.

   ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің 2026 жылғы 15 қаңтардағы № 02-НҚ бұйрығымен Тергеп-тексеру қорытындысы бойынша БҚДАД қорытындысы бекітілді, одан келіп шығатыны: Қоғам тарапынан дауыстық байланыс қызметтеріне монополиялық жоғары бағаларды белгілеу мен қолдауды растайтын нақты деректер тергеп-тексеру барысында анықталмады.

   Осылайша, тергеп-тексеру қорытындысы бойынша, 2020–2021 жылдар кезеңінде монополиялық жоғары бағаларды белгілеу және қолдау жолымен бәсекелестікті қорғау саласындағы бұзушылықтар Қоғамның әрекеттерінде анықталған жоқ.

2. Алматы қаласы бойынша БҚРАД 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 38-ОД бұйрығымен Қоғамға қатысты ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 170-бабы 1-тармағының 1-кіші тармағында көзделген бұзушылық белгілері, яғни 2023 жылғы маусымда 20 тарифтік жоспар бойынша бағаның көтерілуіне байланысты басқа операторлармен бағаларды белгілеу және ұстап тұру бойынша бәсекелестікке қарсы келісілген әрекеттер жасау дерегі бойынша тергеп-тексеру қозғалды.

   Алматы қаласы бойынша БҚРАД әрекеттеріне шағым жасау бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 2025 жылғы 26 маусымда Алматы қалалық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының қаулысымен Компанияның Бұйрықты заңсыз деп тану және оның күшін жою туралы әкімшілік талап арызын қанағаттандыру туралы шешім шығарылды. Қаулы заңды күшіне еніп, осыған байланысты тиісті тергеп-тексеру тоқтатылды.

3. Алматы қаласы бойынша БҚРАД 2025 жылғы 29 қыркүйектегі № 39-ӨД бұйрығымен Қоғамға қатысты 2023 жыл және 2024 жылдың 9 айы кезеңінде халықаралық A2P SMS трафигін негізсіз қолданудан көрініс тапқан, ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 174-бабын бұзу белгілері бойынша тергеп-тексеру қозғалды.

   Тергеп-тексеру нәтижелері бойынша заңнаманы бұзу фактілері расталған жағдайда Қоғам бұзушылық кезеңінде монополистік қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған табыстың 5% мөлшерінде айналымдық айыппұл түріндегі әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

   Қазіргі уақытта тергеп-тексеруді бастау туралы Бұйрыққа сот тәртібімен шағым жасалуына және техникалық сараптама жүргізілуіне байланысты тергеп-тексеру тоқтатыла тұрды.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

КОМПЛАЕНС-БАҚЫЛАУ

GRI 2-26

Комплаенс-бақылау қызметінің жұмысы бизнес-тәуекелдердің алдын алуға, проблемалық мәселелерді шешуге, құқықтық және әдептік нормалардың сақталуын бақылауға бағытталған. Дүниежүзілік іс-тәжірибенің аясында комплаенс жүйесінің бар болуы компанияның жауапты және ашық қызметінің көрсеткіші болып табылады.

2025 жылы Комплаенс-бақылау қызметі контрагенттерді, сатып алу рәсімдері мен кадрлық шешімдерді тексеру бойынша іс-шаралар кешенін өткізді:

- 196 бір көзден сатып алуды тексеру (2024 жыл: 160 тексеру);
- 81 ерекше тәртіптегі сатып алуды тексеру (2024 жыл: 17 бақылау сатып алуы);
- 30 контрагенттер мен серіктестерді тексеру (2024 жыл: 15 тексеру);
- 17 басшылық лауазымдарға үміткерлерді тексеру (2024 жыл: 19 тексеру).

Тексерулер қамтуын кеңейту тәуекелге бағдарланған тәсілдің күшейтілгенін және тәуекелдің әлеуетті аймақтарының неғұрлым терең тексерілгенін дәлелдейді.

Тұрақты негізде санкциялық тәуекелдер мониторингі жүзеге асырылып тұрды. 2025 жылы 62 контрагент тексерілді (2024 жыл: 61 контрагент), санкциялық шектеулерде тұрған ұйымдар анықталды, олар бойынша тиісті ден қою шаралары қабылданды.

Осыған қоса, шарттық қызметті комплаенс-сүйемелдеу қамтамасыз етілді: 67 шарт келісілді, бұл міндеттемелерді жасасу кезеңінде бақылау деңгейін арттырды.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-да «Кселл» АҚ акцияларының бақылау пакетінің түпкілікті меншік иесі болып табылатын жедел желі жұмыс істейді, ол арқылы кез келген тұлға ҰӘҚ және оның еншілес ұйымдарында заңнаманы бұзу фактілері туралы хабарлай алады. Жедел желі құпиялылыққа және жасырын қалуды (жүгінген адамның қалауы бойынша), сондай-ақ кейіннен жауапты тұлғалардың қарауына жіберіле отырып, барлық өтініштерді тіркеуге және өңдеуге кепілдік береді. Компанияның ішкі және корпоративтік сайттарында ҰӘҚ және Комплаенс-қызметінің жедел желісінің байланыстары орналастырылған, олар бойынша кез келген еңбек, сыбайлас жемқорлық және өзге де құқық бұзушылықтар туралы хабарлауға болады.

Әдепсіз немесе заңсыз мінез-құлық фактілері туралы хабарламаларды қабылдау және өңдеу рәсімдері «Кселл» АҚ-ның Қызметтік бұзушылықтар туралы хабарлама жөніндегі нұсқаулығымен реттеледі, оған сәйкес Компания Компаниядағы елеулі проблемалар туралы хабарлаған қызметкерлерге, іскерлік серіктестерге және басқа да мүдделі адамдарға толық құпиялылыққа, сондай-ақ жүгінген адамдарды құдалаудан және/немесе кемсітушіліктен қорғауға кепілдік береді.

Компанияда сондай-ақ бұзушылықтар туралы жасырын және құпия хабарлау мүмкіндігін қамтамасыз ететін тәуелсіз жедел желі жұмыс істейді. 2025 жылы жедел желіге 15 өтініш келіп түсті, оның нәтижелері бойынша тексерулер жүргізіліп, шаралар қабылданды.

Бақылау рәсімдерін кеңейту кезіндегі өтініштердің тұрақты саны жүйеге деген сенімнің артқанын және ден қою тетіктерінің тиімділігін дәлелдейді.

Комплаенс-қызметінде тіркелген әрбір өтініш фактісі Директорлар кеңесіне баяндама жасау үшін тоқсандық есепте көрсетіледі. 2025 жылы күрделі проблемалар туындаған жоқ.

2025 жылы КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ саласындағы заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған рәсімдер күшейтілді. Компания қаржы мониторингі субъектілерінің тізбесіне енгізілді, осыған байланысты:

- ішкі қағидалар әзірленді;
- күдікті операциялардың белгілері айқындалды;
- мониторингті автоматтандыру бойынша жұмыс басталды;
- реттеушімен өзара іс-қимыл ұйымдастырылды.

Бұл бағыт комплаенс-функцияның периметрін айтарлықтай кеңейтті және қаржы ағындарын бақылауды күшейтті.

Комплаенс-бақылау тетіктерін жетілдіру саласындағы 2025 жылғы негізгі нәтижелер:

- комплаенс-тексерулердің қамтуы кеңейтілді (жекелеген бағыттар бойынша 2-4 есе өсу);
- бақылаудың алдын алу тетіктері күшейтілді;
- жаңа реттеуші талаптар (КЖ/ТҚ) енгізілді;
- тәуекелдерді басқару жүйесінің жетілу деңгейі арттырылды;
- ашықтық пен қызметкерлердің сенімінің жоғары деңгейі сақталды.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

GRI 205-1, GRI 205-2, GRI 205-3

«Кселл» АҚ корпоративтік басқару мен тұрақты дамудың ажырамас бөлігі ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін дәйекті түрде дамытуда. Есепті кезеңде Қоғам бизнес-процестердің ашықтығын қамтамасыз етуге, іскерлік әдеп деңгейін арттыруға және сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған комплаенс-бақылаудың үздік іс-тәжірибелерін енгізуді жалғастырды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды үйлестіру және іске асыру функциясын Комплаенс бақылау қызметі жүзеге асырады, оның қызметі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуға, анықтауға және азайтуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкестікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Есепті жылы ішкі нормативтік базаны жетілдіру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілді. Мынадай ішкі құжаттар әзірленіп, қолданысқа енгізілді:

- «Кселл» АҚ үшінші тұлғаларының сенімділігін тексеру қағидалары;
- «Кселл» АҚ қызметтік тексерулер жүргізу қағидалары;
- КБҚ, ІБҚ және ҚД өзара іс-қимыл тәртібі.

Бұдан басқа, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты мен Әдеп және мінез-құлық кодексі өзектендірілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаттары мен рәсімдері «Кселл» АҚ-дағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында бекітілген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының мақсаты – атқаратын лауазымына қарамастан, Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық іс-қимылына тартылу тәуекелін барынша азайту. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының міндеттері мыналарды қамтиды:

- Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінде кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділік түсінігін қалыптастыру;
- Қоғамға және оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне қолданылуы мүмкін ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптарын жинақтау және түсіндіру;
- Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының қағидаттары мен талаптарын білу және сақтау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау бойынша барабар рәсімдерді жүзеге асыру міндеттерін бекіту;
- Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың зардаптарын барынша азайтуға және (немесе) жоюға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды әзірлеу және енгізу.

Компаниядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мынадай негізгі қағидаттарға негізделеді:

- Қоғам қызметінің заңдылығы;
- Қоғам қызметінің жариялылығы мен ашықтығы;
- қызметкерлер, серіктестер мен клиенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихат жүргізу;
- Қоғамның мемлекеттік органдарымен, сондай-ақ серіктестерімен және клиенттерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы ынтымақтастық;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және Қоғамның ішкі саясаттарын бұзу фактілері бойынша міндетті түрде қызметтік тексерулер жүргізу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының қағидаларына сәйкес Қоғам жыл сайын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіреді және бағалауды жүргізеді, сондай-ақ оларды барынша азайту жөніндегі шараларды әзірлейді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру мен бағалаудың мақсаты – Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтамау тәуекелдеріне ұшырайтын және Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жеке пайда алу мақсатында да, Қоғам үшін пайда алу мақсатында да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау ықтималдығы жоғары қызмет түрлері мен бизнес-процестерін анықтау.

Есепті кезеңде Қоғамның негізгі бизнес-процестерін қамтитын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне кешенді ішкі талдау жүргізілді.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлігіндегі SWOT-талдау (2025 жылдың қорытындысы бойынша)

ІШКІ ФАКТОРЛАР

S Күшті жақтар (Strengths)

- Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-бақылау саласындағы ішкі нормативтік құжаттар енгізіліп, өзектендірілді;
- Корпоративтік әдеп пен адалдық мәдениеті қалыптастырылып, дамып жатыр, қызметкерлерді жүйелі түрде оқыту қамтамасыз етіледі;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тұрақты ішкі талдау жүргізіледі;
- Тиімді ішкі бақылау және ішкі аудит жүйесі жұмыс істейді;
- Сатып алу рәсімдеріне кеңейтілген комплаенс-бақылау жүзеге асырылады (бір көзден 196 тексеру, ерекше тәртіппен 81 тексеру);
- Контрагенттер мен басшы лауазымдарға үміткерлерді тексеру күшейтілді;
- Санкциялық тәуекелдер мониторингі енгізілді;
- Бұзушылықтар туралы хабарламалар үшін ашықтық пен кері байланысты қамтамасыз ететін жедел желі жұмыс істейді;
- **ISO 37001 халықаралық стандартына сәйкестік расталды;**
- КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ саласындағы заңнама талаптарын іске асыру басталды.



ГОСУДАРСТВЕННАЯ СИСТЕМА
ТЕХНИЧЕСКОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

KZ.Q.01.0064

СЕРТИФИКАТ СООТВЕТСТВИЯ

зарегистрирован в реестре данных
государственной системы технического регулирования
от 17.11.2025
№ KZ.Q.01.0064.C24.10661
Действителен до 16.12.2027
Дата первичной сертификации: 17.12.2024

ОРГАН ПО ПОДТВЕРЖДЕНИЮ СООТВЕТСТВИЯ
ЦИН 140240013889, Товарищество с ограниченной ответственностью «CERT International Kazakhstan», Республика Казахстан, 2018/2018, город Алматы, район Есиль, проспект Мангилик Ел, здание 8, п.п. 7

НАСТОЯЩИЙ СЕРТИФИКАТ ВЫДАН
ЦИН 980340002879, Акционерное общество «Kcell», Республика Казахстан, 050000, город Алматы, Медеуский район, улица Алмагуль, дом 51

И УДОСТОВЕРЯЕТ, ЧТО
Система менеджмента борьбы со взяточничеством

ПРИМЕНИТЕЛЬНО К
(область сертификации согласно Приложению)

СООТВЕТСТВУЕТ ТРЕБОВАНИЯМ
СТ РК ISO 37001-2017 (ISO 37001:2016) Системы менеджмента борьбы со взяточничеством. Требования и руководство по использованию (Ист.)

Руководитель органа по подтверждению соответствия или уполномоченное им лицо — Загулин Евгений
Эксперт-аудитор — Илларионова Елена

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года №370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

W Әлсіз жақтар (Weaknesses)

- Жекелеген ішкі рәсімдердің күрделілігі мен ұзақтығы;
- Қызметкерлер арасында мүдделер қақтығысының болуы;
- Жекелеген процестердің адам факторына тәуелділігі;
- Барлық сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін толық жоюдың мүмкін еместігі;
- Сыртқы контрагенттермен өзара іс-қимыл кезінде әлеуетті сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуы;
- Жекелеген комплаенс-процестерді автоматтандырудың шектеулі деңгейі.

СЫРТҚЫ ФАКТОРЛАР

O Мүмкіндіктер (Opportunities)

- Заңнаманы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы халықаралық стандарттарды қатаңдату;
- ESG және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік маңыздылығының артуы;
- Цифрлық шешімдерді және комплаенс-процестерді автоматтандыруды дамыту;
- Қоғамдық бақылауды және бизнестің ашықтығына қойылатын талаптарды күшейту;
- Қаржы мониторингі саласындағы мемлекеттік органдармен ынтымақтастық;
- Комплаенс-бақылаудың халықаралық іс-тәжірибелерін одан әрі біріктіру мүмкіндігі.

T Қауіптер (Threats)

- Жеткізушілер мен мердігерлердің жосықсыз қылығы;
- Жалпы сыбайлас жемқорлық ортасы;
- Заңнамадағы және реттеуші ортадағы өзгерістер;
- Макроэкономикалық және саяси тұрақсыздық;
- Киберқатерлер мен технологиялық тәуекелдердің өсуі;
- Хабарлаушыларды толық қорғауды қамтамасыз етудің қиындығы;
- Бұзушылықтар анықталған жағдайдағы бедел тәуекелдері.

2024 жылмен салыстырғанда (6 бөлімше, 14 процесс), 2025 жылдың талдауы неғұрлым кең және тереңдетілген сипатта болды және мыналарды қамтыды:

- кадрлық процестерді;
- сатып алу қызметін;
- шарттық жұмысты;
- контрагенттермен өзара іс-қимылды.

Талдау нәтижелері бойынша көбінесе басқарушылық шешімдерді қабылдау және сатып алу аймақтарында жекелеген әлеуетті тәуекелдер анықталды. Мыналарға бағытталған ұсыныстар кешені әзірленді:

- алқалылық қағидаттарын күшейту;
- рәсімдердің ашықтығын арттыру;
- мүдделер қақтығысын декларациялау іс-тәжірибесін кеңейту;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқытуды дамыту.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру Қоғамның негізгі басымдықтарының бірі болып қала береді. 2025 жылы:

- 8 оқыту іс-шарасы өткізілді (2024: 9);
- жалпы қамту 1480 қызметкерді құрады (2024: 1812);
- 19 ақпараттық тарату іске асырылды;
- 14 көрнекі материалдар (постерлер) орналастырылды.

Тренингтер санының аздап төмендеуіне қарамастан, Қоғам оқытудың сапасы мен атаулы сипатына назар аударды, сондай-ақ коммуникациялық арналарды кеңейтті, бұл қызметкерлердің тартылуын арттыруға мүмкіндік берді.

Барлық жаңа қызметкерлер әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша міндетті оқытудан өтеді.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БАСҚАРУ

GRI 2-15

Компаниядағы мүдделер қақтығысын реттеу қағидаттары мен рәсімдері «Кселл» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 5 тамыздағы шешімімен бекітілген «Кселл» АҚ-да мүдделер қақтығысын реттеу туралы ережеде бекітілген.

Компания мүдделер қақтығысының алдын алу және мүдделер қақтығысын тудыратын немесе тудыруы мүмкін жағдайларды анықтау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды. Компанияның Корпоративтік хатшысы және Комплаенс-бақылау қызметінің басшысы акционерлердің құқықтарының бұзылуына немесе мүдделер қақтығысына әкелетін жағдайға байланысты Директорлар кеңесінің мүшелерінен, Басқарма мүшелерінен және Компания қызметкерлерінен ақпарат пен түсініктемелер сұратуға құқылы.

Құрылымдық бөлімше деңгейінде Мүдделер қақтығысының алдын алу мүмкін болмаған жағдайда бөлімше басшысы бір жұмыс күні ішінде Басқарма Төрағасына және Комплаенс-бақылау қызметінің басшысына мүдделер қақтығысы, оның пайда болу себептері және қабылданған немесе қабылдануы мүмкін шаралар туралы ақпаратты береді.

Желілік бөлімшенің басшысы адам ресурстарын басқару департаментінің жауапты қызметкерімен бірлесіп Компания қызметкерлері арасындағы мүдделер қақтығысын реттеу тәртібін айқындайды.

Қажет болған жағдайда Басқарма Төрағасы мүдделер қақтығысын реттеу үшін жұмыс тобын құруға құқылы. Жұмыс тобының құрамына Комплаенс-бақылау қызметінің, HR қызметінің және заң бөлімшелерінің, сондай-ақ мүдделер қақтығысына қатысы бар тұлға жұмыс істейтін бөлімшенің өкілдері және басқа да тұлғалар кіреді. Жұмыс тобының құрамы жұмыс тобы қабылдайтын шешімдерге әсер етуі мүмкін мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігін болдырмайтындай етіп құрылады.

Мүдделер қақтығысын реттеу туралы ереже мүдделер қақтығысын шешудің келесі тәсілдерін қарастырады:

- Компания қызметкерінің мүдделер қақтығысы әсер етуі мүмкін шешімдер қабылдау процесіне қатысудан бас тартуы;
- мүдделер қақтығысына тартылған қызметкердің нақты ақпаратқа қол жеткізуін шектеу;
- қызметкерді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оның келісімімен мүдделер қақтығысын болдырмайтын функцияларды орындауды көздейтін басқа жұмысқа қайта сайлау немесе ауыстыру;
- қызметкердің лауазымдық міндеттері мен функцияларын қайта қарау және өзгерту;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметкердің өкілеттіктерін тоқтату;
- қызметкердің жеке мүддесін жою;
- Компанияның немесе қызметкердің мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу бойынша басқа да шараларды қабылдауы.

Компания мүдделер қақтығыстарын ашық декларациялау және реттеу жүйесін дамытуды жалғастыруда. 2025 жылы мүдделер қақтығысын міндетті декларациялауға 466 қызметкер жатқан, іс жүзінде декларациялар 550 қызметкерден алынды (2024 жылы: 649 қызметкер). Бұл ретте әлеуетті мүдделер қақтығысының 15 жағдайы анықталды (2024 жылы: 37 жағдай). Барлық анықталған жағдайлар қаралып, реттелді.

Декларациялаудың жоғары деңгейін сақтай отырып, анықталған жанжалдар санының азаюы ашықтықтың артуын, тәуекелдердің төмендеуін және әлеуетті жағдайлардың неғұрлым ертерек анықталуы мен алдын алынуын дәлелдейді.

БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР

Есепті жылы Компания 1,63 млрд теңге сомаға байланысты тараптарға тауарлар мен қызметтерді сатты және 5,10 млрд теңге сомаға байланысты тараптардан тауарлар мен қызметтерді сатып алды. Компанияның байланысты тараптармен операциялары кеңес беру қызметтерін, техникалық және операциялық қолдауды, байланыс арналарын жалға беруді, роуминг және трафикті өзара өткізу қызметтерін қамтиды.

«Кселл» АҚ-ның байланысты тараптармен 2025 жылғы мәмілелері, млн теңге

	Тауарлар мен қызметтерді сату	Тауарлар мен қызметтерді сатып алу
«Самұрық-Қазына» тобының ұйымдары	125	221
«Қазақтелеком» тобының ұйымдары	1 391	4 804
Мемлекеттік органдар	114	74
Барлығы	1 630	5 099

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

ІШКІ АУДИТ

Ішкі аудит қызметі (ІАҚ) Компанияда ішкі аудитті ұйымдастыру мен жүзеге асыруды қамтамасыз ететін «Кселл» АҚ органы болып табылады. ІАҚ тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оған Директорлар кеңесінің Ішкі аудит жөніндегі комитеті жетекшілік етеді. ІАҚ қызметі Ішкі аудит қызметі туралы ережеге және Компанияның Директорлар кеңесі бекіткен Жылдық аудит жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

ІАҚ миссиясы – Директорлар кеңесі мен Басқармаға «Кселл» АҚ-ның стратегиялық мақсаттарына жету бойынша өз міндеттерін орындауда қажетті көмек көрсету. Қызмет өз жұмысында Әдеп кодексінде және Ішкі аудиторлар институтының Халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарында айқындалған адалдық, әділдік, құпиялылық және кәсіби құзыреттілік қағидаттарын басшылыққа алады.

ІАҚ негізгі мақсаты – Директорлар кеңесіне Компаниядағы тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жақсартуға бағытталған тәуелсіз және әділ кепілдіктер мен кеңестер беру. ІАҚ міндеттеріне мыналар кіреді:

- Компаниядағы ішкі бақылау жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін бағалау;
- корпоративтік басқару үдерісін жетілдіруді бағалау;
- Компанияның ресурстарын пайдаланудың ұтымдылығы мен тиімділігін және мүліктің сақталуын қамтамасыз ету үшін қолданылатын әдістерді (тәсілдерді) бағалау;
- бухгалтерлікесепжүйесініңшынайылығын,толықтығын, әділдігін және қаржылық есептіліктің сенімділігін бағалау;
- Компанияның ҚР заңнамасының талаптарын сақтауын бағалау және осы талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін құрылған және қолданылатын жүйелер мен рәсімдердің сәйкестігін бағалау;
- алаяқтық жасау тәуекелін және алаяқтық тәуекелін басқару тиімділігін бағалау.

Жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша ІАҚ тиісті ұсынымдарды, оның ішінде қолданыстағы ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерін, процестер мен жұмыс қағидаттарын жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлейді, сондай-ақ ІАҚ құзыретіне кіретін кез келген мәселелер бойынша түсініктемелер береді.

СЫРТҚЫ АУДИТ

ХҚЕС-қа сәйкес жасалған қаржылық есептіліктің сенімділігін тәуелсіз бағалау мақсатында Компания жыл сайын Акционерлердің жалпы жиналысымен бекітілетін сыртқы аудиторды тартады. Аудиторды таңдау рәсімі Аудиторлық ұйымды таңдау қағидаларына сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50 және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-на тиесілі ұйымдар үшін жүзеге асырылады. Аудиторды таңдау кезінде Қоғам келесі негізгі қағидаттарды басшылыққа алады:

- аудиторды таңдау рәсімінің тәуелсіздігі мен ашықтығы;
- мүдделер қақтығысының болмауы;
- ұсынылатын аудиторлық қызметтердің сапасы.

2025 жылғы 27 мамырда өткен Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен 2025–2027 жылдардағы Компанияның қаржылық есептілігіне аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйым ретінде «Эрнст энд Янг» ЖШС анықталды.

Қоғамның еншілес ұйымы – «KazNet Media (КазНет Медиа)» ЖШС-не 2025 жылы аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер көрсетілген жоқ.

2025 жыл ішінде «Кселл» АҚ «Эрнст энд Янг» ЖШС-не аудиторлық қызмет көрсеткені үшін 138 430 613,44 (жүз отыз сегіз миллион төрт жүз отыз мың алты жүз он үш теңге, қырық төрт тиын) мөлшерінде сыйақы төледі (ҚҚС есебімен).

2025 жылы «Эрнст энд Янг» ЖШС Қоғамға аудиторлық емес қызметтер көрсеткен жоқ.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Тәуекелдерді басқару жүйесі 62
2025 жылғы тәуекелдер картасы 62
2025 жылғы негізгі тәуекелдер 63
Ішкі бақылау жүйесі 64
Бизнес үздіксіздігі менеджменті 64

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі (ТБКЖ) «Кселл» АҚ қызметінің біріктірілген құрамдас бөлігі болып табылады, ол барлық маңызды тәуекелдерді сәйкестендіруге, бағалауға және бақылауға, сондай-ақ олардың деңгейін төмендету бойынша шаралар қабылдауға бағытталған.

«Кселл» АҚ-да қазіргі тәуекелдерді басқару үлгісі COSO ERM және ISO 31000 тәуекел-менеджмент жүйесінің халықаралық стандарттарына сәйкес құрастырылған.

Осы бағыттағы жұмыс «Кселл» АҚ Тәуекелдерді басқару саясатына негізделеді, ол тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің мақсаттарын, міндеттері мен пайымын көрсетеді, тәуекелдерді басқару процесінің негізгі қағидаттарын, тәуекелдерді басқару құрылымын, ТБКЖ-нің негізгі компоненттерін айқындайды, сондай-ақ тәуекелдерді басқару процесін жүзеге асыру кезінде жүйелі және дәйекті тәсілді қамтамасыз етеді.

Қоғамның Директорлар кеңесі акционерлер алдында тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша тәуекелдердің құрылымы үшін жалпы жауаптылықта болады. Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі келесі мақсаттарға қол жеткізуге ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге арналған:

- стратегиялық мақсаттар;
- операциялық мақсаттар;
- сенімді есептілікті дайындау саласындағы мақсаттар;
- қолданыстағы заңнама мен ішкі талаптарды саласындағы мақсаттар.

ТБКЖ тиімді жұмыс істеуі үшін Компания өз қызметінің барлық деңгейлерінде бизнестің өмірлік циклін сәйкес келетін келесі өзара байланысты компоненттерді басшылыққа алады:

- басқару және мәдениет;
- стратегия мен мақсаттар қою;
- қызмет тиімділігі;
- өзгерістерді бақылау және енгізу;
- ақпарат, байланыс және есептілік.

ТБКЖ ұйымдық құрылымы көп деңгейлі және тәуекелдерді басқару процесінің келесі қатысушыларын қамтиды:

- Директорлар кеңесі;
- Директорлар кеңесінің Ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитеті;
- Ішкі аудит қызметі;
- Басқарма;
- Тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет;
- Қоғамның тәуекел-бөлімшесі;
- Қоғамның құрылымдық бөлімшелері, қызметкерлері және тәуекелді үйлестірушілер.

2025 ЖЫЛҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕР КАРТАСЫ

Компания жыл сайын тәуекелдерді сәйкестендіруді жүзеге асырады, оның нәтижелері Директорлар кеңесі бекітетін Тәуекелдер тізілімінде және Тәуекелдер картасында көрсетіледі. Тәуекелдер тізілімі ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарға және Даму жоспарының негізгі қызмет көрсеткіштеріне қол жеткізуге әсер етуі мүмкін тәуекелдерді қамтиды.

2025 жылы Компанияның Тәуекелдер тізілімі мен Тәуекелдер картасына сәйкес 34 тәуекел сәйкестендіріліп, бағаланды – сыни «қызыл» аймақта 1 тәуекел; ірі «қызғылт сары» аймақта 6 тәуекел; орташа «сары» аймақта 11 тәуекел және төмен «жасыл» аймақта 16 тәуекел:

«Кселл» АҚ-ның 2025 жылғы тәуекелдер картасы



Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

2025 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР

Тәуекелдерді басқару бөлімшесі негізгі тәуекелдер серпініне тұрақты мониторинг жасайды және тәуекелдерді митигациялауға бағытталған іс-шаралардың орындалуын бақылауды жүргізеді. Мониторинг нәтижелері Компанияның Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару жөніндегі есептілік түрінде тоқсан сайын жіберіледі. Компанияның негізгі тәуекелдері:

Стратегиялық тәуекел – бұл Компанияның бизнес-стратегиясын және дамуын айқындау мен іске асырудағы өзгерістер немесе қателіктер, саяси немесе өңірлік жағдайдағы өзгерістер мен нарықтың немесе тұтынушылардың мінез-құлқының ауытқуы нәтижесінде шығындардың туындау тәуекелі. Тәуекел факторларына басқа ұялы байланыс операторларының әрекеттерінен немесе жаңа заңнамадан туындаған баға бәсекелестігінің күшеюі де жатады. Компания қатысу деңгейі жоғары өңірлерде өзінің көшбасшылығын қорғай отырып және Қазақстан нарығындағы өз үлесін ұлғайту үшін бәсекеге қабілетті тарифтер мен өнімдерді іске қоса отырып, осы тәуекелдерді төмендетуге ұмтылады.

Операциялық тәуекел ұйымның ішкі процестеріндегі, жеткізу тізбегіндегі, персонал қабылдауындағы, мәдениетіндегі және қағидаларындағы жетіспеушіліктер немесе қателіктер салдарынан залал ықтималдығы ретінде айқындалады. Олардың көбісі төмен тәуекел рейтингіне ие және тәуекелдерді басқарудың күнделікті рәсімдерінің аясында оларды азайту шаралары қазірдің өзінде қабылданған. Ерекшелік – бұл Компания жоғары тәуекел санатына жатқызатын ақпараттық жүйелер мен технологиялар. Клиенттердің құпиялылығын қорғау және деректерді басқару Компания ұсынатын қызметтердің өмірлік маңызы бар бөлігі болып табылады. Деректердің жайылып кетуі қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді келешекте бизнеске зиянды әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты Компания желілері кибершабуыл қаупін азайту үшін барлық шаралар мен процестерді қамтамасыз ететін ең жаңа ақпараттық қауіпсіздік жүйелерімен қамтамасыз етілген.

Қаржылық тәуекелдер. Компания ұшырауы мүмкін қаржылық тұрақсыздық әртүрлі көздерден туындайды. Тәуекелдерді басқару жүйесі қаржы нарықтарындағы ауытқулардан, сондай-ақ басқа да макро- және микроэкономикалық факторлардан туындайтын Компания қызметі үшін ықтимал теріс салдарды барынша азайтуға бағытталған.

Валюталық тәуекел. Компанияның валюталық тәуекелінің басым бөлігі теңге бағамының АҚШ доллары мен еуроға қатысты өзгеруіне байланысты, өйткені жабдықтар мен тауарлық-материалдық қорлар негізінен осы валюталарда сатып алынады. Компания валюталық тәуекелді хеджирлеу үшін туынды қаржылық құралдарды пайдаланбайды. Компанияда шетелдік валюталарда есепке алынған активтер мен пассивтерді үйлестіру ережелері — егер бұл практикалық тұрғыдан экономикалық мақсатқа сай болса, «табиғи» хеджирлеу қолданылады.

Өтімділік тәуекелі. Компания өзінің қаржылық міндеттемелері бойынша ағымдағы міндеттемелерді өтеу үшін жеткілікті қаражатқа қол жеткізуді жедел қамтамасыз ете алмағанда өтімділік тәуекелі туындау мүмкін. Ол өтімді активтердің жетіспеушілігінен, активтерді тиімді шарттармен сата алмаудан немесе қосымша қаражатты тез арада тарту мүмкіндігінің болмауынан орын алуы мүмкін.

Өтімділік тәуекелін басқару аясында Компания операциялық өтімділікті ең аз шығындармен және тәуекелдермен осы арқылы қамтамасыз етеді:

- қажетті қаражатқа жылдам қол жеткізудің стратегиялары мен тетіктерін айқындайтын өтімділікті басқару жоспарларын әзірлеу және оларды жүйелі түрде жаңартып тұру.
- белгілі бір көздерге тәуелділікті қысқарту және өтімділік тәуекелін азайту мақсатында қаржыландыру көздерін әртараптандыру.
- айналым қаражаттың айналу циклін қысқарту үшін дебиторлық берешекті және кредиторлық міндеттемелерді белсенді түрде басқару.

Өтімділік тәуекелін дұрыс басқару компанияға ықтимал қаржылық проблемаларды болдырмауға және ауыспалы қаржынарығыныңжағдайындаөзқызметініңтұрақтылығын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Макроэкономикалық тәуекелдер. Неғұрлым арзан қаржыландыру көздерін іздеу мақсатында Компания қаржы нарығының жағдаятына, ҚРҰБ базалық мөлшерлемесінің өзгеруіне, инфляция деңгейіне және т.б. тұрақты мониторинг жүргізеді. Бұдан басқа, Компанияның қаржы блогы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Борышты басқару және қаржылық тұрақтылық саясатына сәйкес Debt/Ebitda, Debt/Equity және Ebitda/Interest сияқты қаржылық тұрақтылық ковенанттары мен коэффициенттерінің орындалуын тұрақты негізде қадағалап отырады.

Құқықтық реттеушілік тәуекелдер Компания жұмыс істейтін реттеушілік ортаның өзгеруіне, заңнаманың және табиғи монополияларды реттеу шарттарының өзгеруіне, сондай-ақ мемлекеттің шектеу шараларын енгізуіне (санкциялар, демпингке қарсы реттеу, салықтық реттеу және т.б.) байланысты. Реттеушілік тәуекелдерді басқару ықтимал теріс салдарды азайту үшін бірқатар қадамдар мен іс-шараларды қамтиды: реттеушілік талаптарды анықтау және талдау, тәуекелдерді азайту бойынша шараларды әзірлеу және енгізу, рәсімдерді жаңарту, заңнамадағы өзгерістерге жедел ден қою. Реттеушілік тәуекелді басқару жағдайды тұрақты бақылауды және талдауды, заңнамадағы және реттеушілік талаптардағы өзгерістерге икемділік пен жедел ден қоюды, сондай-ақ тәуекелдерді тиімді басқаруды және барлық нормативтер мен стандарттарды сақтауды қамтамасыз ету үшін Компанияның барлық деңгейлерімен және акционерлермен белсенді ынтымақтастықты қамтиды.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Компанияда ішкі бақылаудың мақсаттары мен міндеттерін, ішкі бақылау жүйесінің (ІБЖ) құрылымын, сондай-ақ ішкі бақылауды жүзеге асыруға қатысты қағидаттарын айқындайтын «Кселл» АҚ Ішкі бақылау саясаты қолданылады. Осы саясатқа сәйкес «Кселл» АҚ ішкі бақылау жүйесін басқару жөніндегі қағидалар әзірленді, олар ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуінің негізгі мақсаттарын, міндеттері мен жауапкершілік аймақтарын айқындайды. Қағидалар COSO ұсынымдарына және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау саласындағы өзге де үздік халықаралық іс-тәжірибелерге сәйкес әзірленді.

«Кселл» АҚ ішкі бақылау жүйесінің үлгісі өзара байланысты бес компоненттен тұрады: бақылау ортасы, тәуекелдерді бағалау, бақылау рәсімдері, ақпарат, коммуникациялар және мониторинг. ІБЖ үлгісі 1-суретте келтірілген. ІБЖ тиімділігін қамтамасыз ету үшін барлық бес компонент айқындалып, Компания қызметінде өзінің іс жүзінде қолданылуын табуы тиіс.

Компанияның ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуі шеңберінде жауапты құрылымдық бөлімше бизнес-процестер жіктегішін әзірлеуді жүзеге асыруды және, қажет болған кезде, оны өзектендіруді, елеулі бизнес-процестерді айқындауды, бақылау рәсімдерін құжаттандыруды қамтамасыз етеді. Бұдан әрі бизнес-процестердің тәуекелдерін сәйкестендіру, процестік тәуекелдер бойынша бақылау рәсімдерін әзірлеу, олардың дизайны мен операциялық тиімділігінің тестілеу жолымен бағалау, тәуекелдер мен бақылаулар матрицасын әзірлеу жүзеге асырылады. Бақылау рәсімдерінің тиімділігін тестілеуге және ішкі бақылауды жетілдіруге бағытталған жоспарлар жыл сайынғы негізде бекітіледі.

БИЗНЕС ҮЗДІКСІЗДІГІ МЕНЕДЖМЕНТІ

Бизнес үздіксіздігі менеджменті (бұдан әрі – БҮМ) Компанияның қаржылық тұрақтылықты және өз қызметін жүзеге асыру қабілетін қолдауға, Қазақстан Республикасы заңнамасының және Компанияның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес мемлекет, акционерлер, клиенттер, серіктестер, персонал және өзге де мүдделі тараптар алдындағы міндеттемелерді орындауға бағытталған Компанияны басқарудың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.

«Кселл» АҚ Компания көрсететін қызметтердің сапасын қамтамасыз ету үшін БҮМ-нің маңыздылығын түсінеді, қазір бар қатерлер мен тәуекелдер тұрғысында қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ететін тиімді БҮМ үшін қажетті жағдайлар мен ресурстарды жасайды және дамытады.

БҮМ процестерінің тиімділігін арттыру мақсатында Компания қызметтің ықтимал бұзылуының алдын алуға және болдырмауға, Компания қызметіне бұзушылықтардың әсер ету деңгейін төмендетуге, бизнес-операцияларды тезірек қалпына келтіру шарттарын қамтамасыз етуге бағытталған бизнес үздіксіздігі менеджментінің жүйесін (бұдан әрі – БҮМЖ) әзірледі, енгізді және үнемі жақсартып отырады.

TQCSI

Continuity Certified

Certificate of Registration

Kcell JSC
51, Alimzhanov Str., Almaty, Kazakhstan
operates a

Business Continuity Management System
which complies with the requirements of:

ISO 22301:2019

The registration covers the provision of cellular communication services.

Registration No: KZ366-CC
Original Certification: 16 December 2025
Current Certification Approval: 16 December 2025
Expiry Date: 13 January 2028
Certificate Issued: 16 December 2025

Sean Bates
CEO
TQCS International (Group) Pty Ltd
For the TQCSI Certification Approval Panel

This certificate verifies the original certificate issued and is valid as long as it is displayed as an electronic copy at https://tqcsi.com and surveillance audits are satisfactorily completed. TQCS International Pty Ltd (ABN 59 065 953 924) of Quality House, 117A Tapleys Hill Road, Hendon, SA, 5014, Australia issues certification subject to the TQCSI Rules of Certification.

TQCSI
TQCS International Pty Ltd

2025 жылы «Кселл» АҚ Компания БҮМЖ-нің ISO 22301:2019 «Қауіпсіздік және тұрақтылық – Бизнес үздіксіздігі менеджментінің жүйесі – Талаптар» халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігі бойынша сертификаттық аудиттен сәтті өтті. ISO 22301:2019 шеңберінде менеджмент жүйесін сәтті енгізу және одан әрі дамыту мақсатында Компания қызметкерлері тиісті оқытудан өтті.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ

Кадр саясаты және еңбек қатынастарының іс-тәжірибесі 66

Персоналдың құрамы 68

Персоналдың еңбегіне ақы төлеу, оны бағалау және ынталандыру 69

Қызметкерлерді әлеуметтік қорғау 70

Персоналды дамыту 72

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау 73

КАДР САЯСАТЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ІС-ТӘЖІРИБЕСІ

GRI 401-1, GRI 402-1

«Кселл» АҚ кадр саясаты тиімді әрі табысты кәсіпқойлар командасын құруға және дамытуға бағытталған. «Кселл» АҚ ең ірі қазақстандық телекоммуникация компанияларының бірі ғана емес, сонымен қатар жас және тәжірибелі жұмыс іздеушілер үшін тартымды жұмыс беруші болып табылады.

«Кселл» АҚ кадр саясатының қағидаттары

Қағидат	Қағидатты сипаттау
Меритократия қағидаты	Компанияда жұмыс істеу барысында өзін үздік деп танытқан және нәтижелерге жету қабілетін дәлелдеген қызметкерлердің мансаптық өсуі.
Жұмысқа тиімді қабылдау қағидаты	Жұмысқа қабылдау кезінде ең қабілетті үміткерлерді іріктеу кешенді тестілеу, үміткердің тәжірибесін толық зерделеу және кәсіби құзыреттілігін бағалаудың басқа әдістері арқылы жүзеге асырылады.
Human resources саласындағы стратегиялық жоспарлау	Кадр саясаты бизнестің ағымдағы және күтілетін қажеттіліктерін, сондай-ақ еңбек нарығында қалыптасатын жағдаятты ескереді.
Персоналдың кәсіби дамуына назар аудару	Персоналды оқыту «70:20:10» қағидатын ескере отырып жүзеге асырылады: қызметкерлер дамудың 70%-ын жұмыс процесіндегі нақты тәжірибеден, 20%-ын басқа адамдармен қарым-қатынастан және тек 10%-ын білім беру іс-шараларынан алады.
Кадрлар қызметінің және басқа бөлімшелердің бизнес-процестерін біріктіру	HR бөлімшесі нақты уақыт режимінде Компанияның бейінді бөлімшелерінің білікті қызметкерлерді қабылдау және қазір бар қызметкерлердің біліктілік деңгейін арттыру қажеттілігін ескереді.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі

01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

Компания қызметкерлермен қарым-қатынастарын қазақстандық еңбек заңнамасының нормаларына қатаң сәйкестікте құрастырады. Компанияда еңбек құқықтарын іске асыру кезінде шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, жасына немесе дене кемшіліктеріне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына байланысты немесе өзге де мән-жайлар бойынша кемсітуге жол берілмейді. Компания балалар еңбегін және мәжбүрлі еңбекті пайдалануға жол бермейді.

Компания Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген, еңбек қатынастарын реттейтін хабарламалар жіберу мерзімдерін сақтайды:

- Қысқартуға байланысты еңбек шартын бұзу туралы, қызметкер және уәкілетті орган – кемінде бір ай бұрын;
- Еңбек шарты мерзімінің аяқталуы туралы – соңғы жұмыс күні (ауысым) ішінде;
- Қызметкердің сынақ мерзімінен өтпеуі туралы – сынақ мерзімінен өту кезеңінде;
- Еңбек жағдайларының өзгеруі туралы – күнтізбелік 15 күн бұрын;
- Еңбек шартының талаптарын өзгерту туралы – бес жұмыс күні ішінде;
- Жұмыскер зейнеткерлік жасқа жеткен кезде жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу туралы – зейнеткерлік жасқа толғаннан кейін еңбек шартын бұзу күніне дейін кемінде бір ай бұрын.

Human Capital Forum-дағы «HR Team of the Year» номинациясы бойынша Гран-при

2025 жылдың тамызында Human Capital Forum жыл сайынғы HR конкурсында Kcell командасы «HR Team of the year» номинациясына ие болды. Компания конкурсқа оқыту, HR талдама, автоматтандыру және өтемақы мен жеңілдіктер жүйесін дамыту саласында іске асырылған бірқатар HR-жобаларды ұсынды. Жеңіс Kcell-дің телекоммуникациялық нарықты дамытып қана қоймай, сонымен қатар әрбір қызметкердің әл-ауқаты мен өсуі орталықта тұрған адамдарға қамқорлық жасаудың заманауи мәдениетін қалыптастыратынын растайды.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

ПЕРСОНАЛДЫҢ ҚҰРАМЫ

GRI 2-7, GRI 401-1

Қызметкерлердің тізімдік саны,
жылдың соңындағы қызметкерлер



2025 жылдың соңында Компания штатында 2 320 қызметкер, оның ішінде 2 170 тұрақты және 150 уақытша жұмыскер болды. Компаниядағы жұмыспен қамту деңгейі тұрақты болып қалады және бизнестің стратегиялық қажеттіліктеріне сәйкес келеді.

Персоналдың басым бөлігін тұрақты қызметкерлер құрайды, бұл адам капиталын дамытуға ұзақ мерзімді бағдарлануды көрсетеді.

Уақытша жұмыскерлер көбінесе әлеуметтік демалыстағы (декреттік демалыс, бала күтімі және т.б.) қызметкерлерді ауыстыру үшін пайдаланылады, бұл персонал санын шамадан тыс өсірмей, операциялық қызметтің тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік береді.

Кадрлардың тұрақтамауы

2025 жылдың ішінде 907 қызметкермен еңбек шарты бұзылды; 846 қызметкер жұмысқа қайта алынды. Кадрлар тұрақтамауының коэффициенті 39% құрады.

Жынысы бойынша персоналдың құрылымы



Компания персонал құрамын қалыптастырған кезде гендерлік теңдік пен инклюзивтілік қағидаттарына тұрақты түрде берілгендігін көрсетеді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша штаттағы әйелдердің үлесі 50% (1 160 қызметкер), ерлердің үлесі – 50% (1 600 қызметкер) құрады.

Гендерлік тепе-теңдікті сақтау қолайлы және әділ жұмыс ортасын құруға көмектеседі, корпоративтік мәдениетті нығайтады және командалық жұмыстың тиімділігін арттырады.

Жас шамасы бойынша персоналдың құрылымы



2025 жылдың соңындағы жағдай бойынша Компанияда 30 жастан кіші 774 қызметкер, 30 және 50 жас аралығындағы 1 381 қызметкер және 50 жастан үлкен 165 қызметкер жұмыс істеді.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

ПЕРСОНАЛДЫҢ ЕҢБЕГІНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ, ОНЫ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ЫНТАЛАНДЫРУ

GRI 202-1, GRI 401-1, GRI 405-2

Компанияның жылдық еңбекақы қоры (оның ішінде сыйлықақылар мен бонустар) 2025 жылы 22,7 млрд теңгені құрады (2023 жылы – 19,7 млрд, 2024 жылы – 19,7 млрд).

Ерлердің орташа айлық еңбекақысы 2025 жылы 967,3 мың теңгені, әйелдердікі – 672,6 мың теңгені құрады. Ерлердің еңбекақысының жоғары болуы олардың әдетте көп еңбекті көп қажет ететін және күрделі, соның ішінде техникалық жұмыс түрлерін орындауына байланысты.

Ерлердің және әйелдердің орташа айлық еңбекақысы, мың теңге/ай.

	2023	2024	2025
Әйелдердің орташа айлық еңбекақысы	658,1	671,3	**672,6**
Ерлердің орташа айлық еңбекақысы	868,9	870,2	**967,3**

Компания жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру жүйесі келесі қағидаттарға негізделеді:

- Ішкі әділеттілік (еңбекақы лауазымның дәрежесіне байланысты белгіленеді) және сыртқы бәсекеге қабілеттілік (еңбек ақысын төлеу деңгейі референттік еңбекақы нарығына қатысты бәсекеге қабілетті болуы тиіс);
- Ашықтық;
- Сыйақының жалпы Компанияның және жекелеген жұмыскерлердің мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуіне, сондай-ақ Компанияның қаржылық-экономикалық мүмкіндіктеріне тәуелділігі;
- Сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде инклюзивтілікті қамтамасыз ету, жыныс, нәсіл, ұлт, дін, жас, саяси немесе басқа белгілер бойынша кемсітуге жол берілмейді.

Компанияда сыйлықақы берудің келесі түрлері бар:

- Жылдық сыйлықақы беру;
- Функционалдық ынталандырушы бонус;
- Жобалық сыйлықақы беру;
- Біржолғы сыйлықақы беру;
- «Түсім» және EBITDA Margin жоспарлық көрсеткіштерін асыра орындағаны үшін жұмыскерлерге қосымша сыйлықақы беру».

Жұмыскерлерге сыйлықақы/сыйақы берудің негізгі көрсеткіштері:

- Компанияның корпоративтік қаржылық мақсаттарын орындау;
- жұмыскердің алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерді орындау;
- жұмыскерлердің еңбек тәртібін сақтауы.

Жылдық сыйлықақы беру, функционалдық ынталандырушы бонус, жобалық сыйлықақы беру, «Түсім» және EBITDA Margin жоспарлық көрсеткіштерін асыра орындағаны үшін жұмыскерлерге қосымша сыйлықақы беру Компанияның жекелеген ішкі құжаттарымен реттеледі. Біржолғы сыйлықақы беру Компания Басқармасымен келісу бойынша жүргізіледі.

2025 жылғы персоналдың қатыстырылуы мен қанағаттануын зерттеу нәтижелері бойынша қызметкерлердің адалдық индексін (eNPS) арттыру және еңбек жағдайларын жақсарту үшін Компанияда мынадай іс-шараларды қамтитын іс-қимыл жоспары жұмыс істеуді жалғастыруда:

- Түрлі корпоративтік іс-шараларды ұйымдастыру (тимбилдингтер, конкурстар, квиздер);
- Samsung-пен серіктестікте қызметкерлердің техника сатып алу жобасы;
- Қызметкерлер үшін корпоративтік және серіктестік жеңілдіктер;
- Бенефиттер кафетерийі;
- Қызметтерді қоса атқарғаны үшін ынталандыру бағдарламасын жетілдіру;
- Корпоративтік университет бағдарламалары арқылы оқыту және дамыту мүмкіндіктерін кеңейту;
- Гибридтік қашықтықтан жұмыс істеу мүмкіндіктерін жетілдіру;
- Жаңа қызметкерлердің бейімделуін жеделдету үшін Kcell Buddy бағдарламасын жасау және енгізу.

2025 жылы Компанияда жаңа қызметкерлерді бейімдеу бойынша Kcell Buddy пилоттық жобасы іске қосылды, оның шеңберінде компания қызметкерлері жаңадан келгендерді бейімдеуде көмекші ретінде әрекет етеді. Пилоттық жобаның нәтижелері бойынша бұл бағдарлама кеңейтілетін болады және жаңа қызметкерлердің жылдам бейімделуіне, компания қызметкерлерінің құштарлығын арттыруға және корпоративтік мәдениетті дамытуға көмектеседі.

2025 жылдың соңында дәстүрлі түрде кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін үздік қызметкерлер мен командалар марапатталды. Қызметкерлердің кәсіби еңбегінен басқа, еңбегін мойындау бағдарламасы аясында ESG көшбасшысы номинациясына конкурс өткізіледі. Бұл іс-тәжірибе қызметкерлердің уәждемесін арттыруға, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар ESG жобаларын дамытуға және ESG белсенділіктеріне белсенді қатысатын қызметкерлерді көтермелеуге әсер етеді.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

GRI 401-2, GRI 401-3

Компания өз қызметкерлеріне тұрақты негізде көрсетілетін көмек түрлері мен жеңілдіктерді, қолайсыз жағдайлар туындаған кезде материалдық көмекті қамтитын ауқымды әлеуметтік пакетпен қамтамасыз етеді. Көрсетілетін көмектің негізгі түрлері:

- жұмыскердің немесе оның жақын туысының қайтыс болуына байланысты біржолғы материалдық көмек;
- мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған жұмыскерлерге жыл сайынғы материалдық көмек;
- мүгедектігі бар жұмыскерлерге жыл сайынғы материалдық көмек;
- Компанияның қайтыс болған жұмыскерлерінің кәмелетке толмаған балаларына материалдық көмек;
- Жұмыскерді ынталандыру үшін Жұмыс беруші жыл сайын негізгі ақылы еңбек демалысын пайдалануға ұсынатын көтермелеу сипатындағы қосымша күнтізбелік демалыс күндері, оларды Жұмыс беруші Жұмыскердің орташа күндік жалақысы мөлшерінде Еңбек демалысына ақы төлеуге ұқсас төлейді;
- Компанияда 3 жылдан астам жұмыс істеген әйел жұмыскерлерге жүктілігі және босануы бойынша демалысқа шығуына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды шегере отырып, материалдық көмек төлеу қарастырылған.

«Кселл» АҚ қызметкерлерінің әлеуметтік пакетінің құрамы

Көмек түрі	Көмек көрсетілетін жағдайлар	Алу шарттары
Материалдық көмек	Қайтыс болған жұмыскерлердің кәмелетке толмаған балаларына	Сынақ мерзімінен өткеннен кейін
	Жақын туыстары қайтыс болған жағдайда	
	Жұмыскер қайтыс болған жағдайда	
	Мүгедек жұмыскерлерге	
	Мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған қызметкерлерге	
Қосымша күнтізбелік демалыс күндері	4 күнтізбелік күн	
Еңбекке жарамсыздық парағы	Жылына 10 жұмыс күні жалақының 80% мөлшерінде төленеді	
Тасымалдау	Сағат 23:00-ден 6:00-ге дейін ауысыммен жұмыс істейтін жұмыскерлерді тасымалдау	
	Қала сыртында жұмыс істейтін жұмыскерлерді тасымалдау	
Ұялы байланыс	Тағылымдамадан өтушіден Сарапшы/Супервайзерге дейінгі лауазымдардағы корпоративтік тарифтік жоспар. Бастықтан және одан жоғары лауазымдар деңгейіндегі орындарда ұялы байланыс шығыстарын өтеу көзделмеген.	
Бензин	Жеке көлігін жұмыс мақсатында пайдаланатын және жұмысы жүріп-тұру сипаттағы жұмыскерлерге арналған бензин картасы	
Такси	Жеке көлігі жоқ және жұмысы жүріп-тұру сипаттағы жұмыскерлерге арналған таксиге қосымша ақы	
Бенефиттер кафетерийі	Келесі бағыттар бойынша шығыстарды өтеу: - медицина; - оқу; - фитнес; - саяхат. Лимиттер санаттары: Персонал – жылына 180 000 теңгеден артық емес Сарапшы – жылына 240 000 теңгеден артық емес	Сынақ мерзімінен өткеннен кейін
Қызметкерлерге жеке автокөлік сатып алу және пайдалану шығыстарына төленетін өтемақылар	Бөлшек сауда және Жаяу сату тобының супервайзерлеріне. Өтемақының ең жоғары сомасы – 9 600 000 теңге Өтемақы кезеңі – 48 ай	Сынақ мерзімінен өткеннен кейін

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

2025 жылы материалдық көмек төлемдерінің жиынтық мөлшері 152 777 149 теңгені құрады, материалдық көмекті Компанияның 137 қызметкері алды.

Материалдық көмек	Сомасы, мың теңге	Көмек алғандардың саны
Жақын туысының қайтыс болуына байланысты материалдық көмек	16 650	37
Жұмыскердің қайтыс болуына байланысты материалдық көмек	3 217	1
Мүгедектігі бар жұмыскерлерге материалдық көмек	27 000	20
Мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған жұмыскерлерге материалдық көмек	58 050	43
Медициналық мекемеде емделуге және/немесе ота жасауға материалдық көмек	38 310	20
Қайтыс болған жұмыскерлердің балаларына материалдық көмек	9 550	16
Барлығы	**152 777**	**137**

Компанияда мүмкіндігі шектеулі 20 қызметкер және мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған 43 қызметкер жұмыс істейді. Жыл сайын аталған санаттардағы әрбір қызметкерге материалдық көмек көрсетіледі, оның мөлшері 2025 жылы 85 050 000 теңгені құрады (салық және басқа да міндетті төлемдерді қоскқанда).

Ана мен баланы қорғау мақсатында Компания ҚР міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес, Компанияда 3 жылдан астам жұмыс істеген жұмыскерлерге декреттік төлемдер бойынша айырмасын төлейді (жүктілігіне және босануына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына байланысты табысынан айырылған жағдайда, әлеуметтік төлемнің сомасын шегеріп, орташа еңбекақысын сақтау).

Жүктілігіне және босануына байланысты төлемдердің жиынтық сомасы 2025 жылы 8 млн теңгені құрады (2024 жылы – 11,3 млн, 2023 жылы – 15,8 млн).

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

ПЕРСОНАЛДЫ ДАМЫТУ

GRI 404-1, GRI 404-2

Қызметкерлердің біліктілігін үнемі арттыру және олардың кәсіби өсуі – бизнесті дамытудың маңызды шарттары. Компания қызметкерлерді ішкі және сырттай оқытуды ұйымдастырады.

2025 жылы қызметкерлерді сырттай оқытуға жұмсалған жиынтық шығындар 62,163 млн теңгені құрады. Оқыту мен дамыту міндеттері сондай-ақ Корпоративтік университеттің ішкі оқытуымен (тренингтер, вебинарлар және т.б.), оның ішінде әртүрлі кәсіптік бағыттар бойынша ішкі сарапшыларды тарта отырып және қашықтықтан оқытумен (онлайн курстар) қамтылды. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, терроризмге қарсы қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және т.б. мәселелері бойынша міндетті оқыту толық көлемде іске асырылды. 2025 жылы оқытудың жалпы адам/сағат саны 22 317 құрады, 1 қызметкерге шаққандағы оқытудың орташа сағат саны 9,6 сағатты құрады.

Компанияда ішкі оқыту Kcell Корпоративтік университетінің базасында жүргізіледі. 2025 жылы жалпы алғанда 97 ішкі тренинг, оның ішінде вебинарлар өткізілді, оларға 1458 қызметкер қатысты. Ішкі оқыту 28 бірегей тақырыпта өткізілді.

2024 жылы жаңа қызметкерлерді бейімдеу үшін негізгі маңызды тақырыптарды қамтитын онлайн-онбординг бағдарламасы әзірленіп, енгізілді. Бұл бастама компаниядағы алғашқы жұмыс күндерінде компания туралы ең маңызды ақпарат бере отырып, компанияға «жаңадан келгендерді» енгізу процесін жеңілдетті.

2025 жылы Kcell жаңа басшыларыны бейімдеу және басқарушы қызметкерлерінің әлеуетін дамыту үшін PRO менеджер басшыларына арналған ішкі корпоративтік бағдарлама жұмыс істеді. Бағдарлама басқарушылық біліктіліктерді дамытады, компанияның негізгі бизнес-процестері туралы білімді арттырады, жеке тиімділікті көтеруге және жаңа басшыларды сәтті бейімдеуге ықпал етеді. 2025 жылы бағдарлама бойынша 36 компания басшысы оқудан өтті. Бағдарлама тұрақты негізде жұмыс істейді. Басшыларды оқытудан басқа, бұл бағдарлама компания үшін тағы бір міндетті шешеді: бағдарлама шеңберінде ішкі жаттықтырушылар мен спикерлер ретінде қатысатын компания сарапшыларын тарту және жаттықтырушылық біліктіліктерін дамыту.

Жалпы, компанияда қызметкерлер қатарынан ішкі тренинг-серіктестерді даярлау бағыты дамуда, бұл қатысты-руды арттыру және корпоративтік мәдениетті дамыту факторы болып табылады.

Корпоративтік университетте өткізілетін ішкі оқыту тақырыбы

№	Оқыту іс-шарасының атауы
1	Welcome to Kcell
2	Welcome training
3	Іс қағаздарын жүргізу және компанияның ішкі сервисі
4	Клиентке бағдарлану және Компанияның көрсеткіштері
5	«Кселл» АҚ Әдеп және мінез-құлық кодексі
6	Өзіне, компанияға және клиентке нұқсан келтірме
7	Ұялы байланыс негіздері
8	Жауапты бизнес. Компанияның әдептік нормалары
9	Негізгі сату дағдылары: 5П
10	Адал қызмет көрсету
11	«360» тәлімгер
12	Роутерді сату негіздері
13	Қысымсыз сату: сыпайы ықпал ету техникасы
14	Kcell-дегі қызмет көрсету стандарттары
15	Телефон коммуникацияларындағы қызмет көрсету стандарттары
16	Телефонмен сөйлесу: сенімді болу, мағынасы, нәтижесі
17	Клиенттермен қарым-қатынас жасаудағы эмоциялық интеллект
18	PRO менеджер
19	PRO Regional МЕНЕДЖЕР
20	AQ – Команданы басқарудағы бейімделген интеллект
21	Тайм-менеджмент
22	Күйзелісті басқару
23	Buddy
24	Ішкі жаттықтырушыларға арналған шеберлік сыныбы
25	SMART әдістемесі
26	Python оқыту
27	Бухгалтерлік есеп негіздері: қаржыгер еместерге арналған курс

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

GRI 403-1, GRI 403-2, GRI 403-3, GRI 403-4, GRI 403-5, GRI 403-6, GRI 403-7, GRI 403-8, GRI 403-9, GRI 403-10

«Кселл» АҚ қауіпсіз жұмыс ортасын және өндірістік үдерістердің сенімділігін қалыптастыруға жүйелі тәсілді қамтамасыз ете отырып, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы тұрақты даму стратегиясын дәйекті түрде іске асырады. Өндірістік жарақаттанудың алдын алу, кәсіби тәуекелдерді төмендету және барлық деңгейдегі қызметкерлердің қауіпсіз қызметін қамтамасыз ету негізгі басымдықтар болып қала береді.

TQCSI
Safety Certified
Certificate of Registration
Kcell JSC
51, Almathanov str., Almaty, Kazakhstan
operates a
Safety Management System
which complies with the requirements of:
ISO 45001:2018
The registration covers the provision of cellular communication services.
Registration No: 42366-SC
Original Certification: 14 January 2025
Current Certification Approval: 14 January 2025
Expiry Date: 13 January 2028
Certificate Issued: 14 January 2025
Sean Bates
Accreditation Manager
TQCSI International (Group) Pty Ltd
For the TQCSI Certification Approval Panel
This certificate verifies the original certificate issued and is valid as long as it is displayed as an electronic copy at www.tqcsi.com and surveillance audits are satisfactorily completed. TQCSI International Pty Ltd (ABN 59 085 953 924) of Quality House, 1/18 Tapleys Hill Road, Hendon, SA, 5014, Australia issues certification subject to the TQCSI Rules of Certification.
TQCSI International Pty Ltd
www.tqcsi.com.au
IAF
www.iaf.nu
JAS-ANZ
register.jasanz.org

Компанияда тұрақты негізде **ISO 45001:2018 (Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі менеджмент жүйесі)** халықаралық стандарты қолданылады, бұл басқару жүйесінің жетілгендігін және оның халықаралық талаптарға және үздік тәжірибелерге сәйкестігін растайды. Менеджмент жүйесін қолдау және дамыту мамандардың біліктілігін ұдайы арттыру есебінен, оның ішінде тәуекелге бағдарланған ішкі аудит бөлігінде қамтамасыз етіледі.

Тәуекелдерді тиімді басқарудың негізгі элементі ретінде тұрақты қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға ерекше назар аударылады. Компанияда қызметкерлердің саналылығын арттыруға, белсенді мінез-құлықты дамытуға және қауіпсіздік үшін жеке жауапкершілікті нығайтуға бағытталған іс-шаралар кешені іске асырылуда. Осы бағыттағы жүйелі жұмыс іс-тәжірибелік кейстерді, тексеру нәтижелерін талдай отырып және басқару шешімдерін әзірлей отырып, еңбекті қорғау мәселелері бойынша кеңестерді тұрақты өткізуді қамтиды. Білімді өзектендіруді және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететін оқыту бағдарламалары мен тренингтер қосымша іске асырылады. Қызметкерлер жаңартылған нұсқаулықтар, жадынамалар және ішкі нормативтік құжаттар арқылы әдістемелік қолдаумен қамтамасыз етілген.

Қауіпсіздік мәдениетін дамытуда басқарушылық топ маңызды рөл атқарады. Басшылардың құштарлығы және олардың жеке үлгі қалыптастыруы ұжымдарда мінез-құлықтың қауіпсіз үлгілерін бекітуде айқындаушы факторлар болып табылады.

Есепті кезеңде Компания өндірістік тәуекелдерді басқарудың проактивті тәсілін дамытуды жалғастырды. Іске асырылатын құралдар оқиғалардың алдын алуға бағытталған және қызметкерлерді әлеуетті қатерлерді анықтау және жою процестеріне белсенді қатыстыруға негізделген. Осы жүйенің орталық элементі – қауіпті факторларды, қауіпті іс-әрекеттер мен жағдайларды тіркеу, сондай-ақ жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізу мүмкіндігін қамтамасыз ететін «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау картасы» бағдарламасы. Карталардың электрондық нысанын жүргізу бірыңғай цифрлық базаны құруға, құралдың қолжетімділігін арттыруға және негізгі параметрлер (бұзушылықтар түрлері, тәуекел аймақтары, бөлімшелер) бойынша деректерді талдамалық өңдеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қызметкерлерді қауіпсіздікті қамтамасыз ету процестеріне қатыстыруды арттыруға бағытталған персоналды ынталандыру тетіктері қосымша енгізілді.

Ақпараттық сүйемелдеу жүйесі қызметкерлердің ұсыныстарын енгізуді қоса алғанда, ішкі коммуникациялық арналарды, көрнекі материалдарды және персоналмен кері байланысты пайдалану есебінен қауіпсіздік мәдениетін үздіксіз қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Құзыреттіліктің қажетті деңгейін қолдау үшін корпоративтік цифрлық платформаларды пайдалана отырып, күндізгі және электрондық нысандарды қамтитын оқыту мен нұсқамалардың кешенді жүйесі жұмыс істейді.

Осы іс-шараларды іске асыру қызметкерлердің кәсіби даярлық деңгейін арттыруға және өндірістік тәуекелдерді қосымша төмендетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Персоналдың құзыреттілігін дамыту шеңберінде 2025 жылы 700-ден астам қызметкер түрлі бағыттар бойынша оқытылды:

- еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша;
- электр қауіпсіздігі бойынша;
- өнеркәсіптік альпинизм бойынша;
- өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша;
- алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша;
- өрт-техникалық минимум бойынша;
- жол қозғалысы ережелерін сақтау бойынша.

Компания сатып алу көлемін ұлғайтып, персоналды сапалы жеке қорғану құралдарымен уақтылы және толық жарақтандыруды қамтамасыз ете отырып, жұмыскерлерді ЖҚҚ-мен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастырды.

Апаттық және төтенше жағдайларға әрекет етуге әзірлікті арттыру мақсатында тұрақты негізде үйрену мен жаттығулар өткізіледі. Азаматтық қорғау құралымдары қалыптастырылды және дайындалды, бөлімшелердің ТЖ кезінде іс-қимылдарға әзірлігі қамтамасыз етілді.

Компания объектілерінің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге елеулі көңіл бөлінеді. Іске асырылған техникалық шешімдер кешеніне кіретіндер:

- 90 үй-жайдағы газбен өрт сөндірудің автоматты жүйелері;
- 3 объектідегі сумен өрт сөндіру, түтін шығару және ауаны ұстап тұру жүйелері;
- 38 объектідегі автоматты өрт дабылы;
- 72 базалық станцияны газбен өрт сөндіру жүйелерімен жарақтандыру;
- 66 дизель-генераторлық қондырғыларды автоматты өрт дабылымен жарақтандыру;
- барлық объектілерді алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету.

Осылайша, «Кселл» АҚ-да құрылған, проактивті тәсілге және үздіксіз жетілдіру қағидаттарына негізделген еңбекті қорғау жүйесі қауіпсіздік мәдениетінің тұрақты дамуын қамтамасыз етеді, тәуекелдерді басқарудың жетілгендігін арттырады және қалыптасуының бастапқы сатыларында тиімді түрде оқиғалардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
09. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және әлеуметтік жауапкершілік
10. Қосымшалар

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат	75
Суды тұтыну	75
Ресурстарды тұтыну	76
Парниктік газдар мен ластаушы заттардың атмосфераға шығарындылары	76
Қалдықтарды басқару	77

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

GRI 2-23, GRI 2-24, GRI 2-27, GRI 307-1

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) индустриясының бір бөлігі ретінде Компания тұтынушыларға қоршаған ортаға теріс әсерін барынша азайтуға, олардың қызметінің тиімділігін арттыруға және шығындарды төмендетуге мүмкіндік беретін қызметтерді көрсету арқылы тұрақты қоғамның дамуына үлес қосады. Біз қоршаған ортаға әсер ету көрсеткіштерін жақсартуға ұмтылып, ресурстарды тиімді пайдалануды және шығындарды азайтуды қамтамасыз етіп, клиенттеріміз бен қоғам үшін құндылық жасаймыз. Біздің қызметіміздің негізгі экологиялық аспектілері: энергияны пайдалану, атмосфераға парниктік газдардың шығарындыларын және қалдықтарды азайтуға ұмтылу.

Қоршаған ортаны қорғау саласында Компания келесі қағидаттарды басшылыққа алады:

- Біз қоршаған ортаға әсер етуді басқару және ресурстарды тиімді пайдалану мәселелеріне, соның ішінде тәуекелдерді бағалауға дәйекті және құрылымдалған тәсілді қолданамыз.
- Біз барлық бөлімшелерімізде және өндірістік-өткізу тізбегінің барлық кезеңдерінде қоршаған ортаға әсерімізді басқару мәселелеріне сақтықпен қарауға ұмтыламыз.
- Біз барлық бөлімшелерімізде және өндірістік-өткізу тізбегінің барлық кезеңдерінде экологиялық таза технологиялар мен қызметтерді дамытуға, пайдалануға және жылжытуға ұмтыламыз.
- Біз өз қызметіміздің экологиялық көрсеткіштерін үнемі өлшеп, бақылап отырамыз және тиісті ақпаратты ашық, сенімді және уақтылы түрде береміз.

Компания Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасында көзделген талаптарды орындайды және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға, энергия тұтынуға, қалдықтармен жұмыс істеуге және экологиялық көрсеткіштер мониторингіне ішкі тәсілдерді дамытуды жалғастыруда. Есепті кезеңде Компания «Таза Қазақстан» шеңберіндегі іс-шараларды, қалдықтарды бөлек жинауды, ESG-оқытуды және «Жасыл кеңсе» іс-тәжірибесін қоса алғанда, экологиялық бастамаларды іске асыруды жалғастырды. Компанияда ISO 14001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес экологиялық менеджмент жүйесі енгізілді.

СУДЫ ТҰТЫНУ

GRI 303-1, GRI 303-5

Компанияның қызметі су алуға елеулі әсер етпейді, өйткені су көбінесе санитарлық-тұрмыстық және шаруашылық мұқтаждар үшін пайдаланылады. 2025 жылы алынған судың жалпы көлемі 46,05 мың м³ (2024 жылы – 44,05 м³) құрады. Орталық кәрізге су төгудің жалпы көлемі 46,05 мың м³ (2024 жылы – 44,05 мың м³) құрады. Телекоммуникациялық қызметтерді ұсыну бойынша өндірістік үдерісте суды қайта пайдалану қолданылмайды.

Тұтынылатын суды есепке алу аспаптары техникалық жарамды күйде ұсталады.

Компанияның бейіні
Негізгі көрсеткіштер
Есепті жылдың негізгі оқиғалары
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
Басқарма Төрағасының үндеуі
01. Компания туралы
02. Корпоративтік стратегия
03. Қызмет нәтижелері туралы менеджменттің есебі
04. Тұрақты дамуды басқару
05. Корпоративтік басқару
06. Тәуекелдерді басқару
07. Персоналды басқару
08. Экологиялық жауапкершілік
